«Әскери топография негіздері» бөлімі мыналарды қамтиды: Картасыз жергілікті жерде бағдарлану тәсілдері.

Спорттық және әскери бағдарлау

«Жалпы дене шынықтыру дайындығы» бөлімі мыналарды қамтиды: Еркін жаттығулар кешенін орындау. Турник пен қоссырықтағы жаттығулар. Әртүрлі қашықтыққа жүгіру.

Кедергілер жолағынан өту.

Өзіне-өзі қорғау негіздері (қоян-қолтық ұрыс, жауынгерлік самбо тәсілдері).

«Кешенді қорытынды сынақ» бөлімі мыналарды қамтиды: Атыс даярлығы; Тактикалық даярлық; Саптық даярлық; Дене шынықтыру даярлығы; Әскери-медициналық даярлық.

Далалық (лагерьлік) оқу-жаттығу сабақтарында оқу материалдарын тақырыптар бойынша жоспарлау үлгісі (қыздарға арналған). 10 сынып

1. Алғашқы көмек туралы түсінік. «Алтын сағат» қағидаты. Алғашқы көмектің құқықтық негіздері мен алгоритмі. Зардап шегушіні бастапқы тексеру. Тұрақты қалпына келтіру (қырынан жатқызу) қалпы (теориялық бөлім).
2. Практикалық дағдыларды пысықтау: зардап шегушіні тұрақты қалпына келтіру (қырынан жатқызу) қалпына келтіру алгоритмі.
3. Базалық реанимацияның негізгі кезеңдері. Сафардың үштік әдісі (теориялық бөлім).
4. Практикалық дағдыларды пысықтау. Жүрек-өкпе реанимациясы (ЖӨР). Жүрекке жанама массаж жасау (кеуде қуысына компрессия жасау) және өкпені жасанды желдету әдістемесі.
5. Қан кетудің түрлері және олардың сипаттамасы. Бас, мойын, іш, кеуде қуысы және аяқ-қолдан қан кеткен кезде қан тоқтату тәсілдері (басып таңғыш салу, саусақпен басу, жгут/турникет немесе бұрау жгутын салу, аяқ-қолды барынша бүгу әдісі) (теориялық бөлім).
6. Практикалық дағдыларды пысықтау. Артериялық қан кету кезінде сан мен иыққа жгут/турникет (бұрау жгутын) салу алгоритмі (техникасы).
7. Тірек-қимыл аппаратының жарақаттары: негізгі түрлері, клиникалық белгілері және соғылу, созылу, байламдар мен бұлшықеттердің үзілуі, сынықтар мен буын шығу кезінде алғашқы көмек көрсету (теориялық бөлім).
8. Жара туралы түсінік, жаралардың жіктелуі және олардың асқынулары (теориялық бөлім).
9. Практикалық дағдыларды пысықтау. Жарақаттар кезінде алғашқы көмек көрсету алгоритмі.
10. Практикалық дағдыларды пысықтау. Сынық, соғылу, созылу, буын шығу кезінде жоғарғы және төменгі аяқ-қолдарды шина және қолда бар құралдар арқылы иммобилизациялау ережелері. Иық сүйегі зақымданған кезде иммобилизациялау. Білек сүйектері зақымданған кезде иммобилизациялау. Сан сүйегі зақымданған кезде иммобилизациялау. Сирақ сүйектері зақымданған кезде иммобилизациялау.
11. Практикалық дағдыларды пысықтау. Зардап шегушіні тасымалдау. Жарақаттардың, зақымданулардың және патологиялық жағдайлардың сипатына байланысты тасымалдау кезіндегі зардап шегушінің оңтайлы қалпы.
12. Суға кету. Суға кеткен жағдайда әрекет ету тәртібі (теориялық бөлім).
13. Үсік шалу кезіндегі алғашқы көмек: анықтау және әрекет ету алгоритмі (теориялық бөлім).
14. Ыстық өту және күн өту кезіндегі алғашқы көмек: анықтау және әрекет ету алгоритмі (теориялық бөлім).
15. Күйік кезіндегі алғашқы көмек: анықтау, түрлері және әрекет ету алгоритмі (теориялық бөлім).
16. Естен тану. Клиникалық белгілері және алғашқы көмек көрсету (теориялық бөлім).

17. Құрысу. Клиникалық белгілері және алғашқы көмек көрсету (теориялық бөлім).

18. Тыныс алу жолдарының бітелуі. Себептері, түрлері, клиникалық белгілері және алғашқы көмек көрсету (теориялық бөлім).

19. Практикалық дағдыларды пысықтау. Тыныс алу жолдарының ішінара және толық бітелуі кезінде алғашқы көмек көрсету алгоритмі. Геймлих әдісі. Өзіне-өзі көмек көрсету. Жүкті әйелдер мен семіз адамдарға көмек көрсету ерекшеліктері.

20. Практикалық дағдыларды пысықтау: Улану. Уытты заттардың ағзаға түсу жолдары. Клиникалық белгілері және түсу жолына байланысты алғашқы көмек көрсету алгоритмі.

21. Практикалық дағдыларды пысықтау: Жануарлар мен жәндіктердің шағуы. Жануарлар, жыландар және жәндіктер (кене, ара, сона) шаққан кездегі клиникалық белгілер және әрекет ету алгоритмі.

22. Бақылау-тексеру сабақтары. Жүрекке жанама массаж жасау (кеуде қуысына компрессия жасау) және өкпені жасанды желдету әдістемесі.

23. Бақылау-тексеру сабақтары. Артериялық қан кету кезінде сан мен иыққа жгут/турникет (бұрау жгутын) салу.

24. Бақылау-тексеру сабақтары. Жоғарғы аяқ-қол (иық және білек) және төменгі аяқ-қол (сан және сирақ) сүйектері сынған кезде қолда бар құралдардан шиналар салу.

«Бастапқы әскери даярлық» оқу пәнінің мазмұны. 11-сынып

«Әскери қызметке даярлық» бөлімі мыналарды қамтиды:

1) *Әскери қызметке даярлық процесінде жеке тұлғалық даму түсінігі және оның негізгі сипаттамалары.* Құндылық бағдарлары, жауапкершілік, өзін-өзі бақылау, саналылық, әлеуметтік рөлдерді қабылдау. Әскери қызметке даярлық тұлға дамуының маңызды кезеңі ретінде. Жасөспірімдер ұстанымынан ересектерге ауысу. Әскери қызметтің талаптарына психологиялық бейімделу.

2) *Әскери қызметке даярлау үдерісіндегі физикалық тұрақтылық.* Адамның физикалық тұрақтылығын жүктеме кезінде жұмыс қабілеттілігін, бақылауды және үйлестіруді сақтау қабілеті ретінде түсіну. Мәні, негізгі сипаттамалары және көрсеткіштері. Физикалық тұрақтылық деңгейіне әсер ететін факторлар. Дене дайындығы, жүктеме режимі және қалпына келтіру, өмір салты. Жұмыс қабілеттілігі мен денсаулығын сақтау үшін физикалық тұрақтылықтың мәні, физикалық тұрақтылықтың психологиялық және моральдық-ерік тұрақтылығы;

3) *Әскери қызмет – ел мен халық мүддесіндегі қызмет.* Азаматтық жауапкершілік ұғымы және оның қоғам мен мемлекет өміріндегі рөлі. Азаматтық жауапкершілік әскери қызметтің уәждемелік негізі ретінде. Отбасының, білім берудің және қоғамның әскери қызметке саналы көзқарасты қалыптастырудағы рөлі.

«Әскери қызмет негіздері» бөлімі мыналарды қамтиды:

1) *Әскери қызметтің құқықтық негіздері мен түрлері.* Әскерге шақыру бойынша және келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру. Резервтегі қызмет (запастағы);

2) *Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы;*

Тәртіптің рөлі әскерлердің жауынгерлік қабілеттілігі мен ұйымдастырылуының негізі ретінде. Әскери қызметшінің белгіленген мінез-құлық нормаларын сақтау және бұйрықтарды орындау талаптары, қағидаттары және жауапкершілігі.

4) *Әскери қызметшілер және олардың арасындағы өзара қарым-қатынастар.* Дара басшылық қағидаттары, әскери сыпайылық нормалары. Әскери серіктестік, өзара көмек дағдылары. Ұжымда өзара іс-қимылдың жарғылық қағидаларын сақтау.

3) *Әскери бөлімдерде (бөлімшелерде) әскери қызметшілердің ішкі тәртібі, орналасуы және тұрмысы.*

Ішкі тәртіп талаптары. Жеке құрамды орналастыру қағидалары. Күнделікті қызметті және тұрмысты ұйымдастыру. Санитарлық-гигиеналық нормалар мен жарғылық тәртіпті сақтау.

«Мемлекеттің әскери қауіпсіздік және қорғаныс негіздері» деген бөлім мынаны қамтиды:

1) *Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрылымы.* Қарулы Күштер, әскер түрлері мен тектері. Шекара қызметі. Ұлттық ұлан. Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері. Әскери және арнайы оқу орындары. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі әскери қызметті салыстырмалы талдау.

«Атыс және тактикалық даярлық негіздері» бөлімі мыналарды қамтиды:

1) *Инженерлік жабдық және бүркемелеу.* Инженерлік жабдық және жеке құрамды, техника мен объектілерді бүркемелеу. Окоптар, блиндаждар, жабындар; жергілікті жердегі позицияның орналасу тәртібі. Инженерлік тәртіп.

2) *Танкіге қарсы және жаяу әскерге қарсы миналар.* Жіктеу, сипаттамалар және талаптар. Миналармен, жарылғыш заттармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары;

3) *Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және оның жауынгерлік мүмкіндіктері.* Сандық және сапалық көрсеткіштер, атыс және маневрлік мүмкіндіктері. Бөлімшенің жауынгерлік және жорықтық тәртібі. Бөлімшенің позициясы, от жолағы, қаладағы бөлімшенің іс-қимылы.

4) *Қорғаныс пен шабуылдағы мотоатқыштар бөлімшесінің іс-қимылдары.* Қорғаныстағы мотоатқыштар бөлімшесінің міндеттері. Қорғаныстағы бөлімшенің ұстанымын ұйымдастыру тәртібі. Қорғаныстағы негізгі іс-қимылдар. Қарсыласты жою тәртібі. Шабуылдағы мотоатқыштар бөлімшесінің міндеттері (шабу объектісі). Жауынгерлік тапсырманы орындау тәсілдері. Жаулап алған позицияға бекіту. Үш өлшемді 3D симуляторды пайдаланумен интерактивті нысанда практикаға бағдарланған сабақтардан өту және практикада оқыту.

5) *Қалалық жағдайда мотоатқыштар бөлімшесінің іс-қимылдары.* Қалалық ортаның ерекшеліктері. Ғимараттар арасындағы жекпе-жек. Ұрыс кезіндегі негізгі тәртіп ережелері. Қаладағы бөлімшенің іс-қимыл тәсілдері. Шағын жауынгерлік топтарда жұмыс. Үш өлшемді 3D симуляторды пайдаланумен интерактивті нысанда практикаға бағдарланған сабақтардан өту және практикада оқыту.

«Әскери технологиялар негіздері» бөлімі мыналарды қамтиды:

1) *Геоақпараттық жүйелердің негіздері.* Жағдайға бейімделудің жаһандық жүйелері – NAVSTAR, GPS, GLONASS, BeiDou және GALILEO. Навигацияның қазіргі заманғы қосымшалары және геоақпараттық жүйелер (ГАЗ). Қозғалыстың орналасу орны мен бағытын анықтауға арналған әдістер мен құралдар. Жерді қашықтықтан зондтау спутниктері. Кеңістіктік деректердің түрлері. ГАЗ әскери істе пайдалану.

2) *Жауынгерлік жүйелердегі жасанды интеллект.* Жасанды интеллекттің рөлі: барлауда және спутниктік деректерді өңдеуде; жоғары дәлдікті қаруды бағыттау жүйелерінде; әуеге қарсы және зымыранға қарсы қорғаныс жүйелерінде; әскерлерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерінде; дрондар мен роботтарды басқаруда; тылдық, техникалық және әскери-медициналық қамтамасыз етуде, логистикада. Жауынгерлік робот «солдат-машина» ретінде; заманауи интеллектуалды роботтардың түрлері.

3) *Цифрлық қорғау: ақпараттық ортада қауіпсіз мінез-құлық негіздері.*

Цифрлық сауаттылық деректер мен тұлғаны қорғау ретінде; киберқауіпсіздік түрлері; сандық қауіпсіздік қағидалары; киберқауіпсіздік негіздері; киберқорғаныс және криптография; киберсоғыс; киберәскердің негізгі міндеттері; киберсоғыстар және олардың негізгі сипаттамалары.

4) *3D-бағдарламалар кешенін пайдалана отырып, дронды (роботты) басқаруға оқыту.*

Пилотсыз жүйелердің операторы. Пилоттық емес жүйелерді басқару және пилоттау дағдылары: дронды басқару; жергілікті жерді бақылау және «оқу»; тактикалық ойлау; радиоэлектрондық күрес жағдайындағы жұмыс; техникалық дағдылар; психологиялық тұрақтылық; дәлдік және үйлестіру.

Үш өлшемді 3D симуляторды пайдалана отырып, интерактивті түрде практикаға бағдарланған сабақтардан өту.

«Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» бөлімі мыналарды қамтиды:

1) *Қоршаған орта және адамның қауіпсіздігі.* Қоршаған орта факторларының жіктелуі. Сақтық шаралары: физикалық факторлардың әсері кезінде (өрт, суық, радиация, табиғи құбылыстар); химиялық факторлардың әсері кезінде (газдар, ластану, уытты заттар); биологиялық факторлардың әсері кезінде (вирустар, бактериялар, инфекциялар). Эпидемия жағдайындағы қауіпсіздік; эпидемиологиялық жағдай; індет жағдайындағы медициналық және ұйымдастырушылық қорғау шаралары. Эпидемия жағдайындағы жеке қорғану шаралары. Вакцинация және оның организмді қорғаудағы рөлі.

2) *Әртүрлі қауіп-қатерлер кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету.* Экстремизм және терроризм қаупі; діни экстремизм; ұлттық және нәсілдік

экстремизм (ксенофобия); саяси экстремизм. Радикализм, экстремизм, терроризм әсерінен қорғау шаралары. Деструктивті әсер ету және қауіп-қатер: психологиялық; ақпараттық; әлеуметтік; экономикалық; мәдени және құндылық; сандық (технологиялық). Деструктивті ықпалдардан қорғану тәсілдері. Қылмыс пен қылмыстық элементтерден қорғану. Зорлық-зомбылықтан қорғану. Лудомания мен нашақорлықтан қорғану шаралары.

«Тактикалық медицина негіздері» бөлімі мыналарды қамтиды:

1) *Жауынгерлік іс-қимылдар аймағындағы алғашқы көмек.*

Тактикалық медицина түсінігі. Тактикалық медицинаның негізгі мақсаттары. Тактикалық медицина қағидаттары. Майдан алаңында алғашқы көмек көрсету іс-шаралары. Жауынгерлік медик.

2) *Бірінші көмек көрсету алгоритмі.* Соғыс алаңында алғашқы көмек көрсетілетін кезек күттірмейтін жағдайлардың түрлері. Үш тактикалық аймақ. Қызыл аймақтағы іс-әрекеттер. Қызыл аймақта жарақат алғандарға жақындау тәсілдері. Қызыл аймақта алғашқы көмек көрсету кезіндегі іс-қимыл тәртібі. Сары аймақта іс-қимылдар. Сары аймақта алғашқы көмек көрсету кезіндегі іс-қимыл тәртібі. MARCH PAWS алгоритмі. Қан тоқтататын жгут – турникет. Түйінді қан кетуді тоқтату тәртібі. Ұзақ қысым синдромы кезіндегі алғашқы көмек (Краш-синдром). Жаралыларды эвакуациялау тәсілдері.

«Саптық даярлық» бөлімі мыналарды қамтиды:

1) *Жалғыз саптық дайындық.* Жалпы ережелер: сапқа тұру, қатар, қаптал, интервал, қашықтық, колонна, бағыттаушы, тұйықтаушы. Сапқа тұру алдындағы және сапқа тұру кезіндегі сарбаздың міндеттері. Әскери сәлемдесу. Саптан шығу және қатарға қайта оралу. Орнында және қозғалыста саптық қадаммен бұрылу.

2) *Бөлімше құрамындағы саптық дайындық.* Қарумен саптық тәсілдер. Командаларды орындау. Бөлімшенің өрістетілген құрылысы. Бөлімшенің ажырауы және түйісуі. Бір қатар саптан екі қатар сапқа және кері қарай бөлімшені қайта құру. Саптық тәсілдер және бөлімше құрамында қарусыз қозғалыс.

2-БӨЛІМ. «БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЯРЛЫҚ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ НЫСАНДАРЫ, ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

«Бастапқы әскери даярлық» оқу пәні бойынша білім беру процесінің тиімділігі білім алушыларды даярлаудың практикалық-бағдарланған бағытын қамтамасыз ететін оқыту нысандарын, әдістері мен құралдарын дұрыс таңдауға тікелей байланысты. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім алушылардың дербестігін, сыни ойлауын, командалық өзара іс-қимылын, психологиялық тұрақтылығын және әртүрлі жағдайларда әрекет ету қабілетін дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерді қолданудың маңызы арта түседі. Оқу процесін ұйымдастыру теориялық даярлықты білім алушылардың практикалық қызметімен, ситуациялық модельдеумен, оқу-тактикалық жаттығулармен, цифрлық технологиялармен, жасанды интеллектпен, үшөлшемді симуляторлармен және заманауи оқыту құралдарымен ұштастыруды көздеуі тиіс. Оқу процесінде жасанды интеллектіні қолдану әртүрлі жағдайларды модельдеу, тактикалық міндеттерді талдау, цифрлық платформалармен, навигациялық жүйелермен, оқыту симуляторларымен және интерактивті білім беру ресурстарымен жұмыс істеу үшін ұсынылады. Бұл білім алушылардың әскери-қолданбалы құзыреттерін, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және олардың заманауи жағдайларда әрекет етуге дайындығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Сабақтан тыс уақытта әскери-спорттық іс-шаралар жоспарланып, өткізіледі. Сабақтар, кемінде айына бір рет әскери дайындық және әскери-патриоттық фильмдер көрсетеді, сонымен қатар үйірме сабақтарын жүргізеді.

Оқу орнында бастапқы әскери даярлық сабақтарын ұйымдасқан түрде өткізу мақсатында білім алушылар сыныптар (оқу топтары) негізінде құрылатын, әрқайсысы 8-10 білім алушыдан тұратын 2-3 бөлімшеден жасақталған оқу взводтарына біріктіріледі.

Взводтар мен бөлімшелер командирлері БӘД педагогінің ұсынысы бойынша білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен тағайындалады (қыздардан құралған бөлімшелерде бөлімше командирі болып қыздар тағайындалады).

БӘД бойынша сабақ ұлдарға арналған ДОС-пен қатар білім беру ұйымының медицина қызметкерінің басшылығымен қыздар үшін бөлек өткізілетін "Медициналық білім негіздері" деген бөлім бойынша практикалық сабақты қоспағанда, қыздармен және ұлдармен бірге өткізіледі. «Ішкі және қарауыл қызметінің негіздері» бөлімі бойынша практикалық сабақтарға қыздар тартылмайды.

Мұндай оқу процесін ұйымдастыру білім алушылардың тәртіптілігін, командалық өзара іс-қимыл дағдыларын, жауапкершілігін және бөлімше құрамында әрекет ету бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастапқы әскери даярлық жүйесіндегі оқыту – бұл педагог пен білім алушылардың өзара іс-қимылына негізделген, базалық білімдерді, практикалық

біліктер мен дағдыларды, тәртіптілікті, жауапкершілікті, командалық өзара іс-қимылды және әскери қызметті өткеруге дайындықты қалыптастыруды қамтамасыз ететін мақсатты және практикалық-бағдарланған процесс.

Оқытуды ұйымдастыруды түсіну білім алушыларды даярлаудың біртұтас жүйесін құруға, оқытудың мақсаттары, мазмұны, нысандары, әдістері мен нәтижелері арасындағы өзара байланысты айқындауға мүмкіндік береді.

Бұл бастапқы әскери даярлықтың міндеттері мен білім алушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи білім беру технологияларын, практикалық-бағдарланған оқыту әдістерін қолдануды және оқу процесін тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Бастапқы әскери даярлық теориялық, практикалық сабақтар және далалық (лагерьлік) оқу-жаттығу сабақтары арқылы жүзеге асырылады:

- теориялық сабақтар негізінен әңгімелеу, түсіндіру және сұхбат жүргізу түрінде дидактикалық материалдарды, оқытудың техникалық құралдарын, цифрлық ресурстар мен заманауи білім беру технологияларын пайдалану арқылы өткізіледі;

- практикалық сабақтар оқу қаруын, әскери-техникалық мүлікті, 3D-симуляторларды, тренажерларды, аспаптар мен өзге де оқу жабдықтарын пайдалану арқылы оқытылған материалды бекітуге, практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталады;

- далалық (лагерьлік) оқу-жаттығу сабақтары теориялық білімдерді бекітуге, практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға, командалық өзара іс-қимылды, тәртіптілікті, психологиялық және физикалық тұрақтылықты дамытуға, сондай-ақ білім алушыларды әскери қызмет өткеру жағдайларына барынша жақындатылған жағдайда әрекет етуге даярлауға бағытталады.

Әрбір сабақты өткізу үшін педагог білім беру ұйымының басшысы бекітетін қағаз немесе электрондық форматтағы қысқа мерзімді (сабақ) жоспарын әзірлейді.

Жоспарда сабақтың тақырыбы, оқыту және тәрбиелеу мақсаттары, оқу сұрақтары, оқу уақытын бөлу, пәнаралық байланыстар, қолданылатын оқыту әдістері мен құралдары, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ сабақтың барысы көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда жоспарда оқытылатын оқу материалының қысқаша мазмұны қарастырылады.

Бастапқы әскери даярлық педагогі тек білім көзі ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың дербестігін, командалық өзара іс-қимылын және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған белсенді оқу-танымдық және практикалық қызметін ұйымдастырушы болуы тиіс.

Оқу бағдарламасын табысты іске асыру бастапқы әскери даярлық педагогінен әрбір сабақты мұқият дайындауды және жоспарлауды, сондай-ақ оқытудың практикалық-бағдарланған бағытын күшейтуге, білім алушылардың дербестігін, сыни ойлауын, командалық өзара іс-қимылын және белсенділігін дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдер мен білім беру технологияларын қолдануды талап етеді.

Бағдарламада практикалық даярлыққа, тұрақты әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға, зерттеушілік және талдамалық қабілеттерді дамытуға, сондай-ақ білім беру процесінде заманауи цифрлық технологияларды пайдалануға ерекше назар аударылған.

Қазіргі заманғы сабақтың негізгі ерекшеліктері:

– *Тұлғаға бағдарланған тәсіл*: Оқу процесі әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін, бейімділігін және дайындық деңгейін ескере отырып ұйымдастырылады.

– *Ынтымақтастыққа негізделген оқыту (коллаборативті оқыту)*: Білім алушылар көбінесе жұппен немесе топпен жұмыс істейді. Сабақ барысында диалог, бірлескен шешім қабылдау және өзара бағалау (формативті бағалау) басым болады.

– *Практикалық бағыттылық*: Білім дайын күйінде берілмейді. Оқытудың спиральді моделі (қарапайымнан күрделіге қарай) арқылы білім алушылар теорияны өмірлік жағдайларда қолдануға үйренеді.

– *Цифрландыру және АКТ*: Планшеттер, интерактивті тақталар, білім беру платформалары (мысалы, Kundelik.kz), сондай-ақ оқытуды қолдау үшін жасанды интеллект элементтері белсенді қолданылады.

– *Критериалды бағалау*: Дәстүрлі баға қоюдың орнына білім алушылардың жетістіктері нақты критерийлер бойынша бағаланады.

Негізгі құрылымы

1. *Қызығушылықты ояту (мотивация)*: Проблемалық жағдай туғызу, оқу мақсаттарын білім алушылардың өздері анықтауы.

2. *Мағынаны тану (оқып-үйрену)*: Ақпаратпен өздігінен немесе топпен жұмыс жасау, практикалық тапсырмаларды орындау.

3. *Рефлексия*: Атқарылған жұмысты талдау, нәтижелерді талқылау, өзін-өзі және өзара бағалау.

Сабақтар дәстүрлі түсіндіру форматынан бастап шеберлік сабақтары, дебаттар немесе жобалық-зерттеу жұмыстары түрінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Оқу пәні «Бастапқы әскери даярлық» бойынша сабақты ұйымдастыру мен өткізудің келесі алгоритмі ұсынылады:

1. Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары, күтілетін нәтижелер және сабақ барысында білім алушыларда қалыптастырылатын практикалық дағдылар айқындалады.

2. Сабақ мақсаттарына қол жеткізу үшін педагог белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолдануды, пәннің практикалық бағыттылығын, білім алушылардың дайындық деңгейін және оқытылатын тақырыптың мазмұнын ескере отырып, оқыту әдістері мен формаларын іріктейді.

3. Сабақ құрылымын жоспарлау: сабақ кезеңдері, оқу уақытының бөлінуі, білім алушылардың іс-әрекет түрлері, қолданылатын ресурстар мен оқу жабдықтары жоспарланады.

4. Сабақ кезеңдері оқу уақытының бөлінуін, білім алушылардың оқу әрекетінің түрлерін, қолданылатын оқыту әдістерін, пайдаланылатын ресурстар

мен материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ескере отырып жоспарланады. Әр сабақтың құрылымы келесі компоненттерді қамтиды:

1) оқыту мақсаттары мен сабақтың күтілетін нәтижелерін білім алушыларға түсінікті әрі қолжетімді түрде «Не білеміз?», «Неге үйренеміз?» және «Қайда қолданамыз?» бағдарлары арқылы айқындау.

2) жаңа тақырыпты меңгеруге және сабақтағы тиімді жұмысқа қажетті бұрын өтілген материалды қайталау мен бекітуге бағытталған тапсырмалар мен оқу жаттығуларын орындау.

3) мәтіндік, иллюстрациялық, цифрлық және өзге де оқу материалдарын пайдалану, сондай-ақ білім алушылардың жеке, жұптық және топтық жұмысын ұйымдастыру арқылы жаңа мазмұнды меңгеруге, түсінуге және қолдануға бағытталған оқу және практикалық тапсырмалар жүйесін орындау.

4) меңгерілген материал деңгейін анықтауға, білім алушылардың өзін-өзі бағалауы мен өзара бағалауына бағытталған практикалық, жағдаяттық және тексеру тапсырмаларын «Ағын тапсырма», «Ойлан» және «Есте сақта» айдарларын қолдану арқылы орындау.

5) оқылған материал мазмұны бойынша қысқаша қорытындылар жасау, негізгі ұғымдарды, тақырыптың практикалық маңызын талқылау және білім алушылардың рефлексиясын «Есте сақта», «Ойлан» және «Шағын-тапсырма» айдарлары арқылы ұйымдастыру.

6) оқылған материалды бекітуге және білім алушылардың дербестігін дамытуға бағытталған үй тапсырмаларын, практикалық және шығармашылық жұмыстарды орындау.

Құзыреттілік тәсілге негізделген оқыту мақсаттары мен міндеттері қазіргі заманғы білім беру технологияларын, белсенді оқыту әдістерін және бағалаудың әртүрлі формаларын қолдану қажеттілігін айқындайды.

МЖМБС білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлін арттыруды, практикалық құзыреттерін, функционалдық сауаттылығын дамытуды және білім беру процесінде практикалық-бағдарланған тәсілдерді қолдануды көздейді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес жалпы орта білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған «Бастапқы әскери даярлық» пәнінің оқу бағдарламасын меңгеру барысында келесі *тұлғалық нәтижелер* қалыптасады:

Білім алушылар:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсетуі;

- отаншылдықты, азаматтық жауапкершілікті және Қазақстан Республикасын қорғаудың маңыздылығын түсінуі;

- қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа этностардың тарихына, мәдениетіне, дәстүрлері мен рухани құндылықтарына құрметпен қарауы;

- тәртіптілікті, жауапкершілікті, командалық өзара іс-қимыл дағдыларын және мінез-құлық мәдениетін көрсетуі;

- жеке қауіпсіздігін және айналасындағылардың қауіпсіздігін сақтауға бағытталған қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын меңгеруі;
- айналасындағыларға, аға буын өкілдеріне құрметпен қарауы, өзара көмек пен ынтымақтастыққа дайын болуы;
- әскери қызметке, болашақ мамандықты саналы таңдауға және тұлғалық өзін-өзі дамытуға қызығушылық танытуы тиіс.

Жүйелік-әрекеттік нәтижелер

Білім алушылар:

- алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын оқу, практикалық және өмірлік жағдайларда қолдануы;
- әртүрлі жағдайларда шешім қабылдау үшін ақпаратты талдау, өңдеу және пайдалану дағдыларын меңгеруі;
- зерттеушілік, жобалық және практикалық-бағдарланған қызмет дағдыларын қолдануы;
- білім беру процесінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық, цифрлық технологияларды және жасанды интеллект элементтерін пайдалануы;
- оқу-практикалық міндеттерді орындау кезінде қауіпсіздік шараларының талаптарын, тәртіпті және әрекет ету алгоритмдерін сақтауы;
- дәстүрлі және цифрлық навигациялық жүйелерді пайдалана отырып, жергілікті жерде бағдарлау дағдыларын меңгеруі;
- командалық өзара іс-қимыл, міндеттерді бірлесіп орындау және қызмет нәтижесіне жауапкершілік дағдыларын көрсетуі;
- өзіне-өзі және өзара көмек көрсету, сондай-ақ төтенше жағдайларда әрекет ету бойынша практикалық дағдыларды меңгеруі тиіс.

«Бастапқы әскери даярлық» пәнін оқыту барысында сабақтың мақсатына, оқу материалының мазмұнына, білім алушылардың дайындық деңгейіне және пәннің практикалық-бағдарланған бағытына сәйкес оқытудың түрлі әдістерін қолдану ұсынылады. Мысалы:

- оқытудың сөздік әдістерін (түсіндіру, әңгімелеу, әңгімелесу, пікірталас, нұсқама беру) әскери тарих негіздерін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын, әскери қызметтің құқықтық негіздерін, қазіргі қауіпсіздік қатерлерін зерделеу кезінде, сондай-ақ қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқамалар өткізу барысында қолдану ұсынылады;
- оқытудың көрнекілік әдістерін (көрсету, иллюстрациялау, схемалармен, кестелермен, бейнематериалдармен және цифрлық ресурстармен жұмыс) қару-жарақ пен әскери техниканы, атыс қаруының құрылысын, жеке қорғаныс құралдарын, жергілікті жерде бағдарлауды, геоақпараттық жүйелерді, ұшқышсыз технологияларды және тактикалық модельдеуді зерделеу кезінде қолдану орынды;
- оқытудың практикалық әдістерін (жаттығулар, практикалық жұмыстар, жаттығу дайындығы, жағдаяттарды модельдеу, тапсырмаларды шешу) атыс дайындығын, тактикалық іс-қимылдарды, бағдарлауды, тактикалық медицинаны, саптық даярлықты, өзіне-өзі және өзара көмек көрсетуді зерделеу

кезінде, сондай-ақ оқу-далалық сабақтар барысында неғұрлым тиімді пайдалану ұсынылады;

– оқытудың белсенді әдістерін (проблемалық оқыту, жағдаяттық тапсырмалар, кейс-әдістер, іскерлік және рөлдік ойындар) тактикалық жағдайларды талдау кезінде, бөлімшенің әртүрлі жағдайдағы іс-қимылдарын қарастыруда, шешім қабылдауға үйретуде, қауіпсіздік және қазіргі қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселелерін оқытуда қолдану ұсынылады;

– оқытудың интерактивті әдістері (жұптық және топтық жұмыс, коллаборативті оқыту, миға шабуыл, талқылау) командалық өзара іс-қимыл, өзара көмек көрсету, коммуникация және оқу-практикалық міндеттерді бірлесіп орындау дағдыларын дамытуға ықпал етеді;

– оқытудың зерттеушілік және жобалық әдістерін заманауи әскери технологияларды, жасанды интеллектіні, геоақпараттық жүйелерді, ұшқышсыз жүйелерді, цифрлық қорғанысты және қазіргі қауіпсіздік қатерлерін талдауды зерделеу кезінде қолдану ұсынылады;

– оқытудың цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларын үшөлшемді симуляторлармен, геотактикалық платформалармен, цифрлық навигациялық жүйелермен, интерактивті карталармен жұмыс істеуде, сондай-ақ тактикалық жағдайларды модельдеу және ҰҰА-ны басқаруға оқыту барысында қолдану ұсынылады;

– практикалық-бағдарланған оқыту әдістері практикалық және жағдаяттық тапсырмаларды орындау, жаттығулар өткізу және әскери қызметтің нақты жағдайларына жақындатылған жағдайларды модельдеу арқылы білім алушыларда тұрақты практикалық дағдыларды, әрекет ету алгоритмдерін, психологиялық тұрақтылықты және әртүрлі жағдайларда әрекет етуге дайындықты қалыптастыруға бағытталған.

«Бастапқы әскери даярлық» пәнін оқыту барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, дербестігін, сыни ойлауын, командалық өзара іс-қимылын және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған дәстүрлі педагогикалық тәсілдерді заманауи белсенді, интерактивті, зерттеушілік және практикалық-бағдарланған оқыту тәсілдерімен ұштастыру ұсынылады.

Сабақтың мақсаты мен оқу материалының мазмұнына байланысты оқытудың келесі тәсілдері қолданылуы мүмкін. Мысалы:

1. *Белсенді және әрекетке бағытталған оқыту тәсілдері.* «Идеялар қоржыны», «Ұсыныстар ағашы», кластерлер, синквейн, кейс-стади, проблемалық және жағдаяттық тапсырмалар. Аталған тәсілдерді қазіргі қауіпсіздік қатерлерін, тактикалық жағдайларды, әскери тарихты, жеке және ұжымдық қауіпсіздік мәселелерін зерделеу кезінде, сондай-ақ бөлімшенің әртүрлі жағдайдағы іс-қимылдарын талдау барысында қолдану ұсынылады.

2. *Сыни ойлауды дамыту тәсілдері.* INSERT, «Блум түймедағы», «Жіңішке және жуан сұрақтар», салыстырмалы талдау, жағдаяттарды талдау және тәуекелдерді бағалау. Аталған тәсілдерді қолдану ақпаратты талдау, шешім қабылдау, дәлелдеу және әртүрлі жағдайларда әрекеттердің салдарын бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

3. *Командалық өзара іс-қимыл және коллаборативті оқыту тәсілдері.* «Ойлан – бірік – бөліс» (Think-Pair-Share), өзара бағалау, «Карусель», жұптық және топтық жұмыс, рөлдерді бөлу және міндеттерді бірлесіп орындау. Бұл тәсілдер коммуникацияны, өзара көмек көрсетуді, жауапкершілікті және топ құрамында өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға бағытталған.

4. *Көрнекілік және цифрлық оқыту тәсілдері.* Схемаларды, кестелерді, менталдық карталарды, интерактивті платформаларды, цифрлық ресурстарды, үшөлшемді симуляторларды, геотактикалық платформаларды және цифрлық навигациялық жүйелерді пайдалану. Аталған тәсілдерді қару-жарақ пен әскери техниканы, жергілікті жерде бағдарлауды, тактикалық модельдеуді, ұшқышсыз жүйелерді, геоақпараттық технологияларды және әскери саладағы жасанды интеллект негіздерін зерделеу кезінде қолдану ұсынылады.

5. *Рефлексиялық оқыту тәсілдері.* «Үш М», «Бағдаршам», өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, қызмет нәтижелерін талқылау, «Есте сақта», «Ойлан» және «Мини-тапсырма» айдарлары. Аталған тәсілдер өтілген материалды бекітуге, оқуға саналы көзқарасты дамытуға және өзін-өзі талдау мен өз қызметінің нәтижелерін бағалау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу процесінің негізіне мыналар алынған:

- **құндылыққа бағдарланған тәсіл** – отаншылдықты, азаматтық жауапкершілікті, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздеріне, тарихына және халықтың әскери дәстүрлеріне құрметті қалыптастыруға бағытталған;

- **әрекеттік тәсіл** – білім алушыларды практикалық, танымдық, зерттеушілік және оқу-практикалық қызметке белсенді тартуды көздейді;

- **тұлғаға бағдарланған тәсіл** – білім алушылардың жас, психологиялық және жеке ерекшеліктерін ескеруді, дербестікті, көшбасшылық қасиеттер мен жауапкершілікті дамытуды қамтамасыз етеді;

- **коммуникативтік тәсіл** – командалық өзара іс-қимыл, өзара көмек көрсету, ынтымақтастық және тиімді коммуникация дағдыларын дамытуға бағытталған;

- **практикалық-бағдарланған тәсіл** – тұрақты практикалық дағдыларды, әрекет ету алгоритмдерін, өзіне-өзі және өзара көмек көрсетуді, бағдарлау, тактикалық ойлау және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды көздейді;

- **цифрлық тәсіл** – цифрлық білім беру ресурстарын, үшөлшемді симуляторларды, геоақпараттық жүйелерді, жасанды интеллектіні, ұшқышсыз технологияларды және оқытудың өзге де заманауи құралдарын пайдалануды көздейді;

- **денсаулық сақтау тәсілі** – қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, психологиялық тұрақтылықты, физикалық төзімділікті дамытуға және білім алушылардың денсаулығын сақтауға бағытталған.

«Бастапқы әскери даярлық» пәні бойынша оқу процесінде цифрлық білім беру технологияларын және ақпараттық-коммуникациялық оқыту құралдарын пайдалану ұсынылады.

Цифрлық ресурстарды қолдану мультимедиялық материалдарды, интерактивті платформаларды, электрондық білім беру ресурстарын, үшөлшемді симуляторларды, геоақпараттық жүйелерді және цифрлық навигациялық технологияларды пайдалануды көздейді.

Білім алушылар цифрлық дереккөздерден ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу және пайдалану, визуалды материалдармен, схемалармен, карталармен, цифрлық модельдермен және мультимедиялық презентациялармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруі тиіс.

Әскери саладағы ұшқышсыз жүйелерді, тактикалық модельдеуді, жергілікті жерде бағдарлауды, цифрлық қауіпсіздікті және жасанды интеллектіні қолдану негіздерін зерделеу кезінде цифрлық технологияларды пайдалануға ерекше назар аудару ұсынылады.

Цифрлық білім беру технологияларын пайдалану білім алушылардың функционалдық және цифрлық сауаттылығын, дербестігін, зерттеушілік дағдыларын және танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

«Бастапқы әскери даярлық» пәнін оқу нәтижелерін бағалау ауызша сұрау, жазбаша жұмыстар және бақылау практикалық жаттығулары арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде:

- теориялық білімді меңгеру деңгейі және оқу материалын түсінуі;
- алынған білім, іскерлік пен дағдыларды оқу-практикалық және жағдаяттық тапсырмаларда қолдану қабілеті;
- практикалық әрекеттер мен алгоритмдерді орындаудың дұрыстығы мен реттілігі;
- қауіпсіздік шаралары талаптарын, тәртіпті және оқу қаруымен, қорғаныс құралдарымен және жабдықтармен жұмыс істеу қағидаларын сақтауы;
- оқу тапсырмаларын орындау кезіндегі дербестік, жауапкершілік және командалық өзара іс-қимыл деңгейі;
- жағдаяттарды талдау, шешім қабылдау және өз қызметінің нәтижелерін бағалау қабілеті;
- саптық, тактикалық, атыс және әскери-қолданбалы тәсілдер мен әрекеттерді орындау дәлдігі;
- білім алушылардың практикалық, жобалық және зерттеушілік қызметтегі белсенділігі мен қатысуы ескеріледі.

Оқу нәтижелерін бағалау үшін ауызша сұрау (пікірталас, дебат), жазбаша жұмыстар (реферат, эссе), практикалық және жағдаяттық тапсырмалар (жағдаяттық есептер), жағдаяттарды модельдеу, нормативтерді орындау, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, білім алушылардың қызметін бақылау, сондай-ақ бақылау практикалық жаттығуларын қолдану ұсынылады.

«Бастапқы әскери даярлық» пәні бойынша заманауи білім беру процесінің негізгі талаптарының бірі – білім алушылардың білімді өз бетінше меңгеруіне, практикалық дағдыларын дамытуға және әртүрлі жағдайларда әрекет ету

алгоритмдерін қалыптастыруға бағытталған белсенді оқу-танымдық және практикалық қызметін ұйымдастыру болып табылады.

Мұндай тәсіл тек пәндік білімді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар сыни ойлауды, командалық өзара іс-қимылды, коммуникативтік дағдыларды, дербестікті, жауапкершілікті, психологиялық тұрақтылықты және кез келген жағдайда шешім қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Білім алушылардың белсенді танымдық қызметі ынтымақтастық, практикалық өзара әрекеттесу және педагогтің қолдауы жағдайында қалыптасады. Педагог бұл ретте тек білім көзі ғана емес, сонымен бірге білім беру процесінің ұйымдастырушысы, тәлімгері және кеңесшісі рөлін атқарады.

Оқытудың тұлғаға бағдарланған бағытын күшейту білім алушылардың ынтымақтастығын, командалық өзара іс-қимылын, дербестігін және білім беру процесіне тартылуын дамытуға ықпал ететін белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл әдіс білім беру процесінің барлық қатысушыларының ашық өзара әрекеттесуіне, коммуникативтік дағдыларды, өзара көмек көрсетуді, жауапкершілікті дамытуға және қолайлы психологиялық оқу ортасын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Диалогтік, рефлексиялық, жобалық және зерттеушілік оқыту технологияларын қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін, дербестігін, сыни ойлауын және практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Білім беру процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері білім алушылардың белсенді өзара әрекеттесуін, біліммен, идеялармен және оқу-практикалық міндеттерді шешу тәсілдерімен алмасуын, командалық өзара іс-қимыл мен коммуникация дағдыларын дамытуды көздейді.

«Бастапқы әскери даярлық» пәнінің оқу бағдарламасы аймақтық сипаттағы материалдарды, цифрлық білім беру ресурстарын, заманауи әскери технологияларды және жағдаяттық модельдеуді пайдалана отырып, білім алушылардың жобалық, зерттеушілік және практикалық-бағдарланған қызметін ұйымдастыруды көздейді. Жобалық және зерттеушілік қызмет оқу мақсаттарына және білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу міндеттеріне қол жеткізу аясында ата-аналармен, жергілікті қоғамдастық өкілдерімен, әскери қызметшілермен, мамандармен және өзге де әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

3 БӨЛІМ. ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ «БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЯРЛЫҚ» КАБИНЕТІ РЕСУРСТАРЫН ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ ПАЙДАЛАНУ

«Бастапқы әскери даярлық» кабинеті алғашқы әскери даярлық, тіршілік қауіпсіздігі негіздері, азаматтық қорғаныс, әскери-патриоттық тәрбие бойынша теориялық және практикалық сабақтарды, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта үйірме жұмыстарын өткізуге арналған оқу-тәрбие процесінің материалдық базасы болып табылады.

Білім беру ұйымдарында «Бастапқы әскери даярлық» пәні бойынша сабақтарды өткізу үшін саптық даярлық алаңында тиісті таңбалау жүргізіледі, оқу кабинеттері жабдықталады, сондай-ақ білім алушылардың әскери іс негіздері бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға, отаншылдыққа, азаматтыққа және әскери қызметке құрмет тәрбиелеуге бағытталған плакаттарды, стендтерді және өзге де көрнекі құралдарды қамтитын көрнекі үгіт рәсімделеді.

Алаңдағы таңбалау Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі №364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Саптық жарғысының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Бастапқы әскери даярлық кабинетінің (сыныбының) көрнекі үгіті мынадай құралдармен жабдықталады:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Мемлекеттік Елтаңбасы, Мемлекеттік Әнұраны және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің эмблемасы бейнеленген материалдармен – 1 жиынтық;
- Әскери ант мәтінімен – 1 жиынтық;
- әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттері туралы материалдармен – 1 жиынтық;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымы туралы ақпаратпен – 1 жиынтық;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысының портретімен – 1 жиынтық;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери қызмет міндеттерін орындау кезіндегі кепілдіктері туралы материалдармен – 1 жиынтық;
- ақпаратты көрсетуге арналған мультимедиялық құралдармен (интерактивті тақталар, мультимедиялық проекторлар, мультимедиялық экрандар және т.б.) – 1 жиынтық;
- лазерлік тирмен – 1 дана;
- атыс қаруының макеттерімен (АК-74, ПМ) – әр атаудан 1 данадан;
- жаппай қырып-жою қаруынан қорғайтын жеке қорғаныс құралдарымен – 1 жиынтық.

Қару-жарақ макеттерімен және басқа да әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету білім беру ұйымының (оқу орындарының) қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарындағы бастапқы әскери даярлықтың оқу материалдық-техникалық базасы бастапқы әскери даярлық кабинетінен, оқу қаруы мен әскери-техникалық мүлікті сақтауға арналған бөлмеден, бастапқы әскери даярлық қалашығынан және атыс тирінен тұрады.

Кезекшінің міндеттерін практикалық зерделеуге арналған орын кабинеттен шығаберісте немесе кабинетке жақын орналасқан басқа оқу орнында жабдықталады және оған: құжаттамасы бар стенд, кітаптар мен журналдардың макеттері қойылған тумбочка, телефон аппаратының макеті кіреді. Өрт сөндіру құралдары (өрт сөндіргіш) кезекші орнының жанында орналастырылады.

Атыс тирі – арнайы жабдықталған құрылыс немесе жер учаскесі. Ол артқы жағынан атыс шебімен, алдыңғы жағынан оқ ұстағышпен және үйіндімен, ал бүйірлерінен оқтардың тир аумағынан шығып кетуіне жол бермейтін үйінділермен немесе қалқандармен шектеледі. Тирлер ашық, жартылай жабық, сондай-ақ 25, 50 м және одан да ұзын темір-бетон (металл) құбырларды пайдалану арқылы жеңілдетілген түрде болуы мүмкін. Бұл ретте айналадағы адамдар үшін толық қауіпсіздік қамтамасыз етіліп, адамдар мен жануарлардың атыс аймағына кіру мүмкіндігі болдырылуы тиіс.

Оқу қаруы мен әскери-техникалық мүлікті сақтауға арналған бөлме оқу қаруын сенімді сақтауды қамтамасыз етуі тиіс. Оқу қаруы мен әскери-техникалық мүлікті сақтауға арналған бөлменің міндетті жабдықталуы:

- мүлікті сақтауға арналған сөрелер;
- қаруды сақтауға арналған пирамида;
- өртке қарсы құралдар;
- бастапқы әскери даярлыққа арналған әскери-техникалық мүлік жиынтығы.

Бөлмені бастапқы әскери даярлық кабинетіне жапсарлас орналасқан орында таңдау ұсынылады. Сыртқа шығатын терезелер темір торлармен жабдықталуы тиіс.

Бастапқы әскери даярлық қалашығы мектеп аумағында орналасады, онда оқу жабдықтары орналастырылған асфальтталған алаң болып табылады және мыналардан тұрады:

- саптық даярлық сабақтарына арналған орын;
- қарауылдың міндеттерін практикалық зерделеуге арналған жабдықталған орын;
- жабдықталған тактикалық алаң және атыс қалашығы;
- спорттық мини-қалашық.

Бастапқы әскери даярлық қалашығын салу кезінде оқу жабдықтарының элементтерін ауыстыру арқылы тактикалық және атыс жағдайларының әртүрлі оқу нұсқаларының комбинацияларын жасау мүмкіндігін қарастыру қажет.

Білім беру ұйымындағы атыс тирі – пневматикалық винтовкадан нысанаға атуға арналған арнайы жабдықталған құрылыс. Тирдегі сабақтарда қауіпсіздік шаралары сақталып, білім алушыларға тиісті нұсқама жүргізілуі қажет.

Бастапқы әскери даярлық кабинетінің жабдықталуы:

1) Тактикалық, атыс, инженерлік, саптық даярлық, қару-жарақ пен әскери техника, қауіпсіздік шаралары, мерзімді әскери қызметті өткергендерге арналған әлеуметтік кепілдіктер, әскери топография, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс, ұшқышсыз ұшу аппараттары, әскери тарих және әскери медицина бойынша стендтер жиынтығы;

2) Азаматтық қорғаныс және тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша плакаттар жиынтығы;

3) Рота бойынша кезекші мен тәуліктік кезекшінің құжаттамаларына арналған тақта;

4) Қазақстан республикасы қарулы күштерінің жалпыәскери жарғыларының жиынтығы;

5) Бастапқы әскери даярлық бойынша электрондық оқу басылымдары;

6) М 1:25000/50000 оқу карталарының жиынтығы.

Бастапқы әскери даярлық кабинетінде келесі нормативтік, оқу және әдістемелік материалдардың болуы ұсынылады:

– Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпыәскери жарғылары («Ішкі қызмет жарғысы», «Гарнизондық және қарауыл қызметтері жарғысы», «Тәртіптік жарғы», «Саптық жарғы»);

– бастапқы әскери даярлық мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер мен басшылық құжаттар;

– атыс ісі және қауіпсіздік шаралары бойынша ұсынымдар;

– пәнді оқытуды ұйымдастыру және оқу-материалдық базаны жетілдіру бойынша оқу бағдарламалары мен әдістемелік ұсынымдар;

– «Бастапқы әскери даярлық» пәні бойынша оқулықтар мен оқу құралдары;

– әскери топография, азаматтық қорғаныс, тактикалық медицина және тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша оқу материалдары.

11-сыныпта «Әскери бөлімнің (бөлімшенің) ішкі тәртібі, әскери қызметшілерді орналастыру және тұрмысы» тақырыбы бойынша жақын орналасқан әскери бөлімнің (әскери бөлім командирімен келісу бойынша), әскери оқу орнының немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының әскери кафедрасының базасында практикалық сабақпен бірлескен көрсетілім сабағын өткізу ұсынылады.

Әскери бөлімге бару кезінде педагог білім алушыларға олардың қандай әскери бөлімге келгенін, оның әскер түрі мен тегі бойынша тиістілігін, орындайтын міндеттерін, құрылу тарихын және жауынгерлік жолын қысқаша таныстырады.

Бөлім аумағында қозғалу барысында БӨД педагогі білім алушылардың назарын әскери қалашық элементтерінің орналасуына аударады және олардың мақсат-міндеттерін түсіндіреді.

Әскери бөлімге бару кезінде білім алушылар келесі үй-жайлармен және оқу-материалдық база объектілерімен танысып, оларды қарап шығуы тиіс:

1. Жеке құрамға арналған жатын бөлме;
2. Ақпараттық-тәрбие жұмысы бөлмесі және психологиялық демалыс бөлмесі;
3. Қаруды сақтауға арналған бөлме және қаруды тазалауға арналған бөлме (орын);
4. Спорттық сабақтарға арналған бөлме (орын);
5. Тұрмыстық қызмет көрсету бөлмесі;
6. Рота мүлкі мен әскери қызметшілердің жеке заттарын сақтауға арналған қойма;
7. Жуыну бөлмесі;
8. Дәретхана;
9. Сарбаздар асханасы;
10. Клуб;
11. Спорттық қалашықтар;
12. Оқу қалашықтары.

Егер атыс полигоны (жаяу әскердің жауынгерлік машинасына арналған директриса, танк директрисасы) әскери қалашық аумағында орналасса, олардың жабдықталуымен танысқан орынды. Егер олар әскери қалашықтан тыс жерде орналасса, БӨД педагогі оқу атыстары мен жүргізу жаттығуларын орындауға арналған осындай объектілердің бар екендігін хабарлайды.

Тұрмыстық үй-жайлар мен оқу-материалдық база объектілерін қарау және таныстыру кезінде БӨД педагогі қаралып жатқан үй-жайды Жарғыда көрсетілген атауымен атайды (мысалы: рота мүлкі мен әскери қызметшілердің жеке заттарын сақтауға арналған қойма), оның мақсатын, жабдықталуын және әскери қызметшілердің пайдалану тәртібін түсіндіреді.

Әскери бөлімге баруды ұйымдастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда сабақ бастапқы әскери даярлық кабинетінде өткізіледі. Сабаққа дайындық барысында БӨД педагогі ішкі тәртіпті ұйымдастыруды, әскери қызметшілерді орналастыру мен тұрмысын көрсететін фото, кино және бейнематериалдарды іріктейді. Материалдарды көрсету түсіндірулермен, пікірлермен және қарастырылатын мәселелерді талқылаумен қатар жүруі тиіс.

Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарында бастапқы әскери даярлық кабинетін тиісті жабдықтау көзделеді:

Жиһаз:

- бес элементті аралас маркерлі және бормен жазуға арналған тақта – 1 дана;
- компьютерге арналған қондырмасы бар оқытушы үстелі – 1 дана;
- демонстрациялық үстел – 1 дана;
- шынтақшалары бар айналмалы кресло – 1 дана;
- екі орындық оқушы үстелі – 25 дана;
- тәуліктік кезекші орны (тумбочка және тұғыр) – 1 жиынтық;
- оқушы орындығы – 25 дана.

Оқу қаруын сақтауға арналған бөлме:

- өрт сөндіргіш – 2 дана;
- газтұмылдырықтар мен әскери-техникалық мүлікті сақтауға арналған сөре – 3 дана;
- 10 бірлік қаруға арналған сақтау шкафы – 2 дана.

Оқытудың техникалық құралдары:

- микрофон-телефон гарнитурасы және web-камерасы бар интернетке қолжетімді дербес компьютер – 15 жиынтық;
- үстел үсті акустикалық жүйе – 1 дана;
- көпфункционалды құрылғы (көшіргіш/принтер/сканер) – 1 дана;
- интерактивті панель – 1 дана;
- желілік сүзгі – 2 дана;
- мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бастапқы әскери даярлық бойынша интерактивті сабақтар жиынтығы бар виртуалды полигонның үшөлшемді симуляторы бағдарламалық қамтамасыз етуі – 1 жиынтық;
- дрон операторының визуализация жиынтығы – 2 дана.

Стендтер мен плакаттар:

- тактикалық, атыс, инженерлік, саптық даярлық, қару-жарақ пен әскери техника, қауіпсіздік шаралары, мерзімді әскери қызмет өткергендерге әлеуметтік кепілдіктер, әскери топография, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс, ҰҰА, әскери тарих және әскери медицина бойынша стендтер жиынтығы – 1 жиынтық;
- азаматтық қорғаныс және тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша плакаттар жиынтығы – 1 жиынтық;
- жеке дозиметр жиынтықпен – 1 дана;
- жеке дәрі қобдишасы – 15 дана;
- жеке таңу пакеті – 15 дана;
- әскери компас – 15 дана;
- кіші жаяу әскер күрегі – 15 дана;
- Б 10х50 дүрбісі – 3 дана;
- ағаш автомат макеті – 15 дана;
- Калашников автоматының массогабариттік макеті – 10 дана;
- пневматикалық винтовка – 6 дана;
- Макаров тапаншасының массогабариттік макеті – 3 дана;

- РГД-5, Ф-1 гранаталарының массагабариттік макеттері – әр атаудан 15 данадан;
- 5,45 мм калибрлі патрон макеті – 60 дана;
- 9 мм калибрлі патрон макеті – 16 дана;
- пневматикалық винтовкаға арналған оқтар – әр білім алушыға 100 данадан;
- ТМ-62, МОН-50, ОЗМ-72, ПМН, ПФМ-1 (С) оқу миналарының макеттері – әр атаудан 1 данадан;
- ТМ-62, МОН-50, ОЗМ-72, ПМН, ПФМ-1 (С) кесіндідегі оқу миналарының макеттері – әр атаудан 1 данадан;
- санитарлық зембіл – 3 дана;
- жалпыәскери қорғаныс жиынтығы – 3 жиынтық;
- медициналық орамал – 3 дана;
- ГП-7 немесе ГП-7В немесе ГП-7Б азаматтық газтұмылдырығы – 15 дана;
- респиратор – 15 дана;
- әскери медициналық сөмке – 3 дана;
- жүрек-өкпе және ми реанимациясына арналған тренажер – 1 дана;
- сигналдық жалаушалар жиынтықпен – 4 жиынтық;
- медициналық мақта-мата халат – 6 дана;
- эластикалық тасымалдау шинасы – 5 дана;
- турникет (жгут) – 15 дана;
- электрондық тир – 1 жиынтық;
- квадрокоптер (оқу) – 1 жиынтық;
- VR-көзілдірігі бар FPV-дрон – 1 жиынтық;
- әскери шатыр (40 орындық) – 1 жиынтық;
- 30 адамға арналған далалық ас үй – 1 жиынтық.

Жарақтандыру:

- ер адам манекені – 1 дана;
- жазғы далалық киім нысаны – 1 жиынтық;
- каска (дулыға) – 1 дана;
- қорғаныс деңгейі 5-сыныпты бронежилет – 1 дана;
- разгрузкaлық жилет – 1 дана;
- плащ-палатка (пончо) – 1 дана;
- тактикалық қолғаптар, қорғаныш көзілдіріктері, балаклава, тізелік және шынтактықтар – әр атаудан 1 данадан;
- әскери рюкзак – 15 дана;
- каремат – 15 дана;
- ұйықтайтын қап – 15 дана;
- қаптамасы бар фляга – 15 дана;
- қазанша, әскери кружка, қасық – әр атаудан 15 данадан;
- жалпыәскери азық жиынтығы: ИРП №1 құрғақ азығы; ИРП №5 құрғақ азығы – әр атаудан 1 данадан;
- 12 литрлік әскери термос – 1 дана.

Оқу құралдары:

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпыәскери жарғыларының жиынтығы – 1 жиынтық;
- бастапқы әскери даярлық бойынша электрондық оқу басылымдары – 1 жиынтық;
- М 1:25000/50000 оқу карталарының жиынтығы – 1 жиынтық.

Қосымша жабдықтар:

- керек-жарақтары бар дәрі қобдишасы – 1 дана;
- қоқыс жәшігі – 1 дана;
- ксероксқа арналған қағаз – 1 бума;
- маркерлі тақтаға арналған губка – 1 дана;
- маркерлі тақтаға арналған магниттер – 3 жиынтық;
- тақта маркері – 8 дана;
- мектеп боры – 100 дана.

СМАРТ-КЛАСС (10–11-СЫНЫПТАР)

Орта мектепке арналған смарт-класс – оқу-тәрбие процесінде ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін әмбебап интерактивті кабинет. Смарт-класс оқу материалдарын дайындау, сабақ өткізу, интерактивті тестілеу, сауалнама мен пікірталас ұйымдастыру, білім алушылардың білімін мониторингтеу, мектепаралық онлайн-сабақтарды ұйымдастыру сияқты процестерді қамтиды. Әмбебап интерактивті кабинетте орта буын сыныптарының әртүрлі пәндері бойынша сабақтар өткізуге болады.

4-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ШЕҢБЕРІНДЕ «БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЯРЛЫҚ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Бастапқы әскери даярлық» оқу пәнінің ерекшелігі – оның практикалық-бағдарланған бағыттылығы болып табылады. Бұл білім алушылардың тек пәндік білім, іскерлік және дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар тұлғалық қасиеттерін, функционалдық сауаттылығын және заманауи құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Құрастырылған оқу мақсаттарының жүйесі сыни ойлау, дербестік, командалық өзара іс-қимыл, көшбасшылық қасиеттер, шешім қабылдау, зерттеушілік дағдылар, ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды пайдалану, сондай-ақ алынған білім мен практикалық дағдыларды әртүрлі оқу, өмірлік және жағдаяттық жағдайларда қолдану қабілеті сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға бағытталған.

Оқу бағдарламасында психологиялық тұрақтылықты, тәртіптілікті, жауапкершілікті, әрекет ету алгоритмдерін, қауіпсіздік, бағдарлау, тактикалық ойлау дағдыларын және заманауи әскери технологияларды, оның ішінде ұшқышсыз жүйелерді, геоақпараттық технологияларды және жасанды интеллект элементтерін қолдануды дамытуға ерекше назар аударылады.

Қалыптастырылатын дағдылар мен құзыреттер білім алушылардың табысты әлеуметтенуіне, кәсіби бағдарлануына, одан әрі білім алуға, әскери қызметтен өтуге және заманауи жағдайларда әрекет етуге дайын болуына ықпал етеді.

«Бастапқы әскери даярлық» пәнін ұйымдастыру және өткізу қағидалары:

Бастапқы әскери даярлық білім беру саласындағы уәкілетті органмен жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ұйымдастырылады және қорғаныс, денсаулық сақтау, азаматтық қорғау салаларындағы уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Бастапқы әскери даярлық негізгі орта білім базасында жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында (арнайы ұйымдардан басқа), ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) шақыруға дейінгі жастағы білім алушылармен БӘД педагогтері арқылы өткізіледі.

Бастапқы әскери даярлық білім алушылардың қорғаныс саласындағы базалық дағдыларды меңгеруі, дене төзімділігін, моральдық-психологиялық тұрақтылығын дамыту, отаншылдықты, азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу және Отанды қорғау жөніндегі конституциялық борышын орындауға дайындықты қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

Пәннің міндеттері:

1) білім алушылардың саптық, атыс, тактикалық және әскери-медициналық даярлық бойынша базалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын, сондай-ақ елдің қауіпсіздігі мен қорғанысы саласында цифрлық технологияларды, ұшқышсыз жүйелерді және жасанды интеллект элементтерін қолдану дағдыларын меңгеруін қамтамасыз ету;

2) стресске төзімділікке, шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа, тәртіпке және ұжымшылдыққа ықпал ететін физикалық және психологиялық қасиеттерді дамыту;

практикалық-бағдарланған даярлық нысандары негізінде білім алушылардың әскери қызметке, әскери мамандықтарға және заманауи технологияларға қызығушылығын дамыту;

3) білім алушыларда отаншылдық сезімін, азаматтық жауапкершілікті, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне және әскери қызметке құрметті тәрбиелеу.

«Бастапқы әскери даярлық» пәнін оқу білім алушыларға:

1) қорғаныс, тіршілік қауіпсіздігі, алғашқы көмек көрсету, әскери және цифрлық технологияларды қолдану, жасанды интеллект элементтері мен

цифрлық қауіпсіздік негіздері саласындағы базалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеруге;

2) физикалық және психологиялық дайындық деңгейін бағалауға, ықтимал қауіп-қатерлерді талдауға және әртүрлі жағдайларда шешім қабылдауға;

3) Қазақстан Республикасын қорғаудың маңыздылығын, мемлекет пен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

БӘД сабақтарындағы білім алушылардың сыртқы келбеті

БӘД сабақтарындағы білім алушылардың сыртқы келбеті белгіленген киім нысанына сәйкес болуы тиіс және ұқыптылықпен, жинақылықпен ерекшеленеді (таза, үтіктелген, ұқыпты киім).

Ер балалар үшін: қара (қою көк) түсті шалбар, сұр жусан түсті ұзын жеңді әскери үлгідегі көйлек, қара түсті галстук, галстук қыстырғышы. Классикалық үлгідегі жабық қара түсті аяқ киім. Қысқа шаш үлгісі немесе ұқыпты таралған шаш.

Қыз балалар үшін: қара (қою көк) түсті белдемше (шалбар), сұр жусан түсті ұзын жеңді әскери үлгідегі көйлек, қара түсті галстук, галстук қыстырғышы. Классикалық үлгідегі жабық қара түсті аяқ киім. Шаштары сабаққа кедергі келтірмейтіндей етіп жиналуы тиіс (құйрық, бұрым, түйін).

Сабақ өткізу кезінде дене жүктемелері болған жағдайда көлемді әшекей бұйымдарды тағуға жол бермеу ұсынылады.

Білім беру ұйымы басшысының шешімі бойынша, оның ішінде оқу-далалық жиындарды өткізу кезінде далалық киім нысанын киюге рұқсат етіледі.

Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру

БӘД-ті ұйымдастыру және өткізу білім беру ұйымдарының басшылары мен БӘД педагогтеріне жүктеледі.

Шақыруға дейінгі жастарды даярлау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл шеңберінде жергілікті әскери басқару органдары (бұдан әрі – ЖӘБО) білім беру ұйымдарына БӘД өткізу сапасын арттыру мәселелері бойынша жәрдем көрсетеді.

Бастапқы әскери даярлықты үйлестіру:

1. республикалық деңгейде – қорғаныс және білім беру салаларындағы уәкілетті органдармен;

2. жергілікті деңгейде – жергілікті атқарушы органдармен (бұдан әрі – ЖАО) және жергілікті әскери басқару органдарымен (бұдан әрі – ЖӘБО) жүзеге асырылады.

Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру кезінде қорғаныс саласындағы уәкілетті орган:

1. білім беру саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасай отырып, БӘД ұйымдастырылуын үйлестіреді;

2. БӘД бойынша оқу-әдістемелік материалдарды, оқулықтарды және аудиовизуалдық құралдарды әзірлеуге жәрдем көрсетеді;

3. БӘД оқыту сапасына мониторинг пен талдау жүргізеді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1. БӘД-ті және білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеуді үйлестіруді жүзеге асырады және өткізуді қамтамасыз етеді;

2. БӘД бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуді, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, аудио-бейне фильмдерді шығаруды жүзеге асырады;

3. БӘД пен білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеуді өткізудің оң тәжірибесін зерделейді, жинақтайды және таратады.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1. Адам тіршілігінің қауіпсіздігі негіздерін оқыту бойынша үйлестіруді жүзеге асырады;

2. Тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша бағдарлама бөлімін келіседі.

ЖӘБО:

1. БӘД-тен өтетін шақыру жасына дейінгі жастар саны бойынша есеп жүргізеді;

2. Оқу жылы басталғанға дейін үш күндік оқу-әдістемелік жиындарды ұйымдастырады және өткізеді;

3. Білім беру ұйымдарына БӘД сабақтарын өткізуге жәрдем көрсетеді;

4. Оқу-далалық жиындарды, БӘД бойынша жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге жәрдем көрсетеді;

5. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымдарындағы БӘД пен әскери-патриоттық тәрбиенің жай-күйі туралы қорғаныс саласындағы уәкілетті орган мен ЖАО-ны хабардар етеді;

6. Білім беру ұйымдарында БӘД сапасына мониторинг және талдау жүргізуге қатысады.

Гарнизон бастықтары ЖӘБО-мен бірлесіп білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдеріне, әскери оқу орындарына (бұдан әрі – ҚР ҚМ), жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының әскери кафедраларына (әскери факультеттеріне) БӘД-ті, әскери-патриоттық және білім алушылармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізуге көмек көрсету үшін бекітеді.

Әскери бөлімдердің командирлері, әскери оқу орындарының, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының әскери кафедраларының (әскери факультеттерінің) бастықтары:

1) білім беру ұйымдарына БӘД өткізуге, сондай-ақ білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеуге көмек көрсетеді;

2) ЖӘБО-ға БӘД педагогтерімен үш күндік оқу-әдістемелік жиындарды, сондай-ақ БӘД бойынша жарыстар мен әскери-патриоттық іс-шараларды өткізуге көмек көрсетеді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1) БӘД-ті және білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеуді үйлестіруді жүзеге асырады және өткізуді қамтамасыз етеді;

2) БӘД бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуді, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, аудио-бейне фильмдерді шығаруды жүзеге асырады;

3) БӘД өткізудің оң тәжірибесін зерделейді, жинақтайды және таратады.

ЖАО білім басқармалары (бөлімдері):

- 1) БӘД-тің оқу-материалдық базасымен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 2) БӘД сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің сапасын бақылайды;
- 3) БӘД бойынша жарыстар өткізуді ұйымдастырады;
- 4) БӘД бойынша есептілікті жүргізеді.

Білім беру ұйымдарының басшылары:

1) БӘД-ті, сондай-ақ білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеуді ұйымдастыру мен өткізу сапасына жауап береді;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5750 болып тіркелген) БӘД педагогтері лауазымына кандидаттарды іріктеуді және тағайындауды жүзеге асырады;

3) БӘД педагогтерін біліктілікті арттыру курстарына жібереді;

4) оқу процесін уақтылы жоспарлау мен ұйымдастыруды, БӘД бағдарламасының толық әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етеді;

5) БӘД бойынша практикалық сабақтарды, оның ішінде әскери даярлық бойынша интерактивті сабақтар жиынтығы бар үшөлшемді симуляторларды қолдана отырып өткізу үшін үй-жайларды, алаңдарды және орындарды бөледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы №97 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7574 болып тіркелген) сәйкес оқу-материалдық базаны үнемі жетілдіру бойынша шаралар қабылдайды;

6) БӘД педагогіне оқу-әдістемелік көмек көрсетеді, қосымша білім беру бағдарламалары бойынша шақыруға дейінгі даярлықты ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

7) БӘД-тің, сондай-ақ әскери-патриоттық жұмыстың жай-күйі туралы есептерді бағыныстылығы бойынша ЖӘБО-ға және білім басқармаларына (бөлімдеріне) ұсынады;

8) БӘД бойынша жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.

БӘД педагогі:

1) оқу уақытында БӘД бойынша сабақтарды ұйымдастырады және өткізеді, сондай-ақ факультативтік негізде (сабақтан тыс уақытта) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша шақыруға дейінгі даярлыққа жетекшілік етеді;

2) сабақтарды өткізу кезінде белгіленген қағидалар мен қауіпсіздік шараларының қатаң сақталуына жауап береді;

3) кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттырудан өтеді;

4) білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен бірлесіп білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу жұмысын жүргізеді;

5) ҚР ҚМ әскери оқу орындарына түсу үшін жасөспірімдерді іріктеу бойынша ЖӘБО-ға көмек көрсетеді;

6) білім алушыларды БӘД бойынша жарыстарға қатысуға дайындайды, БӘД бойынша жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.

Білім беру ұйымының БӘД педагогі балалармен сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушымен (директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен), дене шынықтыру мұғалімімен (дене тәрбиесінің жетекшісімен), сынып жетекшілерімен (өндірістік оқыту шеберлерімен) және педагогикалық ұжыммен тығыз байланыста жұмыс істейді.

БӘД педагогі сабақтарды ұйымдастыру барысында, оның ішінде сабақтан тыс уақытта өткізілетін сабақтардың жоспарларын, сондай-ақ білім беру ұйымының басшысы бекіткен жеке жоспарын басшылыққа алады.

БӘД педагогі білуі тиіс:

– Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», Қазақстан Республикасы азаматтарын әскери есепке алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын;

– білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушыларды тәрбиелеу, бастапқы әскери даярлық мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

– мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, оқу пәнінің мазмұнын, оқу-тәрбие процесін, оқыту және бағалау әдістемесін;

– педагогика мен психология негіздерін, әлеуметтануды, заманауи педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін;

– басқарудың инновациялық әдістерін;

– педагогикалық әдеп нормаларын;

– экономика негіздерін, еңбек заңнамасын, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын.

Бастапқы әскери даярлық сабақтарын ұйымдастыру және өткізу

БӘД Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымында бүкіл оқу жылына арналған бастапқы әскери даярлықтан өтудің апталық жоспары әзірленеді. Бастапқы әскери даярлық сабақтары жалпы сабақ кестесіне енгізіледі және сыныптар мен оқу топтары бойынша өткізіледі. Сыныптар мен оқу топтары взводтар деп аталып, үш бөлімшеге бөлінеді. Білім алушылар арасынан білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен взводтар мен бөлімшелердің командирлері тағайындалады.

Оқу жылына білім беру ұйымы БӘД бойынша білімді нығайтатын қосымша іс-шараларды қамтитын әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді.

Әскери-патриоттық жұмыс жоспарына БӘД шеңберінде келесі қосымша іс-шаралар енгізіледі: әскери істің бағыттары бойынша шақырылған әскери қызметшілердің дәрістері (құрлық әскерлері, әуе қорғанысы күштері, әскери-теңіз күштері және т.б.), әскери қақтығыстар ардагерлерімен және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) ардагерлерімен кездесулер, әскери бөлімдерге экскурсиялар, шақыруға дейінгі даярлық үйірмелеріне, әскери-патриоттық клубтарға, жарыстарға, байқауларға қатысу және т.б.

Білім беру ұйымдарында патриоттық тақырыптағы және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына қатысты маңызды оқиғаларды, қазақстандық халықтың, батырлар мен соғыс ардагерлерінің жетістіктерін көрсететін өзекті материалдарды қамтитын көрнекі үгіт рәсімделеді.

Білім алушылардың бастапқы әскери даярлық бойынша білімдері басқа пәндер сияқты бес балдық жүйе бойынша бағаланады.

Жылдық (курстық) бағалар негізінде қойылатын қорытынды баға (денсаулық жағдайына байланысты сабақтан босатылған адамдарды қоспағанда) білім беру ұйымын аяқтау туралы құжатқа енгізіледі.

Білім беру саласындағы аумақтық орган жергілікті әскери басқару органымен бірлесіп білім беру ұйымдарының бастапқы әскери даярлық мәселелері бойынша жұмысын және білім алушылардың материалды меңгеру сапасын тексереді және бағалайды.

Білім беру ұйымдарындағы бастапқы әскери даярлықтың жай-күйін, сондай-ақ оқу-далалық (лагерьлік) сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуді тексеру нәтижелері бойынша жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының басшысы акт жасайды және тексеру комиссиясы мүшелерінің қатысуымен бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру мен оқу-далалық (лагерьлік) сабақтарды өткізуге талдау жүргізіледі.

Тексеру нәтижелері туралы білім беру саласындағы аумақтық органдар жергілікті атқарушы органдарды хабардар етеді.

Далалық (лагерьлік) оқу-жаттығу сабағын өткізу (бұдан әрі – ДОС)

ДОС БӘД курсының міндетті бөлігі болып табылады және ұзақтығы 5 күн болатын лагерьлік жиын түрінде (немесе келісілген кесте бойынша бөлінген 30 оқу сағаты көлемінде) өткізіледі.

ДОС-ты ұйымдастыру мен өткізуді ЖАО ЖӘБО-мен, азаматтық қорғаудың аумақтық органдарымен, білім беруді басқару органдарымен және білім беру ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырады.

ЖАО:

– ДОС өткізу үшін жағдай жасайды;

- ДОС өткізуге қажетті оқу-материалдық базаны ұсынады;
- білім алушылар мен БӘД педагогтерін ДОС өткізу орнына және кері қарай тасымалдауды ұйымдастырады;
- медициналық пункт пен медицина қызметкерінің болуын қоса алғанда, медициналық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;
- білім алушыларды орналастыруды және тамақтандыруды ұйымдастырады әрі қамтамасыз етеді;
- білім алушылардың ата-аналарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;
- ЖӘБО-мен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

ЖӘБО:

- ДОС өткізу уақытын айқындайды;
- әскери бөлім командирлерімен білім алушыларды орналастыру және тамақтандыру мәселелерін келіседі;
- сабақтарды өткізу үшін қажет болған жағдайда әскери қызметшілерді тартады.

Білім беру ұйымдары ДОС-қа тартылатын білім алушылардың тізімдерін қалыптастырады.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

- өз құзыреті шегінде ДОС өткізу орындарына тексеру жүргізеді;
- ДОС өткізу кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуын бақылайды.

ДОС құрамына мыналар кіреді:

- лагерьлік жиынды (шатырлар мен жағдайлар болған кезде – шатырлы қалашықты) өрістету;
- тактикалық кедергілер жолағынан өту;
- әскери-қолданбалы бағыттағы нормативтерді және қоян-қолтық ұрыс элементтерін орындау;
- саптық даярлық және бөлімшелердің қозғалысы бойынша нормативтерді орындау;
- қарауыл міндеттерін орындау бойынша практикалық іс-қимылдар;
- пневматикалық қарудан ату немесе лазерлік тирде ату;
- атыс қаруы макетін жинау және бөлшектеу;
- алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету және шартты жараланғанды тасымалдау;
- радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныстың жеке құралдарын практикада қолдану;
- азаматтық және аумақтық қорғаныс негіздерін, төтенше жағдайлар мен әскери жағдай кезіндегі іс-қимылдарды практикалық меңгеру;
- атыс, тактикалық, саптық, дене және әскери-медициналық даярлық бойынша байқау және қорытынды сынақ.

ДОС жасөспірімдермен келесі базаларда өткізіледі:

қажетті оқу-материалдық базасы (тир, плац, қарауыл міндеттерін зерделеуге арналған қалашық) бар білім беру ұйымдарында;

ҚР ҚК әскери бөлімдерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында бөлім командованиясымен келісім бойынша.

Әскери бөлімдер базасында өткізілетін ДОС білім алушылардың әскери бөлімнің жабық аумағында шатырлы немесе казармалық лагерьде тұруын көздейді.

Әскери бөлім базасында ДОС өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, оларды қауіпсіздік, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және практикалық сабақтардың мазмұны бойынша барлық нормативтік талаптарды міндетті түрде сақтай отырып, білім беру ұйымының аумағында өткізуге жол беріледі.

ДОС өткізу кезінде жеке құрамның бар-жоғын тексеруді, таңертеңгі дене жаттығуларын, практикалық сабақтар мен сынақтарды, қорытынды шығаруды, әскери-патриоттық іс-шараларды ескере отырып, күн тәртібі сақталады.

ДОС өткізу кезінде білім алушыларды күніне үш рет тамақтандыру ҚР ҚМ-нің 2015 жылғы 18 маусымдағы №353 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11844 болып тіркелген) бейбіт уақыттағы ҚР ҚК азық-түлікпен, жеммен, жабдықтармен, асхана-асүй ыдыстарымен және азық-түлік қызметінің техникасымен қамтамасыз ету нормаларының талаптарына сәйкес №1 «Жалпыәскери ас үлесі» нормасы бойынша ЖАО бөлген қаражат есебінен ұйымдастырылады.

Қауіпсіздік, медициналық сүйемелдеу және тәртіпті бақылау БӘД педагогтерінің, медицина персоналының және қабылдаушы әскери бөлімнің командалық құрамының (болған жағдайда) бірлескен күшімен қамтамасыз етіледі.

ДОС нәтижелері үлгерім журналдарында тіркеледі, қорытынды нормативтер тапсырылады. Нәтижелер туралы ақпарат БӘД пәні бойынша жалпы бағалауға енгізіледі.

ДОС-қа қауіпсіздік техникасы бойынша алдын ала нұсқамадан өткен және медициналық тексеруден өткен (қажет болған жағдайда) ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімі бар білім алушылар жіберіледі.

ДОС қорытындысы бойынша БӘД педагогі мен білім беру ұйымының басшысы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп дайындайды, ол білім беру ұйымында кемінде 3 жыл сақталады. ДОС аяқталғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде есеп ЖӘБО-ға жолданады.

Бастапқы әскери даярлық сабақтарын өткізу ерекшеліктері

БӘД сабақтары взвод командирінің білім алушыларды екі қатарлы сапқа тұрғызуынан және БӘД педагогіне сабаққа дайындық туралы баяндауынан басталады. Баяндау нысаны: *«Капитан мырза, 23 адам құрамындағы бірінші оқу взводы бастапқы әскери даярлық сабағына сапқа тұрғызылды. Жоқтар: Ахметов оқушысы – ауырып қалуына байланысты, Борисов оқушысы – белгісіз себеппен. Взвод командирі – Сәкенов оқушысы».*

Баяндаманы қабылдап алғаннан кейін сабақ жетекшісі саптың ортасына келіп, одан үш-төрт қадам жерде тоқтайды, сапқа бет бұрып білім алушылармен

амандасады: *«Сәлеметсіздер ме, оқушылар!»*. Білім алушылар амандасуға қатты, анық және бір мезгілде жауап береді: *«Сәлеметсіз бе, капитан!»*.

Сабақ барысында тәртіп пен ұйымшылдық үнемі сақталуы тиіс. БӨД педагогі білім алушыға жүгінген кезде, ол тез орнынан тұрып, *«Тік тұр»* қалпын қабылдап, өз тегін атайды. Егер сабақ жетекшісі білім алушыға тегі бойынша жүгінсе, білім алушы: *«Мен»* деп жауап береді. Отыруға рұқсат алғаннан кейін білім алушы: *«Құп болады»* деп жауап беріп, тез әрі шу шығармай отырады. Білім алушы БӨД педагогіне жүгінген кезде қол көтереді және рұқсат алғаннан кейін орнынан тұрып, *«Тік тұр»* қалпын қабылдап, өз тегін атап, сұрағын қояды.

Сабақ (дәріс) аяқталғаннан кейін взвод командирі сабақ жетекшісінің рұқсатымен *«Тік тұр»* немесе *«Тұр, тік тұр»* командасын береді. Сабақ жетекшісі: *«Сау болыңыздар, мырза оқушылар»* дейді. Білім алушылар бір мезгілде: *«Сау болыңыз, капитан мырза»* деп жауап береді де, *«Еркін тұр»* командасынан кейін сыныптан шығады. Егер сабақ сыныптан тыс жерде өткізілсе, *«Еркін тұр, тараңдар»* командасы беріледі.

Білім алушылар сабаққа дайындалып және әскери-далалық киім нысанын киіп келуге міндетті. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің киім нысанына және айырым белгілеріне ұқсас немесе соған сәйкес келетін киім нысаны мен айырым белгілерін киюге жол берілмейді.

Сабақ өткізу кезінде БӨД педагогінің әскери киім нысанын киюі БӨД қағидаларында көзделген міндетті талап болып табылады.

Практикалық сабақтардың басында зерделенетін мәселелер бойынша іс-қимыл жасау кезіндегі мінез-құлық қағидалары мен қауіпсіздік шаралары қысқаша түсіндіріледі.

Сабаққа (дәріске) дайындық барысында сабақ жетекшісіне: тақырып пен оқу сұрақтарын нақтылау; оқу және тәрбиелік мақсаттарды, оқу сұрақтарын пысықтау тәртібін, сабақтың материалдық қамтамасыз етілуін айқындау; бұрын өтілген материалды меңгеру деңгейін тексеру нысандары мен сұрақтарын белгілеу; жарғылардың, ұсынымдардың, оқулықтардың және өзге де әдебиеттердің тиісті бөлімдерін зерделеу; тәсілдер мен іс-қимылдарды орындауға жаттығу; үй тапсырмасын анықтау ұсынылады.

Сабақ өткізілетін орын мен материалдық қамтамасыз ету алдын ала дайындалуы тиіс.

Практикалық және тактикалық-саптық сабақтарға дайындық кезінде сабақ жетекшісі көмекшілермен нұсқама жүргізеді, білім алушылармен тәсілдер мен іс-қимылдарды қандай реттілікпен пысықтау қажет екенін көрсетеді және оларды тәсілдер мен іс-қимылдарды дұрыс орындауға үйретеді.

Сабаққа дайындық сабақ (дәріс) өткізу жоспарын жасаумен аяқталады.

Сабақ (дәріс) өзара тығыз байланысқан кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерден тұрады.

Кіріспе бөлімде взводты сапқа тұрғызу, сабақ жетекшісіне баяндама беру, білім алушылардың сыртқы келбетін тексеру және олардың бұрын өтілген материалды меңгеру деңгейін анықтау жүргізіледі. Взводты сапқа тұрғызу кезінде сабақ жетекшісі сапқа тұрудың дұрыстығы мен нақтылығына, саптық

тәртіптің сақталуына, білім алушылардың сапқа тұру және саптағы сарбаз міндеттерін орындауына назар аударады және кемшіліктерді жоюға қол жеткізеді.

Бұрын өтілген материалды меңгеру деңгейін тексеру білім алушыларға сұрақ қою, олардың тәсілдер мен іс-қимылдарды орындауы және басқа да әдістер арқылы жүргізілуі мүмкін.

Сабақтың негізгі бөлімінде сабақтың (дәрістің) тақырыбы мен мақсаттары хабарланғаннан кейін оқу сұрақтарының мазмұнына байланысты жаңа материал түсіндіріледі және оны бекіту немесе тәсілдер мен іс-қимылдарға үйрету, не екеуі қатар жүргізіледі. Жаңа материалды бекіту барлық материалды немесе бірнеше негізгі сұрақтарды түсіндіргеннен кейін сұрау, есептер шығару және тәсілдер мен іс-қимылдарды орындау арқылы жүргізілуі мүмкін.

Тәсілдер мен іс-қимылдарға үйрету, әдетте, белгіленген реттілікпен жүргізіледі. Сабақ жетекшісі тәсілді немесе іс-қимылды алдымен толық күйінде үлгілі түрде көрсетеді, содан кейін оны элементтер бойынша орындау тәртібі мен қағидаларын қысқаша түсіндіре отырып көрсетеді. Білім алушылар сабақ жетекшісінің және алдын ала дайындалған көмекшілердің жетекшілігімен көрсетілген тәсілді немесе іс-қимылды әуелі элементтер бойынша, кейін толық түрде дұрыс орындағанға дейін үйренеді. Осыдан кейін тәсілді немесе іс-қимылды толық әрі нақты орындау бойынша жаттығу жүргізіледі.

Қорытынды бөлімде өткізілген сабақтың қорытындысы шығарылады, білім алушылардың сабақтағы жұмысына баға беріледі, жауаптар мен іс-қимылдардағы кемшіліктер көрсетіледі, жекелеген білім алушылардың үлгілі жауаптары мен іс-қимылдары атап өтіледі, үй тапсырмасы беріледі.

10-сыныпта «Бастапқы әскери даярлық» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқу жылы ішіндегі ағымдағы үлгерім қорытындылары және далалық (лагерьлік) оқу-жаттығу сабақтарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте далалық (лагерьлік) оқу-жаттығу сабақтарының нәтижелері қорытынды бағаны қою кезінде айқындаушы мәнге ие болады.

Білім алушылардың БӘД бойынша үлгерімін бағалау жалпы негіздерде (басқа пәндер сияқты) және білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын бағалау нормаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

БӘД бағдарламасы толық меңгерілгеннен кейін білім алушылардың білім деңгейі мен практикалық дағдыларын анықтау мақсатында қорытынды бағалар қойылатын бақылау сабақтары өткізіледі. Бұл сабақтарда әрбір білім алушы БӘД педагогінің тапсырмасы бойынша практикалық іс-қимылдарды (тәсілдер, нормативтер) орындайды және теориялық сұрақтарға жауап береді.

Білім алушылардың теориялық білімдерін тексеру ауызша сұрау, жағдаяттық және практикалық-бағдарланған тапсырмалар, оқу кейстерін шешу, әртүрлі жағдайларды модельдеу, нормативтерді орындау, іс-қимыл алгоритмдерін көрсету, сондай-ақ жеке және топтық практикалық тапсырмаларды орындау түрінде жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар барлық ер балалар жеке саптық тәсілдерді орындайды. «Бастапқы әскери даярлық» пәні

бойынша қорытынды баға бақылау және практикалық сабақтардың нәтижелерін ескере отырып, жылдық бағалар негізінде қойылады.

БӘД бойынша оқыту мен тәрбиелеуге басшылық жасауды білім беру ұйымының басшысы жүзеге асырады. Ол нақты болуы және білім алушыларды бастапқы әскери даярлау міндеттерінің толық әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Басшылықтағы негізгі бағыттар: жастарды бастапқы әскери даярлауды терең ойластырылған түрде жоспарлау; БӘД педагогтерінің әдістемелік шеберлігін үнемі жетілдіру және оларға күнделікті көмек көрсету; сабақтардың өту барысын жүйелі бақылау; оқыту мен тәрбиелеу практикасына озық тәжірибені зерделеу және енгізу; оқу-материалдық базаны үздіксіз жетілдіру және оқытуда әртүрлі техникалық құралдарды тиімді пайдалану болып табылады.

Жастарды бастапқы әскери даярлау Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ұйымдастырылады және өткізіледі.

БӘД бойынша білім мен дағдыларды бекіту мақсатында 10-сыныптың соңында ер балалармен бес күндік далалық (лагерьлік) оқу-жаттығу сабағы (бұдан әрі – ДОС), ал қыз балалармен алғашқы көмек көрсету негіздері бойынша бес күндік ДОС өткізіледі. Бұл сабақтарды өткізу үшін әр сыныпқа 30 оқу сағаты бөлінеді. ДОС барысында пысықталуға тиіс тақырыптар Бағдарламаның тиісті бөлімдерінде айқындалған.

Білім беру ұйымдары үшін ДОС-ты ұйымдастыру мен өткізу тәртібін ЖӘБО-мен келісу бойынша жергілікті білім беру органдары айқындайды.

Білім беру ұйымдарында ДОС-қа тартылатын ер балалардан саны 30 адамнан аспайтын взводтар құрылады. Егер білім беру ұйымында ДОС-қа бір мезгілде екі және одан да көп взвод қатысатын болса, онда білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен БӘД педагогіне көмек көрсету үшін әрбір взводқа бір адам есебінен мұғалімдер тағайындалады. Гарнизон бастығымен (әскери бөлім командирімен) келісім бойынша ДОС өткізу кезінде БӘД педагогіне көмек көрсету үшін офицерлер, сержанттар және старшиналар тағайындалуы мүмкін.

Білім алушылармен ДОС өткізу уақыты мен орны, сондай-ақ білім алушыларды жеке құрамның орналасуымен және тұрмыс-тіршілігімен, қару-жарақпен және әскери техникамен таныстыру мақсатында әскери бөлімге (әскери оқу орнына) бару уақытын ЖӘБО жергілікті білім беру органдарымен бірлесіп, гарнизон бастығымен (әскери бөлім командирімен) келісу арқылы жаңа оқу жылына арналған бастапқы әскери даярлықты жоспарлау басталғанға дейін айқындайды және оларды білім беру ұйымдарының басшыларына жеткізеді.

Бастапқы әскери даярлықты жоспарлау Бағдарлама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Ол бағдарламаның толық әрі сапалы орындалуын, оның барлық бөлімдерін кешенді зерделеуді, сондай-ақ тиісті тақырыптарды басқа оқу пәндерімен тығыз байланыста оқытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Білім беру ұйымында бүкіл оқу жылына арналған бастапқы әскери даярлықтан өтудің күнтізбелік-тақырыптық жоспары жасалады және сабақтар жалпы сабақ кестесіне енгізіледі.

БӘД педагогі өзінің практикалық қызметінде төмендегілерді басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
2. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
3. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы;
4. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңы;
5. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы;
6. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Заңы;
7. Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 қарашадағы «Жасанды интеллект туралы» Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі қаулысымен бекітілген 2024–2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы;
9. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы;
10. Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 16 шілдедегі «Әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы;
11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы қаулысымен бекітілген 2030 жылға дейінгі әскери-патриоттық тәрбие тұжырымдамасы;
12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы қаулысымен бекітілген Әскери-патриоттық тәрбие қағидалары;
13. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 «Бастапқы әскери даярлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Бақылау сабақтарын өткізу нысандары мен әдістері

Білім алушылардың теориялық білімдерін тексеру ауызша сұрау, ситуациялық және тәжірибеге бағдарланған тапсырмалар, оқу кейстерін шешу, түрлі жағдайларды модельдеу, нормативтерді орындау, іс-әрекет алгоритмдерін көрсету, сондай-ақ жеке және топтық практикалық тапсырмаларды орындау түрінде жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар, барлық ер балалар жеке саптық

тәсілдерді орындайды. «Бастапқы әскери даярлық» пәні бойынша қорытынды баға бақылау және практикалық сабақтардың нәтижелерін ескере отырып, жылдық бағалар негізінде қойылады.

«Бастапқы әскери даярлық» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалауды бөлімдердің мазмұны мен сабақтардың тақырыбын ескере отырып, тәжірибеге бағдарланған оқыту нысандары мен әдістерін қолдану арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

Әскери-тарихи, психологиялық және әскери-патриоттық бағыттағы бөлімдер бойынша ауызша сұрау, ситуациялық тапсырмаларды талдау, пікірталас, оқу дискуссиялары, кейстерді шешу, мини-жобалар, презентациялар және сыни ойлауды, жағдайды талдау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған практикалық тапсырмаларды қолдану ұсынылады.

Тактикалық, атыс және саптық даярлық бөлімдері бойынша бақылауды практикалық нормативтерді орындау, жеке саптық тәсілдерді көрсету, іс-қимыл алгоритмдерін пысықтау, қаруды бөлшектеу және жинақтау, оқжатарды жабдықтау, жергілікті жерде бағдарлану, шағын топ құрамында әрекет ету, сондай-ақ оқу-тактикалық жағдайларды модельдеу түрінде жүргізу ұсынылады.

Заманауи әскери технологиялар, цифрлық қауіпсіздік, ұшқышсыз жүйелер және жасанды интеллектке байланысты бөлімдер бойынша цифрлық платформаларды, үш өлшемді симуляторларды, навигациялық қосымшаларды, тактикалық модельдеу элементтерін қолдану арқылы практикалық тапсырмалар, оқу жағдайларын талдау, ақпараттық және киберқауіпсіздік бойынша тапсырмаларды орындау ұсынылады.

Әскери-медициналық даярлық және тактикалық медицина бөлімдері бойынша бақылауды алғашқы көмек көрсету дағдыларын практикалық пысықтау, жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу, жгут (турникет) салу, иммобилизациялау, зардап шегушіні тасымалдау, сондай-ақ төтенше және экстремалды жағдайларда әрекет ету бойынша ситуациялық тапсырмаларды шешу арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

Бақылау сабақтарын өткізу кезінде білім алушылардың теориялық дайындық деңгейімен қатар, алған білім, білік және дағдыларын тәжірибеде қолдана білуі, белгіленген алгоритм бойынша әрекет етуі, қауіпсіздік талаптарын сақтауы, команда құрамында жұмыс істеуі және түрлі жағдайларда шешім қабылдай білуі ескерілуі ұсынылады.

Тақырыптар бойынша ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

«Әскери даярлық – сенімді мінез бен психологиялық тұрақты тұлғаны қалыптастыру факторы» тақырыбы. Бақылау сабағын эссе, жағдаяттық тапсырмалар, өзін-өзі талдау, психологиялық кейстер, топтық талқылаулар және стресс жағдайындағы іс-қимылдарды модельдеу түрінде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары, мына тақырыптар бойынша эссе жазу:

– «Әскери даярлық адамның мінез-құлқының қалыптасуына қалай әсер етеді»;

– «Неліктен стресске төзімділік заманауи адамның маңызды қасиеті болып табылады»;

– «Адам өміріндегі тәртіп пен өзін-өзі бақылаудың рөлі»;

– «Командалық жұмыстағы көшбасшылық пен жауапкершілік».

Эссе көлемі: 1–2 бет.

Эссені бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- тақырыптың толық ашылуы;
- ойдың логикалық және жүйелі баяндалуы;
- қорытындылардың дербестігі;
- өмірден, тарихтан немесе оқу жағдайларынан мысалдардың болуы;
- жазбаша тілдің сауаттылығы мен мәдениеті.

Мысалы, келесі жағдаяттық тапсырмаларды қолдану ұсынылады:

Жағдаяттық тапсырма №1

Оқу сабағы барысында топ қатысушыларының бірі үрейге бой алдырып, қойылған тапсырманы орындаудан бас тартты. Топ командирінің іс-қимыл алгоритмін анықтау қажет.

Дұрыс жауап:

- сабырлылықты сақтау;
- топ ішінде дүрбелеңге жол бермеу;
- қатысушыға психологиялық қолдау көрсету;
- міндеттерді нақты бөлу;
- тапсырманы әрі қарай орындауды ұйымдастыру.

Жағдаяттық тапсырма №2

Топ шектеулі уақыт пен психологиялық қысым жағдайында тапсырма орындауда. Қатысушылардың бірі қобалжу салдарынан қателіктер жібереді. Психологиялық тұрақтылық пен іс-қимыл тиімділігін сақтаудың жолдарын ұсыну қажет.

Дұрыс жауап:

- өзін-өзі бақылауды сақтау;
- белгіленген алгоритм бойынша әрекет ету;
- командалық өзара іс-қимылды сақтау;
- қойылған тапсырмаға назар аудару;
- іс-қимылдағы эмоциялық тұрақсыздыққа жол бермеу.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы психологиялық тұрақтылықтың рөлін түсінетінін көрсетеді, жағдайларды сенімді талдайды, логикалық шешімдер мен дәлелді қорытындылар ұсынады;

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды жалпы дұрыс орындайды, жағдайды талдау кезінде жекелеген дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы жағдайды талдау мен қорытынды жасауда қиындық көреді, педагогтің көмегін қажет етеді;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы тақырып мазмұнын аша алмайды, жағдайларды талдау негіздерін және іс-қимыл алгоритмдерін меңгермеген.

«Ұлы дала жауынгерлері – күш пен рух мұрасы» тақырыбы. Бақылау сабағын эссе жазу, тарихи талдау, шағын жобалар мен презентациялар дайындау, әскери-тарихи тұлғалар мен оқиғаларды талқылау түрінде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын эссе тақырыптары:

- «Неліктен қазақ халқы әрқашан жауынгер халық болған»;
- «Қазақстан мемлекеттілігін сақтаудағы батырлардың рөлі»;
- «Томирис – күштің, ерліктің және туған жерді қорғаудың символы»;
- «Бауыржан Момышұлы – әскери ар-намыс, тәртіп және отаншылдық үлгісі»;
- «Қазақстандық бітімгерлер: бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікке қызмет ету»;
- «Ұлы дала жауынгерлік дәстүрлері және олардың қазіргі ұрпақ үшін маңызы»;
- «Бес қару – қазақ халқының жауынгерлік мәдениеті мен өнері»;
- «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі».
- Эссе көлемі: 1–2 бет.
- Эссені бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:
- тақырыптың толық және терең ашылуы;
- баяндаудың логикалылығы мен жүйелілігі;
- білім алушының дербес қорытындылары мен жеке ұстанымының болуы;
- тарихи фактілерді, мысалдарды және тарихи тұлғаларды қолдану;
- жауынгерлік дәстүрлердің, отаншылдықтың және Отанға қызмет етудің маңызын түсіну;
- жазбаша тілдің сауаттылығы және эссе құрылымын сақтау.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – тақырып толық әрі жүйелі ашылған, білім алушы тарихи фактілер мен мысалдарды қолданады, қорытындылардың дербестігін, баяндаудың сауаттылығы мен логикалылығын көрсетеді;

«Жақсы» – тақырып жеткілікті деңгейде ашылған, жекелеген дәлсіздіктер немесе талдаудың жеткіліксіз тереңдігі кездеседі, сонымен бірге құрылымы мен негізгі қорытындылары сақталған;

«Қанағаттанарлық» – тақырып ішінара ашылған, қорытындыларды тұжырымдауда қиындықтар бар, тарихи мысалдар мен дәлелдер жеткіліксіз;

«Қанағаттанарлықсыз» – тақырып ашылмаған, баяндау логикасы жоқ, тарихи фактілер қолданылмаған немесе елеулі қателіктер жіберілген.

«Заманауи қауіптер және мемлекеттің қорғанысын нығайту» тақырыбы. Бақылау сабағын аналитикалық хабарлама, презентация, жағдаяттық талдау, топтық талқылау және шағын жобаларды қорғау түрінде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын баяндамалар мен презентациялар тақырыптары:

- «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төнетін заманауи қауіптер»;
- «Мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қарулы Күштердің рөлі»;
- «Жастарды Отан қорғауға даярлаудың маңызы неде»;

- «Ақпараттық қауіптер және цифрлық қауіпсіздік»;
- «Терроризм мен экстремизм – қазіргі қоғамға төнетін қауіп»;
- «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бітімгерлік қызметі»;
- «Заманауи армия және қорғаныс саласындағы жаңа технологиялар»;
- «Әскери қызмет – азаматтық жауапкершіліктің көрінісі».

Сөйлеу ұзақтығы: 3–5 минут. Презентация слайдтарының саны: 7-ге дейін.

Мазмұнына қойылатын ұсынылатын талаптар:

- тақырыптың өзектілігін ашу;
- заманауи қауіптер мен тәуекелдерді талдау;
- қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі армия мен мемлекеттің рөлін ашу;
- қорытындылар мен ұсыныстардың болуы;
- мысалдарды, статистикалық деректерді, тарихи фактілерді немесе заманауи оқиғаларды қолдану.

Бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- тақырыптың толық ашылуы;
- баяндаудың логикалылығы мен жүйелілігі;
- ақпаратты талдау және қорытынды жасау қабілеті;
- презентациялық материалдың дайындалу сапасы;
- сөйлеу сауаттылығы және регламентті сақтау;
- сұрақтарға дәлелді жауап беру қабілеті.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы тақырыпты сенімді ашады, аналитикалық ойлауын көрсетеді, мысалдар мен дәлелдер қолданады, негізделген қорытындылар жасайды, материалды сауатты ұсынады;

«Жақсы» – тақырып жеткілікті толық ашылған, жекелеген дәлсіздіктер немесе талдаудың жеткіліксіз тереңдігі кездеседі;

«Қанағаттанарлық» – тақырып ішінара ашылған, қорытындылар жеткілікті дәлелденбеген, материалды ұсынуда қиындықтар бар;

«Қанағаттанарлықсыз» – тақырып ашылмаған, талдау мен баяндау логикасы жоқ, білім алушы материалды меңгермеген.

«Заманауи қару-жарақ пен әскери техниканың негізгі түрлері (ҚӘТ)» тақырыбы. Бақылау сабағын аналитикалық хабарлама, практикалық тапсырма, жағдаяттық талдау және заманауи қару-жарақ пен әскери техника үлгілерінің презентациясы түрінде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

1. Суреттер немесе макеттер бойынша қару-жарақ пен әскери техниканың түрлерін анықтау:
 - атыс қаруы;
 - броньды танк техникасы;
 - артиллериялық жүйелер;
 - авиациялық техника;
 - әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдары;
 - ұшқышсыз жүйелер.
2. Салыстырмалы кестені толтыру:

Қару түрі	Мақсаты	Қолдану ерекшеліктері
-----------	---------	-----------------------

3. Тақырыптар бойынша аналитикалық хабарлама дайындау:

- «Заманауи қарулы қақтығыстардағы ұшқышсыз жүйелердің рөлі»;
- «Жоғары дәлдіктегі қару және соғыс жүргізудің заманауи нысандары»;
- «Мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі авиация мен әуе қорғанысының рөлі».

қорғанысының рөлі».

Сөйлеу ұзақтығы: 3–5 минут. Слайдтар саны: 5-ке дейін.

Жағдаяттық тапсырма №1

Бөлімшеге жеке құрамға қауіп төндірмей, жетуі қиын жер учаскесін бақылауды ұйымдастыру қажет. Тапсырманы орындаудың ең тиімді құралын анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- ҰҰА қолдану;
- қашықтан бақылау жүргізу;
- топқа координаттар мен деректерді беру;
- жеке құрам үшін тәуекелді төмендету.

Жағдаяттық тапсырма №2

Топқа шартты нысанды әуе қауіпінен қорғауды қамтамасыз ету қажет. Тапсырманы шешу үшін қару-жарақ пен техниканың қай түрлері ең тиімді екенін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдарын пайдалану;
- радиолокациялық анықтау құралдарын қолдану;
- авиациямен өзара іс-қимыл жасау;
- бақылау және хабарлау жүйесін ұйымдастыру.

Бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- қару-жарақ пен техниканың жіктелуін білу;
- ҚӘТ-тің әртүрлі түрлерінің мақсатын түсіну;
- жағдай шарттарын талдау қабілеті;
- тапсырманы орындау құралдарын таңдаудың логикалылығы;
- жауаптардың сауаттылығы мен дәлелділігі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы қару-жарақ пен техника түрлерін сенімді жіктейді, олардың мақсатын дұрыс анықтайды, жағдайды логикалық талдайды және негізделген шешімдер ұсынады;

«Жақсы» – білім алушы жекелеген дәлсіздіктер жібереді, бірақ жалпы тапсырмаларды дұрыс орындайды және ҚӘТ мақсатын түсінеді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы қару-жарақты жіктеу мен жағдаяттарды талдау кезінде қиындық көреді, педагогтің көмегін қажет етеді;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы тақырып бойынша базалық білімді меңгермеген, қару-жарақ пен техниканың мақсатын анықтай алмайды және елеулі қателіктер жібереді.

«Жеке қару және сарбаздың жабдықталуы (жеті қару)» тақырыбы.
Бақылау сабағын практикалық көрсету, жағдаяттық талдау және жеке тапсырмаларды орындау түрінде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

1. Заманауи әскери қызметшінің жабдықталу элементтерін анықтау:
 - бронежилет;
 - дулыға;
 - дәрі қобдишасы;
 - байланыс құралдары;
 - жеке қорғаныс құралдары;
 - жүк көтергіш жүйе элементтері.
2. Тапсырманы орындауға арналған жеке жабдықталу жиынтығын дайындау:
 - қалалық жерде;
 - ыстық климат жағдайында;
 - суық ауа райы жағдайында.
3. Жабдықталудың әрбір элементінің мақсатын және оның әскери қызметшінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін түсіндіру.

Жағдаяттық тапсырма №1

Білім алушы төмен температура және шектеулі көріну жағдайында әрекет етуге дайындалу тапсырмасын алды. Жеке жабдықталу құрамын анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- жылытылған киім нысаны;
- қолды қорғайтын құралдар;
- дәрі қобдишасы;
- навигация және байланыс құралдары;
- шам немесе дабыл беру құралдары;
- жеке қорғаныс құралдары.

Жағдаяттық тапсырма №2

Тапсырманы орындау барысында әскери қызметші жабдықталу элементтерін дұрыс бекітпеген, бұл қозғалысты шектеп, қауіпсіздікке қауіп төндірді. Қателіктерді анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- жабдықталуды дұрыс реттемеу;
- жүктемені бөлудің бұзылуы;
- қозғалыс еркіндігінің шектелуі;
- қауіпсіздік талаптарын сақтамау.

Бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- жабдықталу элементтерін білу;
- қорғаныс құралдарының мақсатын түсіну;
- жеке жабдықталу жиынтығын дұрыс дайындау;
- әртүрлі жағдайлардағы іс-қимылдардың логикалылығы;
- тапсырманы орындаудағы ұйымдасқандық пен жүйелілік.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы жабдықталу элементтерін сенімді анықтайды, жеке жиынтықты дұрыс таңдайды және әрбір элементтің мақсатын түсіндіреді;

«Жақсы» – білім алушы жабдықталуды таңдауда жекелеген дәлсіздіктер жібереді, бірақ жалпы тапсырмаларды дұрыс орындайды;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы жабдықталудың жекелеген элементтерін біледі, алайда практикалық тапсырмаларды орындауда қиындық көреді;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы жабдықталуды дайындау негіздерін меңгермеген және қорғаныс құралдарының мақсатын түсіндіре алмайды.

«Атыс қаруының мақсаты мен жалпы құрылысы» тақырыбы. Бақылау сабағын АК-74 автоматын толық емес бөлшектеу және жинау нормативтерін орындау, қарудың негізгі бөлшектері мен механизмдерін анықтау, сондай-ақ қарумен жұмыс істеу тәртібін көрсету түріндегі практикалық бақылау сабағы ретінде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

1. АК-74 автоматының негізгі бөлшектері мен механизмдерін анықтау:

- ұңғы және ұңғы қорабы;
- газ поршені бар бекітпе жақтауы;
- бекітпе;
- қайтармалы механизм;
- оқжатар;
- ұрып-түсіру механизмі;
- дүм және құндақ.

2. АК-74 автоматын белгіленген реттілік бойынша толық емес бөлшектеуді орындау.

3. АК-74 автоматын толық емес бөлшектеуден кейін жинауды орындау.

4. Автоматтың негізгі бөлшектерінің мақсатын және қару механизмдерінің жұмыс істеу қағидатын түсіндіру.

Практикалық жаттығу №1

АК-74 автоматын уақытқа толық емес бөлшектеуді орындау.

Ұсынылатын норматив: АК-74 толық емес бөлшектеу – 19 секундқа дейін.

Практикалық жаттығу №2

АК-74 автоматын толық емес бөлшектеуден кейін уақытқа жинауды орындау.

Ұсынылатын норматив: АК-74 жинау – 25 секундқа дейін.

Жағдаяттық тапсырма

Жаттығуды орындау барысында білім алушы автоматты жинау реттілігін бұзып, механизмді дұрыс орнатпады. Әрі қарайғы іс-қимыл тәртібін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- жаттығуды орындауды тоқтату;

- бөлшектердің дұрыс орнатылуын тексеру;
- белгіленген реттілік бойынша жинауды орындау;
- тапсырманың орындалуы туралы сабақ жетекшісіне баяндау;
- қарумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау.

Бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- АК-74 автоматының құрылысын білу;
- іс-қимылдардың дұрыстығы мен реттілігі;
- қауіпсіздік шараларын сақтау;
- белгіленген уақыт нормативін сақтау;
- іс-қимылдардың ұқыптылығы мен ұйымдасқандығы;
- тапсырманы орындаудағы сенімділік.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы автоматты дұрыс және ретімен бөлшектеп-жинайды, қауіпсіздік шараларын сақтайды және белгіленген уақыт нормативіне сай орындайды;

«Жақсы» – білім алушы тапсырманы орындау нәтижесіне әсер етпейтін болмашы қателіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы іс-қимылдардың реттілігін бұза отырып орындайды немесе уақыт нормативінен асып кетеді;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы автоматтың құрылысын білмейді, өрескел қателіктер жібереді және қауіпсіздік талаптарын бұзады.

«Гранаталардың мақсаты мен жалпы құрылысы» тақырыбы. Бақылау сабағын практикалық көрсету, жағдаяттық талдау, ауызша сұрау және оқу жаттығуларын орындау түрінде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

1. Қол гранаталарының негізгі түрлерін және олардың мақсатын анықтау.
2. Қол гранатасының құрылысын түсіндіру:
 - корпус;
 - тұтатқыш;
 - сақтандырғыш сақинасы;
 - иінтірек;
 - жарылғыш зат.
3. Қол жарықшақты гранатасының жұмыс істеу қағидатын түсіндіру.
4. Гранаталардың жауынгерлік қасиеттерін және оларды қолдану ерекшеліктерін анықтау.

Практикалық жаттығу

Оқу гранатасын лақтыруды орындамай, оны қолдануға дайындаудың дұрыс реттілігін көрсету.

Ұсынылатын іс-қимыл реттілігі:

- дайын қалыпты қабылдау.

Жағдаяттық тапсырма

Жаттығуды орындауға дайындық кезінде білім алушы басқа қатысушының оқу гранатасымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын бұзып жатқанын байқады.

Ұсынылатын жауап:

- іс-қимылды дереу тоқтату;
- білім алушыға бұзушылық туралы ескерту жасау;
- сабақ жетекшісіне хабарлау;
- қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;
- қауіпті әрекеттердің алдын алу.

Бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- гранаталардың құрылысы мен мақсатын білу;
- гранатаның әрекет ету қағидатын түсіну;
- қауіпсіздік шараларын сақтау;
- іс-қимыл алгоритмін дұрыс орындау;
- білім алушының ұйымдасқандығы мен тәртіптілігі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы гранатаның құрылысын және әрекет ету қағидатын сенімді түсіндіреді, іс-қимыл реттілігін дұрыс орындайды және қауіпсіздік шараларын сақтайды;

«Жақсы» – білім алушы тапсырманы орындаудың жалпы нәтижесіне әсер етпейтін жекелеген дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы гранатаның құрылысын түсіндіруде және іс-қимыл алгоритмін орындауда қиындық көреді;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы тақырып бойынша базалық білімді меңгермеген және қауіпсіздік талаптарын бұзады.

«Қару және оқ-дәрілермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары» тақырыбы. Бақылау сабағын практикалық көрсету, жағдаяттық талдау, қауіпті жағдайларды модельдеу және қарумен қауіпсіз жұмыс істеу алгоритмдерін орындау түрінде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

Қарумен қауіпсіз жұмыс істеуді көрсету:

- атысқа дайындық кезінде;
- атысқа дайындалу кезінде;
- қаруды бөлшектеу және жинау кезінде;
- қаруды тазалау кезінде;
- қаруды алып жүру кезінде;
- практикалық атысты орындау кезінде.

Ұсынылған жағдаяттық мысалдар бойынша қауіпсіздік шараларының бұзылуын анықтау. Сабақ басталар алдында қаруды тексеру алгоритмін орындау.

Жағдаяттық тапсырма №1 Практикалық сабақ барысында білім алушы қаруды адамдарға қарай бағыттады.

Ұсынылатын жауап:

- жаттығуды орындауды дереу тоқтату;
- қаруды қауіпсіз бағытқа бұру;
- қаруды сақтандырғышқа қою;
- сабақ жетекшісіне баяндау;

- қауіпсіздік талаптарының бұзылуын жою.

Жағдаяттық тапсырма №2 Сабақ аяқталғаннан кейін білім алушы патронникте оқтың жоқтығын тексермей, қаруды бөлшектеуге кірісті.

Ұсынылатын жауап:

- іс-қимылды тоқтату;
- қарудың оқсыз екендігін тексеру;
- бақылау тексерісін жүргізу;
- қарудың қауіпсіздігі расталғаннан кейін ғана әрекеттерді жалғастыру.

Бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- қауіпсіздік талаптарын білу;
- іс-қимыл алгоритмін дұрыс орындау;
- тәртіптілік пен мұқияттылық;
- қауіпті жағдайларды жылдам анықтау қабілеті;
- қауіпсіздік талаптарының бұзылуына дұрыс әрекет ету.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы қауіпсіздік талаптарын сенімді сақтайды, іс-қимылдарды дұрыс орындайды және қауіпті жағдайларға сауатты әрекет етеді;

«Жақсы» – білім алушы қауіпсіздікке әсер етпейтін жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы қауіпсіздіктің негізгі талаптарын біледі, алайда жекелеген әрекеттерді орындау кезінде қателіктер жібереді;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы қауіпсіздік талаптарын бұзады және қару мен оқ-дәрілермен қауіпсіз жұмыс істеу алгоритмін меңгермеген.

«Ату негіздері» тақырыбы. Бақылау сабағын атысқа дайындалу нормативтерін орындау, қарумен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау, АК-74 автоматын уақытқа бөлшектеу және жинау, дұрыс көздеуді, атыс қалпын қабылдауды және атқыштың іс-қимыл алгоритмін орындауды қамтитын практикалық бақылау сабағы түрінде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

1. АК-74 автоматын белгіленген реттілік бойынша толық емес бөлшектеуді орындау.
2. Толық емес бөлшектеуден кейін АК-74 автоматын жинауды орындау.
3. Атысқа дұрыс дайындалуды көрсету:
 - жатып ату қалпы;
 - тізерлеп ату қалпы;
 - тұрып ату қалпы.
4. Шартты нысана бойынша дұрыс көздеуді орындау:
 - қарауыл мен көздеуішті сәйкестендіру;
 - көздеу сызығын ұстап тұру;
 - қару қалпын бақылау.
5. Атыс алдындағы атқыштың іс-қимыл алгоритмін көрсету:
 - қаруды тексеру;
 - қауіпсіздік шараларын сақтау;
 - атыс қалпын қабылдау;

- көздеу;
- шартты атысты орындау;
- атысты тоқтату және қаруды сақтандырғышқа қою.

Практикалық жаттығу №1 АК-74 автоматын уақытқа толық емес бөлшектеуді орындау.

Ұсынылатын норматив: АК-74 толық емес бөлшектеу – 19 секундқа дейін.

Практикалық жаттығу №2 Толық емес бөлшектеуден кейін АК-74 автоматын уақытқа жинауды орындау.

Ұсынылатын норматив: АК-74 жинау – 25 секундқа дейін.

Практикалық жаттығу №3 Жатып ату қалпында атысқа дайындалып, шартты нысана бойынша дұрыс көздеуді орындау.

Ұсынылатын талаптар:

- дененің дұрыс орналасуы;
- қалптың тұрақтылығы;
- қаруды дұрыс ұстау;
- қарауыл мен көздеуішті дұрыс сәйкестендіру;
- тыныс алуды бақылау және іс-қимылдың бірқалыптылығы.

Жағдаяттық тапсырма №1 Жаттығуды орындау барысында білім алушы қаруды сақтандырғышқа қойғанын тексермей, атысқа дайындалуға кірісті.

Ұсынылатын жауап:

- іс-қимылды тоқтату;
- қаруды сақтандырғышқа қою;
- қарудың қауіпсіздігін тексеру;
- қауіпсіздік талаптары сақталғаннан кейін ғана жаттығуды жалғастыру.

Жағдаяттық тапсырма №2 Көздеу кезінде білім алушы қарауыл мен көздеуішті дұрыс сәйкестендірмеді, бұл көздеу сызығының ауытқуына алып келді. Атқыштың қателіктерін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- қарауыл мен көздеуішті дұрыс сәйкестендірмеу;
- бас пен дене қалпының бұзылуы;
- тұрақты атыс қалпының болмауы;
- тыныс алуды бақылаудың бұзылуы;
- назардың жеткіліксіз шоғырлануы.

Бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- қарумен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау;
- іс-қимылдардың дұрыстығы мен реттілігі;
- АК-74 автоматының құрылысын білу;
- нормативті орындау уақытының сақталуы;
- атысқа дайындалу мен көздеудің дұрыстығы;
- атқыш қалпының тұрақтылығы;
- іс-қимыл алгоритмін нақты орындау;
- білім алушы әрекеттерінің сенімділігі, тәртіптілігі және ұйымдасқандығы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы жаттығудың барлық элементтерін дұрыс және ретімен орындайды, қауіпсіздік шараларын сақтайды, уақыт нормативіне сай орындайды, атысқа дайындалу мен көздеуді сенімді көрсетеді;

«Жақсы» – білім алушы тапсырманың жалпы нәтижесіне әсер етпейтін жекелеген болмашы қателіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы жаттығуларды жекелеген қателіктермен орындайды, іс-қимыл реттілігін бұзады немесе уақыт нормативінен асады;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы атысқа дайындалу және көздеу негіздерін меңгермеген, өрескел қателіктер жібереді және қауіпсіздік талаптарын бұзады.

«Әртүрлі шұғыл жағдайлар кезіндегі алғашқы көмек» тақырыбы. Бақылау сабағын алғашқы көмек көрсету дағдыларын практикалық пысықтау, шұғыл жағдайларды модельдеу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу және әртүрлі жарақаттар мен шұғыл жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмдерін орындау арқылы аралас түрде өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

Келесі жағдайларда алғашқы көмек көрсету алгоритмін көрсету:

- артериялық және веналық қан кету кезінде;
- күйік кезінде;
- сыну және буын шығу кезінде;
- есінен тану кезінде;
- құрысу кезінде;
- ыстық өту және күн өту кезінде;
- үсік шалу кезінде;
- тыныс алу жолдарының бітелуі кезінде;
- суға кету кезінде.

Практикалық пысықтауды орындау:

- бұрауышты (турникетті) салу;
- қысып таңғыш салу;
- аяқ-қолды иммобилизациялау;
- зардап шегушіні тұрақты қырынан жатқызу;
- жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу;
- тыныс алу жолдары бітелген кезде Геймлих әдісін орындау.

Әртүрлі шұғыл жағдайлар кезіндегі іс-қимыл тәртібін анықтау және алғашқы көмек құралдарын таңдау.

Практикалық жаттығу №1 Жоғарғы немесе төменгі аяқ-қолдағы шартты артериялық қан кету кезінде бұрауышты (турникетті) салуды орындау.

Ұсынылатын әрекеттер:

- қан кету орнын анықтау;
- бұрауышты жарадан жоғары салу;
- салынған уақытты белгілеу;
- қан кетудің тоқтау тиімділігін тексеру;

- зардап шегушінің жағдайын бақылау.

Практикалық жаттығу №2 Тыныс алу жолдарының шартты бітелуі кезінде алғашқы көмек көрсету алгоритмін орындау.

Ұсынылатын әрекеттер:

- тыныс алу жолдарының бітелу белгілерін анықтау;
- Геймлих әдісін орындау;
- зардап шегушінің жағдайын бақылау;
- қажет болған жағдайда медициналық көмек шақыру.

Жағдаяттық тапсырма №1 Спорттық сабақ барысында білім алушы шартты түрде сирақ сүйегін сындырды. Алғашқы көмек көрсету тәртібін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- зардап шегушінің жағдайын бағалау;
- зақымдалған аяқ-қол қозғалысын шектеу;
- иммобилизация жасау;
- медициналық көмек шақыруды ұйымдастыру;
- мамандар келгенге дейін зардап шегушінің жағдайын бақылау.

Жағдаяттық тапсырма №2

Тамақ ішу кезінде адам тұншығып, сөйлей алмай қалды. Іс-қимыл алгоритмін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- тыныс алу жолдарының толық бітелу белгілерін анықтау;
- Геймлих әдісін орындау;
- зардап шегушінің тынысын және есін бақылау;
- қажет болған жағдайда жедел жәрдем шақыру;
- есінен танған жағдайда жүрек-өкпе реанимациясын бастау.

Бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- алғашқы көмек көрсету алгоритмдерін білу;
- іс-қимылдарды дұрыс және ретімен орындау;
- санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау;
- практикалық дағдыларды дұрыс орындау;
- зардап шегушінің жағдайын жылдам бағалау қабілеті;
- қауіпсіздік шараларын сақтау;
- білім алушы әрекеттерінің ұйымдасқандығы, сенімділігі және дәлдігі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы алғашқы көмек көрсету алгоритмдерін дұрыс және ретімен орындайды, практикалық дағдыларды сенімді көрсетеді және шартты шұғыл жағдайда жылдам бағдарланады;

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды жалпы дұрыс орындайды, жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы алғашқы көмек көрсету алгоритмдерінің негіздерін біледі, алайда практикалық әрекеттерді орындау кезінде қателіктер жібереді және педагог көмегін қажет етеді;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы алғашқы көмек көрсету негіздерін меңгермеген, іс-қимыл реттілігін және қауіпсіздік талаптарын бұзады.

ДОС-тағы «Кешенді қорытынды сынақ»

Кешенді қорытынды сынақты тек практикалық түрде, нормативтерді орындау, оқу-тактикалық жаттығуларды орындау және білім алушылардың әскери-қолданбалы дағдыларын көрсету арқылы өткізу ұсынылады.

Кешенді қорытынды сынақ мыналарды қамтиды:

- атыс даярлығы;
- тактикалық даярлық;
- саптық даярлық;
- дене даярлығы;
- әскери-медициналық даярлық.

Атыс даярлығы

Практикалық бақылау тапсырмалары:

- АК-74 автоматын толық емес бөлшектеу;
- толық емес бөлшектеуден кейін АК-74 автоматын жинау;
- атысқа дайындалу;
- дұрыс көздеу;
- оқу гранатасын қашықтыққа лақтыру;
- оқу гранатасын дәлдікке лақтыру;
- қарумен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау.

АК-74-ті толық емес бөлшектеу Норматив (ұлдар, БӘД)

Баға	Уақыт
Өте жақсы	15 сек дейін
Жақсы	18 сек дейін
Қанағаттанарлық	20 сек дейін

АК-74-ті толық емес бөлшектеуден кейін жинау

Баға	Уақыт
Өте жақсы	25 сек дейін
Жақсы	30 сек дейін
Қанағаттанарлық	35 сек дейін

Оқу гранатасын қашықтыққа лақтыру

Лақтыру оқу гранатасымен (РГД-5) орнынан немесе жүгіріп келіп орындалады.

Баға	Ұлдар (10–11 сынып)	Қыздар (10–11 сынып)
Өте жақсы	35 м және одан көп	18–20 м
Жақсы	30 м	15 м
Қанағаттанарлық	25 м	12 м

Ескерту: 3 әрекет беріледі, ең жақсы нәтиже есепке алынады, лақтыру бастан асыра, педагог командасымен орындалады.

Гранатаны дәлдікке лақтыру

Шарттары (ҚР мектептері үшін типтік):

- нысанаға дейінгі қашықтық – 20–25 м;
- нысана – диаметрі 1–2 м шеңбер / окоп;
- 3 лақтыру.

Баға	Нәтиже
Өте жақсы	2–3 дәл тию
Жақсы	1 дәл тию
Қанағаттанарлық	нысана маңына түсу

Тактикалық даярлық**Практикалық бақылау тапсырмалары:**

- бауырлай еңбектеу;
- қалалық ортада шағын топ әрекеті;
- бақылау секторларын бөлу;
- қауіпсіз қозғалу;
- үшөлшемді тактикалық симуляторда тапсырмаларды орындау;
- жергілікті жерде бағдарлану және азимут бойынша қозғалу.

ҚР БӘД пәнінде бауырлай еңбектеу нормативі тактикалық және дене даярлығы сабақтарында, сондай-ақ әскери-спорттық жарыстарда қолданылады.

Орындау шарттары:

- қалып – жатып;
- дене жерге барынша жақын болуы тиіс;
- қозғалыс шынтақ пен аяқ ұшымен орындалады;
- қару (бар болса) алда немесе ременьде ұсталады;
- қашықтық әдетте 15 м немесе 20 м.

Бауырлай еңбектеу нормативі (15 м)

Баға	Уақыт
Өте жақсы	12 сек дейін
Жақсы	15 сек дейін
Қанағаттанарлық	18 сек дейін

Бауырлай еңбектеу нормативі (20 м)

Баға	Уақыт
Өте жақсы	18 сек дейін
Жақсы	22 сек дейін
Қанағаттанарлық	26 сек дейін

Саптық даярлық**Практикалық бақылау тапсырмалары:**

- саптық тұрысты орындау;
- орнында және қозғалыста бұрылу;
- саптық адымды орындау;
- әскери сәлемдесуді орындау;
- сап құрамында саптық тәсілдерді орындау.

Бағалау кезінде мыналарды ескеру ұсынылады:

- саптық тәсілдерді дұрыс орындау;
- әрекеттердің нақтылығы;
- саптық жинақылық;
- саптық тәртіпті сақтау;
- командаларды белгіленген тәртіппен орындау.

Дене даярлығы

Практикалық бақылау тапсырмалары:

- кермеде тартылу;
- 100 метрге жүгіру;
- 3000 метрге жүгіру;
- әскери-қолданбалы дене жаттығуларын орындау.

Ұсынылатын нормативтер:

Жаттығулар	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
Кермеде тартылу	14	10	6
100 метрге жүгіру	14,7	15,2	16,2
3000 метрге жүгіру	12.50	13.30	14.10

Әскери-медициналық даярлық

Практикалық бақылау тапсырмалары:

- жүрек-өкпе реанимациясы;
- бұрауыш (турникет) салу;
- зардап шегушіні тұрақты қырынан жатқызу;
- жараланғанды бір тәсілмен алып жүру;
- жараланғанды екі адаммен алып жүру;
- зардап шегушіні жермен сүйреп шығару.

Жараланғанды бір тәсілмен алып жүру (иықта/арқада)

Шарттары:

- қашықтық әдетте 20–30 м;
- бір қатысушы алып жүреді;
- жараланған адам қозғалысқа көмектеспейді;
- бастау команда бойынша орындалады.

Баға	Уақыт
Өте жақсы	10 сек дейін
Жақсы	13 сек дейін
Қанағаттанарлық	16 сек дейін

Жараланғанды екі адаммен алып жүру

Шарттары:

- қашықтық 20–30 м;
- екі адам бір адамды алып жүреді;
- «қолмен құлыптау» немесе иықтан ұстау тәсіліне рұқсат етіледі.

Баға	Уақыт
Өте жақсы	12 сек дейін
Жақсы	15 сек дейін
Қанағаттанарлық	18 сек дейін

Жараланғанды жермен сүйреп шығару

Шарттары:

- толық боймен тұру мүмкін болмаған жағдайда қолданылады;
- қашықтық: 10–15 м.

Баға	Уақыт
Өте жақсы	10 сек дейін
Жақсы	13 сек дейін
Қанағаттанарлық	16 сек дейін

ДОС бойынша қорытынды бағалаудың ұсынылатын критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы барлық практикалық нормативтер мен жаттығуларды дұрыс, толық көлемде және белгіленген нормативтік уақытта орындайды, әртүрлі оқу жағдайларында сенімді әрекет етеді, қауіпсіздік шараларын сақтайды, іс-қимыл реттілігінде қателік жібермейді.

«Жақсы» – білім алушы практикалық нормативтер мен жаттығуларды белгіленген уақытта орындайды, тапсырманы орындау дұрыстығына және қауіпсіздік талаптарын сақтауға әсер етпейтін жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы практикалық тапсырмаларды нормативтік уақыттан асырып орындайды немесе іс-қимыл реттілігінде жекелеген қателіктер жібереді, алайда жалпы алғанда негізгі практикалық дағдыларды меңгерген және қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтайды.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы белгіленген нормативтерді орындамайды, практикалық жаттығуларды орындау кезінде өрескел қателіктер жібереді, қауіпсіздік талаптарын бұзады және негізгі әскери-қолданбалы дағдыларды меңгермеген.

Тақырып «Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы». Бақылау сабағын ситуациялық талдау, қызметтік жағдайларды модельдеу, тәртіптік кейстерді шешу және оқу пікірталасы элементтерін қолдана отырып, аралас форматта өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары. Ситуациялық тапсырманы орындау:

Ситуациялық тапсырма №1

Тапсырманы орындау барысында әскери қызметшілердің бірі командирдің бұйрығын орындаудан бас тартты, бұл бөлімшенің іс-қимылының бұзылуына әкелді. Тәртіпті бұзудың салдарын анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- әскери тәртіп қағидаттарының бұзылуы;
- бөлімшенің ұйымдасқандығының төмендеуі;
- бұйрықты орындамағаны үшін жауапкершілік;
- тәртіптің бөлімшенің жауынгерлік қабілетіне әсері.

Тәртіптік жағдайды талдау.

Ұсынылатын тапсырма: Білім алушыға төмендегілерді анықтау ұсынылады:

- тәртіптің қандай талаптары бұзылғанын;
- қандай салдарлар туындауы мүмкін екенін;

- осы жағдайда қалай әрекет ету қажет болғанын.

Шағын эссе дайындау.

Ұсынылатын тақырыптар: «Әскери тәртіп – тәртіп пен ұйымдасқандықтың негізі», «Неліктен бұйрықты орындау бөлімше үшін маңызды», «Әскери қызметшінің өз әрекеті үшін жауапкершілігі».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 1 бет;
- мысалдардың болуы;
- өзіндік қорытындылардың болуы.

Оқу пікірталасын өткізу.

Ұсынылатын сұрақтар:

- Неліктен тәртіп жауынгерлік қабілеттіліктің негізі болып табылады?
- Тәртіп бөлімшенің қауіпсіздігіне қалай әсер етеді?
- Неліктен жауапкершілік әскери қызметші үшін маңызды?

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- әскери тәртіптің мәнін түсінуі;
- қызметтік жағдайларды талдау қабілеті;
- жауаптардың дәлелділігі;
- әскери қызметшінің жауапкершілігін түсінуі;
- өзіндік қорытындылардың болуы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы тәртіптік жағдайларды сенімді талдайды, әскери тәртіптің маңызын түсінеді және қорытындыларды дәлелді түрде тұжырымдайды;

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды орындау барысында жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы тақырыпты ішінара ашады және жағдайларды талдау кезінде қиындықтарға тап болады;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы әскери тәртіптің маңызын түсінбейді және жағдайларды талдай алмайды.

Тақырып «Әскери қызметшілер және олардың арасындағы өзара қарым-қатынас». Бақылау сабағын рөлдік модельдеу, ситуациялық талдау, топтық тапсырмалар және оқу пікірталасы элементтерін қолдана отырып, аралас форматта өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары.

Білім алушыларға төмендегілерді модельдеу ұсынылады:

- командирге жүгіну тәртібі;
- әскери сәлемдесуді орындау;
- әскери қызметшілер арасындағы өзара іс-қимыл;
- тапсырманы ұжым болып орындау жағдайындағы әрекеттер.

Ситуациялық тапсырманы орындау.

Ситуациялық тапсырма №1 Оқу тапсырмасын орындау барысында топ қатысушылары арасында ұжым ішіндегі өзара әрекетке кедергі келтіретін жанжал туындады. Әрекет ету тәртібін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- әскери әдеп нормаларын сақтау;
- жанжалды мінез-құлыққа жол бермеу;
- топ мүддесі үшін әрекет ету;
- әскери жолдастықты қолдау;
- жарғылық қарым-қатынас талаптарын сақтау.

Шағын хабарлама дайындау.

Ұсынылатын тақырыптар: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дара басшылық қағидаты», «Әскери жолдастық және өзара көмек», «Әскери әдеп – әскери мәдениеттің элементі».

Топтық талқылау өткізу.**Ұсынылатын сұрақтар:**

- Неліктен өзара көмек әскери ұжым үшін маңызды?
- Дара басшылық бөлімшенің ұйымдасқандығына қалай әсер етеді?
- Неліктен әскери әдеп нормаларын сақтау қажет?

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- дара басшылық қағидаттарын түсінуі;
- ұжымда әрекет ету қабілеті;
- қарым-қатынас мәдениетін сақтауы;
- өзара көмектің рөлін түсінуі;
- жанжалды жағдайларды талдау қабілеті.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы ұжымдағы өзара әрекет дағдыларын сенімді көрсетеді, жағдайларды дұрыс талдайды және әскери әдеп нормаларын сақтайды;

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды орындау барысында жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы ұжымдағы өзара әрекетті модельдеу кезінде қиындықтарға тап болады;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы жарғылық қарым-қатынас негіздерін түсінбейді және тапсырмаларды орындау кезінде өрескел қателіктер жібереді.

Тақырып «Әскери бөлімдегі ішкі тәртіп, әскери қызметшілерді орналастыру және тұрмысы». Бақылау сабағын ішкі тәртіп элементтерін практикалық модельдеу, тұрмыстық жағдайларды талдау, ситуациялық тапсырмалар және практикалық тапсырмаларды орындау арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

Білім алушыларға төмендегілер ұсынылады:

- ішкі тәртіп элементтерін анықтау;
- жеке құрамды орналастыру тәртібін анықтау;
- санитарлық-гигиеналық талаптарды анықтау;
- әскери қызметшінің күн тәртібін құрастыру.

Ситуациялық тапсырманы орындау.

Ситуациялық тапсырма №1 Бөлімше орналасқан орында тұру кезінде әскери қызметшілердің бірі санитарлық-гигиеналық талаптар мен күн тәртібін жүйелі түрде бұзады. Салдарын және әрекет ету тәртібін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- ішкі тәртіптің бұзылуы;
- санитарлық-гигиеналық нормалардың бұзылуы;
- бөлімшенің ұйымдасқандығының төмендеуі;
- күн тәртібі талаптарын сақтау қажеттілігі;
- белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік.

Күн тәртібінің сызбасын дайындау.

Білім алушыға төмендегілерді әзірлеу ұсынылады:

- әскери қызметшінің күн тәртібі;
- күнделікті қызметтің реттілігі;
- ішкі тәртіп пен гигиенаны сақтауға бағытталған іс-шаралар.

Оқу пікірталасын өткізу.

Ұсынылатын сұрақтар:

- Неліктен ішкі тәртіп бөлімше үшін маңызды?
- Санитарлық-гигиеналық талаптар әскери қызметшілердің денсаулығына қалай әсер етеді?
- Неліктен күн тәртібін сақтау тәртіп пен ұйымдасқандыққа әсер етеді?
- Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:
- ішкі тәртіп талаптарын білуі;
- санитарлық-гигиеналық нормаларды түсінуі;
- тұрмыстық жағдайларды талдау қабілеті;
- практикалық тапсырмаларды дұрыс орындауы;
- ұйымдасқандығы мен тәртіптілігі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы тапсырмаларды сенімді орындайды, ішкі тәртіптің маңызын түсінеді және қызметтік-тұрмыстық жағдайларды дұрыс талдайды;

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды орындау барысында жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы тақырыпты ішінара ашады және практикалық тапсырмаларды орындау кезінде қиындықтарға тап болады;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы ішкі тәртіп талаптарын түсінбейді және тапсырмаларды орындау кезінде елеулі қателіктер жібереді.

Тақырып «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрылымы». Бақылау сабағын аналитикалық тапсырмалар, сызбалармен жұмыс, салыстырмалы талдау, ситуациялық модельдеу, презентациялар және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын анықтауға арналған практикалық тапсырмалар қолдану арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын анықтау бойынша практикалық тапсырманы орындау.

Білім алушыға төмендегілер ұсынылады:

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлерін анықтау;
- әскер тектерін анықтау;
- басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың функцияларын анықтау;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымының сызбасын құрастыру.

Сызбамен жұмыс. Ұсынылатын тапсырма:

Ұсынылған сызба негізінде төмендегілерді анықтау:

- Құрлық әскерлері;
- Әуе қорғанысы күштері;
- Әскери-теңіз күштері;
- Десанттық-шабуылдау әскерлері;
- әскери басқару органдары;
- басқа да әскерлер мен әскери құралымдар.

Аналитикалық хабарлама дайындау.

Ұсынылатын тақырыптар: «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің заманауи құрылымы», «Қазақстан Республикасының әскери және арнаулы оқу орындары», «Қазақстан Республикасында әскери кадрларды даярлау».

Ұсынылатын талаптар:

- сөйлеу ұзақтығы – 3–5 минут;
- слайд саны – 5-ке дейін;
- сызбалар, кестелер және иллюстрацияларды пайдалану;
- қорытындылардың болуы.

Ситуациялық тапсырманы орындау.

Ситуациялық тапсырма №1

Төтенше жағдайды жою барысында әртүрлі күштік құрылымдарды тарту қажеттілігі туындады. Тапсырмаларды орындауға қандай әскерлер мен әскери құралымдар тартылуы мүмкін екенін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері;
- Ұлттық ұлан;
- азаматтық қорғау органдары;
- шекара қызметі;
- мемлекет қауіпсіздігі мүддесінде әртүрлі құрылымдардың өзара іс-қимылы.

Практикалық тапсырма. Салыстырмалы кесте дайындау:

Әскер түрі	Негізгі міндеттері	Қолданылу ерекшеліктері
-------------------	---------------------------	--------------------------------

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын білуі;

- әскер түрлері мен тектерінің функцияларын түсінуі;
- сызбалармен және кестелермен жұмыс істеу қабілеті;
- жауаптарының логикалылығы мен дәлелділігі;
- мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің рөлін түсінуі;
- баяндаудың сауаттылығы мен жүйелілігі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын сенімді анықтайды, әскер түрлері мен тектеріне дұрыс сипаттама береді, әскери құралымдардың міндеттерін сауатты талдайды және негізделген қорытындылар жасайды;

«Жақсы» – білім алушы жалпы алғанда тапсырмаларды дұрыс орындайды, жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы Қарулы Күштер құрылымының негізгі элементтерін біледі, алайда талдау және салыстыру кезінде қиындықтарға тап болады;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы тақырып негіздерін меңгермеген және тапсырмаларды орындау барысында елеулі қателіктер жібереді.

Тақырып «Қарулы Күштер, әскер түрлері мен тектері». Бақылау сабағын ситуациялық талдау, көрнекі материалдармен жұмыс, салыстырмалы кестелер, презентациялар және практикалық тапсырмаларды қолдана отырып, аралас форматта өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлерін және олардың негізгі міндеттерін анықтау. Әскер тектерін және оларды қолдану ерекшеліктерін анықтау. Шартты жағдайда әртүрлі әскер түрлері мен тектерінің арасында міндеттерді бөлу тапсырмасын орындау.

Ситуациялық тапсырма №1

Шартты жағдайда төмендегілерді қамтамасыз ету қажеттілігі туындады:

- әуе кеңістігін қорғау;
- мемлекеттік шекараны күзету;
- барлау жүргізу;
- стратегиялық объектіні қорғауды қамтамасыз ету.

Берілген міндеттерді қандай әскер түрлері мен тектері орындайтынын анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- Әуе қорғанысы күштері;
- шекара қызметі;
- барлау бөлімшелері;
- Құрлық әскерлері;
- әртүрлі бөлімшелердің өзара іс-қимылы.

Практикалық тапсырма. Салыстырмалы кестені толтыру:

Әскер түрі/тегі	Негізгі міндеттері	Қару-жарағы мен техникасы
-----------------	--------------------	---------------------------

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- әскер түрлері мен тектерін білуі;

- олардың міндеттері мен функцияларын түсінуі;
- әскери жағдайларды талдау қабілеті;
- міндеттерді бөлудің логикалылығы;
- салыстырмалы кестелермен жұмыс істеу дағдысы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы әскер түрлері мен тектерін сенімді анықтайды, міндеттерді дұрыс бөледі және әскерлердің өзара іс-қимыл қағидаттарын түсінетінін көрсетеді;

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды орындау барысында жекелеген болмашы қателіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы әскердің негізгі түрлерін біледі, алайда салыстырмалы талдау кезінде қиындықтарға тап болады;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы тақырып бойынша базалық білімді меңгермеген.

Тақырып «Әскери және арнаулы оқу орындары». Бақылау сабағын зерттеу тапсырмалары, презентациялар, ақпараттық материалдарды талдау және кәсіптік бағдар беру бағытындағы шағын жобаларды қолдана отырып, аралас форматта өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары:

«Қазақстан Республикасының әскери оқу орындары», «Әскери мамандықтар және олардың ерекшеліктері», «Қазақстандағы офицер кадрларын даярлау» тақырыптарының бірі бойынша шағын жоба дайындау.

Зерттеу тапсырмасын орындау. Ұсынылатын тапсырма:

- Қазақстан Республикасының негізгі әскери оқу орындарын анықтау;
- даярлау бағыттарын анықтау;
- оқуға түсу талаптарын анықтау;
- қызмет өткеру перспективаларын анықтау.

Презентация дайындау. Ұсынылатын талаптар:

- 5 слайдқа дейін;
- ресми ақпаратты пайдалану;
- қорытындылардың болуы;
- сөйлеу ұзақтығы – 5 минутқа дейін.

Ситуациялық тапсырма

Білім алушы әскери оқу орнына түсуді жоспарлап отыр. Төмендегілерді анықтау қажет:

- дайындық тәртібі;
- қажетті қасиеттер;
- оқуға түсу кезеңдері;
- дене және психологиялық даярлықтың маңызы.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- тақырыптың толық ашылуы;
- ақпаратты талдау қабілеті;
- әскери білім беру жүйесін түсінуі;

- презентация дайындау сапасы;
- қорытындылардың дербестігі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы тақырыпты сенімді ашады, өзекті ақпаратты пайдаланады және дербес қорытындылар жасайды;

«Жақсы» – білім алушы жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы тақырыпты ішінара ашады және ақпаратты талдау кезінде қиындықтарға тап болады;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы тақырып мазмұнын меңгермеген және тапсырманы орындай алмайды.

Тақырып «Әлем елдеріндегі әскери қызметті салыстырмалы талдау». Бақылау сабағын салыстырмалы талдау, зерттеу тапсырмалары, аналитикалық хабарламалар, оқу пікірталастары және кестелермен жұмыс элементтерін қолдана отырып, аралас форматта өткізу ұсынылады.

Ұсынылатын бақылау тапсырмалары. Салыстырмалы кесте дайындау:

Ел	Әскери қызмет түрі	Қызмет мерзімі	Даярлық ерекшеліктері
----	--------------------	----------------	-----------------------

Төмендегі тақырыптардың бірі бойынша аналитикалық хабарлама дайындау:

«Әлем елдеріндегі әскери қызметтің ерекшеліктері», «Шетел мемлекеттеріндегі әскери қызметшілерді даярлау жүйесі», «Әскери міндет және келісімшарт бойынша қызмет: халықаралық тәжірибе».

Ұсынылатын талаптар:

- сөйлеу ұзақтығы – 3–5 минут;
- салыстырмалы талдаудың болуы;
- ресми дереккөздерді пайдалану;
- қорытындылардың болуы.

Ситуациялық тапсырманы орындау.

Ситуациялық тапсырма №1

Армияны жасақтаудың әртүрлі жүйелерінің артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау қажет:

- шақыру бойынша;
- келісімшарт бойынша;
- аралас жүйе.

Ұсынылатын жауап:

- даярлықтағы айырмашылықтар;
- кәсібилендіру деңгейі;
- жасақтау ерекшеліктері;
- резервтің рөлі;
- мемлекеттің қорғаныс қабілетіне әсері.

Оқу пікірталасын өткізу. Ұсынылатын сұрақтар:

- Неліктен әртүрлі елдер әскери қызметтің әртүрлі жүйелерін қолданады?
- Келісімшарт бойынша қызметтің қандай артықшылықтары бар?

– Неліктен резервті даярлау мемлекет қауіпсіздігі үшін маңызды?

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- салыстырмалы талдау жүргізу қабілеті;
- қорытындылардың логикалылығы;
- сенімді ақпаратты пайдалануы;
- әскери қызмет ерекшеліктерін түсінуі;
- жауаптарының сауаттылығы мен дәлелділігі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы салыстырмалы талдауды сенімді жүргізеді, сенімді ақпаратты пайдаланады және негізделген қорытындылар жасайды;

«Жақсы» – білім алушы жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді;

«Қанағаттанарлық» – білім алушы салыстырмалы талдау жүргізу және қорытынды тұжырымдау кезінде қиындықтарға тап болады;

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы салыстырмалы талдау жүргізе алмайды және тақырып мазмұнын меңгермеген.

Тақырып «Инженерлік жабдықтау және бүркемелеу». Бақылау сабағын позицияларды инженерлік жабдықтау элементтерін практикалық пысықтау, жеке құрам мен объектілерді бүркемелеу, жергілікті жерді талдау, ситуациялық модельдеу және жазбаша аналитикалық тапсырмаларды орындау арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- практикалық көрсету;
- тактикалық жағдайды модельдеу;
- жергілікті жер макетімен жұмыс;
- ситуациялық тапсырмаларды шешу;
- сызбалар орындау;
- жазбаша аналитикалық жұмыс.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары:

Тапсырма №1 Жергілікті жерде позицияны таңдау және жабдықтау.

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- шартты позицияны таңдау;
- бақылау секторын және атыс секторын анықтау;
- жасырын келу және шегіну жолдарын анықтау;
- жеке құрам орналасатын орындарды белгілеу;
- позицияны бүркемелеу элементтерін орындау.

Тапсырма №2 Шартты объектіні бүркемелеу.

Білім алушы:

- әшкерелеуші белгілерді анықтауы;
- бүркемелеу тәсілдерін таңдауы;
- табиғи бүркеніштер мен жергілікті жер элементтерін пайдалануы;
- шартты позицияны немесе техниканы бүркемелеуді орындауы тиіс.

Ситуациялық тапсырма №1

Шағын топқа қарсыластың ұшқышсыз ұшу аппараты арқылы шартты бақылауы жағдайында ашық жер учаскесінде позиция жабдықтау қажет болды.

Ұсынылатын жауап:

- жер бедерінің қатпарларын пайдалану;
- ашық жерде қозғалысты барынша азайту;
- ашық әшкерелеуші элементтерді болдырмау;
- жер деңгейінен төмен бүркеніш жабдықтау;
- жасырын бақылауды ұйымдастыру.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Реферат дайындау.

Ұсынылатын тақырыптар:

«Позицияны инженерлік жабдықтау – бөлімшенің тіршілік ету элементі», «Жеке құрам мен техниканы бүркемелеудің заманауи тәсілдері», «Инженерлік тәртіп және оның жауынгерлік жағдайдағы маңызы».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 3–5 бет;
- сызбалардың немесе иллюстрациялардың болуы;
- оқу әдебиеттерін пайдалану;
- өзіндік қорытындылардың болуы.

Жазбаша аналитикалық тапсырма

Тақырып: «Жергілікті жердің позиция таңдауға және бүркемелеу тәсілдеріне әсері».

Ұсынылатын көлемі – 1–2 бет. Білім алушы төмендегілерді ашып көрсетуі тиіс:

- жер бедерінің әсері;
- табиғи бүркеніштерді пайдалану;
- әшкерелеуші белгілер;
- жасырын әрекет етудің маңызы.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- позицияны дұрыс таңдауы;
- инженерлік жабдықтаудың ұтымдылығы;
- бүркемелеу сапасы;
- инженерлік тәртіпті сақтауы;
- жергілікті жерді талдау қабілеті;
- жазбаша қорытындылардың логикалылығы;
- қауіпсіздік шараларын сақтауы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы позицияны сауатты ұйымдастырады, бүркемелеу элементтерін дұрыс пайдаланады, практикалық тапсырмаларды сенімді орындайды және инженерлік жабдықтау мен жасырын әрекет етудің маңызын түсінетінін көрсетеді.

«Жақсы» – білім алушы жалпы алғанда тапсырмаларды дұрыс орындайды, жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы позицияны ұйымдастыру және бүркемелеу тәсілдерін таңдау кезінде қиындықтарға тап болады.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы инженерлік жабдықтау негіздерін меңгермеген және тапсырмаларды орындау барысында өрескел қателіктер жібереді.

Тақырып «Танкке қарсы және жаяу әскерге қарсы миалар». Бақылау сабағын оқу макеттерін қолдану, қауіпті жағдайларды модельдеу, қауіпсіз әрекет алгоритмдерін практикалық пысықтау және миалық қауіпсіздік бойынша жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- оқу макеттерімен жұмыс;
- ситуациялық талдау;
- әрекеттерді модельдеу;
- практикалық көрсету;
- жазбаша жұмыс;
- сызбалар мен бейнелерді талдау.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары:

Тапсырма №1 Миалық-жарылыс қаупінің белгілерін анықтау.

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- шартты қауіпті заттарды анықтау;
- миаланудың белгілерін анықтау;
- қауіпті учаскені белгілеу;
- қозғалыстың қауіпсіз бағытын анықтау.

Тапсырма №2 Күдікті зат анықталған кездегі әрекет алгоритмін пысықтау.

Білім алушы:

- қозғалысты тоқтатуы;
- топты ескертуі;
- затқа жақындамауы;
- қауіпті учаскені белгілеуі;
- жетекшіге баяндауы тиіс.

Ситуациялық тапсырма №1

Маршрут бойымен қозғалу кезінде топ жол жиегінен күдікті затты анықтады. Топтың әрекет ету тәртібін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- қозғалысты тоқтату;
- затқа жақындамау;
- қауіпті учаскені белгілеу;
- айналып өту жолын ұйымдастыру;
- сабақ жетекшісіне хабарлау;
- қауіпсіздік шараларын сақтау.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Реферат дайындау.

Ұсынылатын тақырыптар: «Миалық-жарылыс қаупі және халықты қорғау», «Күдікті заттар анықталған кездегі мінез-құлық қағидалары», «Жарылыс қауіпті заттармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 2–4 бет;
- сызбалар мен бейнелерді пайдалану;
- практикалық ұсынымдардың болуы;
- қорытындылардың болуы.

Жазбаша аналитикалық тапсырма

Тақырып: «Жарылыс қауіпті заттармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларын бұзудың салдары».

Ұсынылатын көлемі – 1–2 бет.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- миналық қауіп белгілерін білуі;
- әрекет алгоритмін дұрыс орындауы;
- қауіпсіздік шараларын сақтауы;
- жағдайды жылдам бағалау қабілеті;
- жазбаша қорытындылардың логикалылығы;
- әрекеттерінің тәртіптілігі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы қауіп белгілерін сенімді анықтайды, әрекет алгоритмін дұрыс орындайды және қауіпсіздік талаптарын түсінетінін көрсетеді.

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды орындау барысында жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы жағдайды талдау және қауіпсіз әрекет тәртібін анықтау кезінде қиындықтарға тап болады.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы қауіпсіздік шараларын бұзады және тақырып мазмұнын меңгермеген.

Тақырып «Мотоатқыштар бөлімшесінің ұйымдастырылуы және жауынгерлік мүмкіндіктері». Бақылау сабағын тактикалық модельдеу, үшөлшемді симуляторда жұмыс, сызбаларды талдау, практикалық тапсырмаларды орындау және жазбаша аналитикалық жұмыстарды қолдана отырып, аралас форматта өткізу ұсынылады.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- тактикалық модельдеу;
- шағын топ құрамында жұмыс істеу;
- 3D-симуляторда жұмыс;
- ситуациялық талдау;
- сызбалар құрастыру;
- аналитикалық хабарлама.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары:

Тапсырма №1 Мотоатқыштар бөлімшесінің позициясын ұйымдастыру.

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- жеке құрамның позицияларын бөлу;
- бақылау және атыс секторларын анықтау;
- бөлімше ішіндегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру;
- қозғалыс маршруттарын анықтау.

Тапсырма №2 Бөлімшенің жауынгерлік және жорықтық ретін анықтау.

Білім алушы:

- бөлімшенің сапқа тұру тәртібін анықтауы;
- міндеттерді бөлуі;
- қозғалыс тәртібін анықтауы;
- бақылауды ұйымдастыруы тиіс.

3D-симулятордағы практикалық жаттығу «Қорғаныс позициясын ұйымдастыру».

Мотоатқыштар бөлімшесіне төмендегілер қажет:

- шартты объектінің қорғанысын ұйымдастыру;
- атыс секторларын бөлу;
- бақылауды ұйымдастыру;
- жағдайдың өзгеруіне әрекет ету.

Ситуациялық тапсырма №1

Мотоатқыштар бөлімшесіне қалалық жерде шартты объектінің қорғанысын ұйымдастыру қажет.

Ұсынылатын жауап:

- тиімді позицияларды таңдау;
- бақылауды ұйымдастыру;
- атыс секторларын бөлу;
- өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
- қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыру.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Аналитикалық хабарлама дайындау

Ұсынылатын тақырыптар: «Мотоатқыштар бөлімшесінің жауынгерлік мүмкіндіктері», «Бөлімше ішіндегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру», «Қалалық ортада бөлімшенің әрекет ету ерекшеліктері».

Ұсынылатын талаптар:

- сөйлеу ұзақтығы – 3–5 минут;
- сызбаларды пайдалану;
- қорытындылардың болуы.

Жазбаша аналитикалық тапсырма

Тақырып: «Неліктен мотоатқыштар бөлімшесі ішіндегі өзара іс-қимыл тапсырманы орындау табыстылығына әсер етеді».

Ұсынылатын көлемі – 1–2 бет.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- бөлімше құрылымын түсінуі;
- міндеттерді дұрыс бөлуі;
- топ құрамында әрекет ету қабілеті;
- өзара іс-қимылдың тиімділігі;
- жағдайды жылдам бағалау қабілеті;
- жазбаша қорытындылардың логикалылығы;
- қауіпсіздік шараларын сақтауы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы бөлімшенің әрекеттерін сенімді ұйымдастырады, міндеттерді сауатты бөледі және өзара іс-қимыл қағидаттарын түсінетінін көрсетеді.

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды орындау барысында жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы өзара іс-қимылды ұйымдастыру және тактикалық жағдайды талдау кезінде қиындықтарға тап болады.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы мотоатқыштар бөлімшесі әрекеттерін ұйымдастыру негіздерін меңгермеген.

Тақырып «Мотоатқыштар бөлімшесінің қорғаныстағы және шабуылдағы әрекеттері». Бақылау сабағын оқу-тактикалық жаттығулар, үшөлшемді симуляторда жұмыс, бөлімше әрекеттерін модельдеу және жазбаша аналитикалық тапсырмаларды орындау арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- оқу-тактикалық модельдеу;
- 3D-симуляторда жұмыс;
- командалық жұмыс;
- ситуациялық тапсырмаларды шешу;
- аналитикалық жазбаша жұмыс.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары:

- қорғаныста бөлімше позициясын ұйымдастыру;
- атыс секторларын бөлу;
- шабуыл кезінде бөлімшенің қозғалысы;
- иеленген позицияда бекіну;
- жағдай өзгерген кездегі әрекеттер.

3D-симулятордағы практикалық жаттығу «Қорғаныс және шабуыл».

Бөлімшеге төмендегілер қажет:

- позиция қорғанысын ұйымдастыру;
- шартты шабуылды орындау;
- тактикалық жағдайдың өзгеруіне әрекет ету;
- топ ішіндегі өзара іс-қимылды сақтау.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Реферат дайындау.

Ұсынылатын тақырыптар: «Қорғаныс – ұрыс қимылдарының түрі ретінде», «Мотоатқыштар бөлімшесінің шабуыл әрекеттерінің ерекшеліктері», «Ұрыс барысында өзара іс-қимыл және басқару».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 3–5 бет;
- сызбалардың болуы;
- қорытындылардың болуы.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- әрекет алгоритмінің дұрыстығы;
- бөлімше ішіндегі өзара іс-қимыл;
- шешім қабылдау қабілеті;

- қауіпсіздік шараларын сақтауы;
- қорғаныс пен шабуыл қағидаттарын түсінуі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы бөлімше құрамында сенімді әрекет етеді, оқу-тактикалық тапсырмаларды дұрыс орындайды және заманауи ұрыс қағидаттарын түсінетінін көрсетеді.

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды орындау барысында жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы тапсырманың жекелеген элементтерін орындау кезінде қиындықтарға тап болады.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы бөлімшенің қорғаныс пен шабуылдағы әрекет алгоритмін меңгермеген.

Тақырып «Мотоатқыштар бөлімшесінің қалалық жағдайдағы әрекеттері». Бақылау сабағын үшөлшемді тактикалық симуляторды, қалалық ортаны модельдеуді, оқу-тактикалық жаттығуларды орындауды және тактикалық жағдайларды жазбаша талдауды қолдана отырып, аралас форматта өткізу ұсынылады.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- қалалық ортаны модельдеу;
- 3D-симуляторда жұмыс;
- топтық жұмыс;
- ситуациялық талдау;
- жазбаша аналитикалық жұмыс.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары:

- ғимараттар арасындағы қозғалыс;
- бақылау секторларын бөлу;
- көшелерді қауіпсіз кесіп өту;
- шағын топ әрекеттері;
- шартты зардап шегушіні эвакуациялау.

3D-симулятордағы практикалық жаттығу «Қалалық ортадағы бөлімше әрекеттері»

Шағын топқа төмендегілер қажет:

- маршрут бойынша қозғалысты орындау;
- қауіпсіз бағыттарды анықтау;
- бақылауды ұйымдастыру;
- жағдайдың өзгеруіне әрекет ету;
- топ ішіндегі өзара іс-қимылды сақтау.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Аналитикалық хабарлама дайындау

Ұсынылатын тақырыптар: «Қалалық ортада ұрыс жүргізудің ерекшеліктері», «Қаладағы шағын жауынгерлік топтардың рөлі», «Қалалық ортаның негізгі қауіптері».

Ұсынылатын талаптар:

- сөйлеу ұзақтығы – 3–5 минут;

- сызбалар мен иллюстрацияларды пайдалану;
- қорытындылардың болуы.

Жазбаша аналитикалық тапсырма

Тақырып: «Неліктен өзара іс-қимыл мен әрекеттерді үйлестіру қалалық ортада ерекше маңызды».

Ұсынылатын көлемі – 1–2 бет.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- қалалық ортада бағдарлана алу қабілеті;
- командалық өзара іс-қимылдың тиімділігі;
- әрекет алгоритмінің дұрыстығы;
- жағдайды жылдам бағалау қабілеті;
- жағдайды талдаудың логикалылығы;
- қауіпсіздік шараларын сақтауы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы қалалық ортада оқу-тактикалық тапсырмаларды сенімді орындайды, топ құрамында сауатты әрекеттеседі және жағдайды дұрыс бағалайды.

«Жақсы» – білім алушы тапсырмаларды орындау барысында жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы тапсырманың жекелеген элементтерін орындау кезінде қиындықтарға тап болады.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы қалалық ортадағы әрекеттер негіздерін меңгермеген және тапсырманы орындау алгоритмін бұзады.

Тақырып «Геоақпараттық жүйелер негіздері». Бақылау сабағын цифрлық карталарды, геоақпараттық платформаларды, навигациялық қосымшаларды, бағдарлау бойынша практикалық тапсырмаларды, спутниктік суреттерді талдауды және зерттеу мен аналитикалық тапсырмаларды орындауды қолдана отырып, аралас форматта өткізу ұсынылады.

Бақылау сабағын төмендегі құралдарды пайдалана отырып өткізу орынды:

- Google Earth;
- Google Maps;
- 2GIS;
- QGIS;
- ArcGIS Online;
- GPS/ГЛОНАСС навигаторлары;
- мобильді навигациялық қосымшалар;
- цифрлық топографиялық карталар;
- ашық қолжетімді спутниктік суреттер.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- цифрлық картамен жұмыс;
- практикалық бағдарлау;
- GPS/ГЛОНАСС-пен жұмыс;
- қозғалыс маршрутын модельдеу;

- спутниктік суреттерді талдау;
- ситуациялық талдау;
- зерттеу жұмысы;
- аналитикалық жазбаша тапсырма;
- шағын жоба.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары:

Тапсырма №1 Цифрлық картаны пайдалана отырып координаттарды және қозғалыс маршрутын анықтау.

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- өзінің орналасқан орнын анықтау;
- шартты объектінің координаттарын анықтау;
- қозғалыс маршрутын құру;
- маршруттың қауіпсіз учаскелерін анықтау;
- ықтимал кедергілерді анықтау;
- қозғалыс бағытын есептеу.

Қолданылатын қосымшалар:

- Google Maps;
- 2GIS;
- Google Earth;
- GPS Tracker;
- ArcGIS Online.

Тапсырма №2 Жергілікті жердің спутниктік суретін талдау.

Білім алушы:

- жер бедері элементтерін анықтауы;
- жолдар мен ықтимал маршруттарды анықтауы;
- шартты позиция орналастыруға қолайлы учаскелерді анықтауы;
- табиғи бүркеніштерді анықтауы;
- ашық және қауіпті жер учаскелерін анықтауы тиіс.

Тапсырма №3 QGIS геоақпараттық жүйесімен жұмыс.

Білім алушыға төмендегілер ұсынылады:

- цифрлық картаны ашу;
- объектілер координаттарын анықтау;
- маршрутты белгілеу;
- нүктелер арасындағы қашықтықты анықтау;
- жергілікті жерге талдау жүргізу.

Практикалық жаттығу «Навигация және бағдарлау».

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- шартты координаттарды алу;
- межелі нүктені анықтау;
- маршрут құру;
- бастапқы мәліметтер өзгерген кезде маршрутты түзету;
- резервтік маршрутты анықтау.

Ситуациялық тапсырма №1

Топқа навигациялық қосымша мен спутниктік картаны пайдалана отырып, бейтаныс жерде шартты маршруттан қауіпсіз өту қажет болды. Қозғалыс барысында маршруттың бір бөлігі қолжетімсіз болып қалды.

Білім алушы төмендегілерді анықтауы тиіс:

- маршрутты түзету тәртібі;
- баламалы қозғалыс жолдары;
- бағдарлау тәсілдері;
- маршруттың қауіпсіз учаскелері.

Ұсынылатын жауап:

- резервтік маршрутты пайдалану;
- жер бедерін ескеру;
- цифрлық карта мен GPS пайдалану;
- ашық учаскелерден аулақ болу;
- қосымша бағдарларды анықтау.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Реферат дайындау

Ұсынылатын тақырыптар: «Заманауи қарулы күштердегі геоақпараттық жүйелерді қолдану», «Спутниктік технологиялар және навигациялық жүйелер», «Қауіпсіздік пен басқаруды қамтамасыз етудегі ГАЖ рөлі», «Цифрлық карталар және бағдарлаудың заманауи технологиялары».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 4–6 бет;
- сызбалар, карталар және иллюстрацияларды пайдалану;
- заманауи цифрлық дереккөздерді пайдалану;
- өзіндік қорытындылардың болуы.

Аналитикалық хабарлама дайындау

Тақырып: «Заманауи қауіпсіздік жүйелеріндегі спутниктік технологиялардың рөлі».

Ұсынылатын талаптар:

- сөйлеу ұзақтығы – 3–5 минут;
- 5 слайдқа дейін;
- цифрлық карталар мен суреттерді пайдалану.

Жазбаша аналитикалық тапсырма

Тақырып: «Цифрлық навигациялық технологиялар заманауи басқару және бағдарлау жүйелерін қалай өзгертті».

Ұсынылатын көлемі – 1–2 бет.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- координаттарды дұрыс анықтауы;
- цифрлық картамен жұмыс істеу қабілеті;
- ГАЖ жұмыс қағидаттарын түсінуі;
- кеңістіктік деректерді талдау қабілеті;
- маршрутты дұрыс құруы;
- қорытындылардың логикалылығы;
- цифрлық технологияларды сауатты пайдалануы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы цифрлық карталар мен навигациялық қосымшаларды сенімді қолданады, координаттарды дұрыс анықтайды, жергілікті жерді сауатты талдайды және геоақпараттық жүйелер мүмкіндіктерін түсінетінін көрсетеді.

«Жақсы» – білім алушы жалпы алғанда тапсырмаларды дұрыс орындайды, цифрлық сервистермен жұмыс істеу кезінде жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы геоақпараттық жүйелермен жұмыс істеу және жергілікті жерді талдау кезінде қиындықтарға тап болады.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы цифрлық карталармен және навигациялық технологиялармен жұмыс істеудің базалық дағдыларын меңгермеген.

Тақырып «Жауынгерлік жүйелердегі жасанды интеллект». Бақылау сабағын заманауи технологияларды талдау, цифрлық платформаларды зерттеу, ситуацияларды модельдеу, бейнематериалдармен жұмыс және аналитикалық тапсырмаларды орындау арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Сабақ өткізу барысында төмендегілерді пайдалану ұсынылады:

- ChatGPT;
- Gemini;
- Copilot;
- Perplexity;
- спутниктік деректерді талдау жүйелері;
- кескіндерді тану платформалары;
- робототехника және ҰҰА бойынша демонстрациялық материалдар.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- зерттеу жұмысы;
- заманауи технологияларды талдау;
- ситуациялық модельдеу;
- аналитикалық жазбаша жұмыс;
- презентация;
- топтық талқылау;
- бейнематериалдармен жұмыс.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары

Тапсырма №1 Әскери салада жасанды интеллектіні қолдануды талдау.

Білім алушы төмендегілерді анықтауы қажет:

- барлауда ЖИ қолдану;
- спутниктік деректерді өңдеуде ЖИ қолдану;
- ұшқышсыз жүйелерде ЖИ қолдану;
- логистикада ЖИ қолдану;
- басқару жүйелерінде ЖИ қолдану.

Тапсырма №2 Интеллектуалды роботтандырылған жүйелерді талдау.

Білім алушы:

- роботтандырылған платформалардың түрлерін анықтауы;
- олардың мақсатын анықтауы;

- артықшылықтары мен шектеулерін анықтауы;
- автономды жүйелерді пайдаланудың ықтимал қауіптерін анықтауы тиіс.

Ситуациялық тапсырма №1

Бөлімшеге шартты объектілерді анықтау үшін спутниктік суреттердің үлкен көлемін жылдам өңдеу қажет болды.

Білім алушы төмендегілерді анықтауы тиіс:

- жасанды интеллект деректерді талдауды қалай жеделдете алатынын;
- оператор қандай міндеттерді орындай алатынын;
- ақпаратты автоматтандырылған өңдеу қандай артықшылықтар беретінін.

Ұсынылатын жауап:

- объектілерді автоматты тану;
- деректерді өңдеуді жеделдету;
- операторға түсетін жүктемені азайту;
- талдау дәлдігін арттыру.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Эссе дайындау.

Ұсынылатын тақырыптар: «Заманауи қарулы күштердегі жасанды интеллект», «Жауынгерлік роботтар және автономды жүйелер», «Әскерлерді басқару жүйелеріндегі жасанды интеллекттің рөлі», «ЖИ қолданудың артықшылықтары мен қауіптері».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 4–6 бет;
- заманауи мысалдарды пайдалану;
- аналитикалық қорытындылардың болуы.

«Қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы заманауи интеллектуалды технологиялар» тақырыбында презентация дайындау.

Ұсынылатын талаптар:

- 7 слайдқа дейін;
- сөйлеу ұзақтығы – 5 минутқа дейін;
- сызбалар, суреттер және инфографикаларды пайдалану.

Жазбаша аналитикалық тапсырма

Тақырып: «Жасанды интеллект заманауи қауіпсіздік пен басқару жүйелерін қалай өзгертуде».

Ұсынылатын көлемі – 1–2 бет.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- жасанды интеллект мүмкіндіктерін түсінуі;
- заманауи технологияларды талдау қабілеті;
- мысалдарды пайдалануы;
- қорытындылардың дербестігі;
- аналитикалық жұмыстың сауаттылығы;
- презентация сапасы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы жасанды интеллект мүмкіндіктерін терең түсінетінін көрсетеді, заманауи технологияларды сенімді талдайды, ЖИ-дің

әскери және азаматтық салада қолданылу мысалдарын пайдаланады, дербес әрі дәлелді қорытындылар жасайды.

«Жақсы» – білім алушы тақырып мазмұнын дұрыс ашады, технологияларды талдау және қорытынды тұжырымдау кезінде жекелеген болмашы дәлсіздіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы тақырып мазмұнын ішінара ашады, заманауи технологияларды талдау және терминологияны пайдалану кезінде қиындықтарға тап болады.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы тақырып мазмұнын меңгермеген, жасанды интеллекттің рөлін түсіндіре алмайды және елеулі қателіктер жібереді.

Тақырып «Цифрлық қорғаныс: ақпараттық ортадағы қауіпсіз мінез-құлық негіздері». Бақылау сабағын цифрлық қауіптерді модельдеу, киберинциденттерді талдау, деректерді қорғау бойынша практикалық тапсырмаларды орындау және цифрлық сервистермен жұмыс жүргізу арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Пайдалану ұсынылады:

- Google Authenticator;
- Kaspersky;
- Avast;
- Microsoft Defender;
- Password Manager;
- VirusTotal;
- фишингтік сілтемелерді тексеру сервистері;
- киберқауіпсіздік бойынша оқу платформалары.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары

Тапсырма №1 Цифрлық қауіптерді анықтау. Білім алушы төмендегілерді анықтауы тиіс:

- фишингтік хабарламаның белгілері;
- зиянды сайт белгілері;
- деректердің таралу белгілері;
- жеке ақпаратты қорғау тәсілдері.

Тапсырма №2 Қауіпсіз цифрлық аккаунт құру. Білім алушыға төмендегілер қажет:

- сенімді құпиясөз құру;
- екі факторлы аутентификацияны қосу;
- деректерді қауіпсіз сақтау тәсілдерін анықтау;
- құрылғыны қорғау тәсілдерін анықтау.
- «Цифрлық қауіпсіздік» **практикалық жаттығуы**

Білім алушыға төмендегілер ұсынылады:

- шартты қауіпті интернет-ресурстарды анықтау;
- цифрлық қауіп белгілерін анықтау;
- қауіпсіз мінез-құлық алгоритмін құрастыру.

Ситуациялық тапсырма №1

Білім алушыға белгісіз сілтемесі бар және жеке деректерді сұрататын хабарлама келді.

Ұсынылатын жауап:

- сілтеме бойынша өтпеу;
- жеке деректерді бермеу;
- хабарлама көзін тексеру;
- қорғаныс құралдарын пайдалану;
- күмәнді белсенділік туралы хабарлау.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Реферат (эссе) дайындау

Ұсынылатын тақырыптар: «Киберқауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздік элементі», «Заманауи цифрлық қауіптер», «Киберәскерлер және ақпараттық қауіпсіздік», «Заманауи адамның цифрлық сауаттылығы».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 4–6 бет;
- заманауи мысалдарды пайдалану;
- қорытындылар мен ұсынымдардың болуы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы цифрлық қауіптерді сенімді анықтайды, ақпаратты қорғау алгоритмдерін дұрыс орындайды, киберқауіпсіздік қағидаттарын түсінетінін көрсетеді және цифрлық тәуекелдерді сауатты талдайды.

«Жақсы» – білім алушы жалпы алғанда тапсырмаларды дұрыс орындайды және цифрлық қауіптерді талдау кезінде жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы цифрлық қауіптерді анықтау және ақпаратты қорғау тәсілдерін таңдау кезінде қиындықтарға тап болады.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы цифрлық қауіпсіздік бойынша базалық білімді меңгермеген және ақпараттық қауіпсіздік қатерлерін анықтай алмайды.

Тақырып «3D-бағдарламалар кешенін пайдалана отырып дронды (роботты) басқаруға үйрету». Бақылау сабағын негізінен FPV-симуляторларды, цифрлық платформаларды және ұшуды модельдеуді қолдана отырып, практикалық формада өткізу ұсынылады.

Пайдалану ұсынылады:

- DJI Simulator;
- Liftoff;
- VelociDrone;
- FPV SkyDive;
- DRL Simulator;
- Real Drone Simulator.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- FPV-симуляторда жұмыс;
- практикалық пилоттау;

- ұшуды модельдеу;
- ситуациялық талдау;
- оқу-тактикалық модельдеу;
- аналитикалық жазбаша жұмыс.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары

Тапсырма №1 Симуляторда FPV-дронды базалық басқару.

Білім алушы:

- ұшуды бастауы;
- тұрақты ұшуды ұстап тұруы;
- маршруттан өтуі;
- қонуды орындауы;
- қауіпсіздік қағидаларын сақтауы тиіс.

Тапсырма №2 Жергілікті жерді бақылау және талдау.

Білім алушы:

- бағдарларды анықтауы;
- кедергілерді анықтауы;
- қауіпсіз маршрутты таңдауы;
- объектіні шартты бақылауды орындауы тиіс.

Симулятордағы практикалық жаттығу «ҰҰА операторының әрекеттері»

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- маршрут бойынша ұшуды орындау;
- қозғалысты түзету;
- шартты объектіні іздеуді орындау;
- тұрақты басқаруды сақтау;
- ұшуды қауіпсіз аяқтау.

Ситуациялық тапсырма №1 Шартты ұшу кезінде байланыс кедергілері пайда болып, көріну нашарлады.

Ұсынылатын жауап:

- дронды басқаруды сақтау;
- жылдамдықты төмендету;
- маршрутты түзету;
- резервтік бағдарларды пайдалану;
- ұшуды қауіпсіз аяқтау.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Аналитикалық хабарлама дайындау

Ұсынылатын тақырыптар: «Заманауи жағдайдағы ұшқышсыз жүйелердің рөлі», «ҰҰА операторының негізгі қасиеттері», «FPV-дрондар және заманауи технологиялар», «ҰҰА операторының психологиялық тұрақтылығы».

Ұсынылатын талаптар:

- сөйлеу ұзақтығы – 3–5 минут;
- сызбалар мен суреттерді пайдалану;
- қорытындылардың болуы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы симуляторда ұшқышсыз жүйені сенімді басқарады, маршрутты дұрыс орындайды, тұрақты басқаруды, әрекеттердің жоғары үйлесімділігін және жағдайдың өзгеруіне жылдам әрекет ету қабілетін көрсетеді.

«Жақсы» – білім алушы басқарудың негізгі элементтерін дұрыс орындайды, тапсырманы орындауға әсер етпейтін жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы тапсырмаларды қиындықпен орындайды, басқару және бағдарлау кезінде қателіктер жібереді, оқытушы көмегін қажет етеді.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы ұшқышсыз жүйелерді басқарудың базалық дағдыларын меңгермеген, әрекет алгоритмін бұзады және тапсырманы қауіпсіз орындай алмайды.

Тақырып «Қоршаған орта және адам қауіпсіздігі». Бақылау сабағын ситуациялық талдау, қауіпті жағдайларды модельдеу, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша практикалық тапсырмалар, қоршаған орта факторларын талдау және жазбаша аналитикалық тапсырмаларды орындау арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Сабақ өткізу барысында төмендегілерді пайдалану ұсынылады:

- оқу бейнематериалдары;
- қоршаған орта факторларының сызбалары;
- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) материалдары;
- қауіпсіздік жадынамалары;
- жеке қорғаныс құралдары;
- ӨҚН бойынша цифрлық платформалар мен интерактивті материалдар.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- ситуациялық талдау;
- практикалық модельдеу;
- кейстерді шешу;
- топтық жұмыс;
- зерттеу жұмысы;
- аналитикалық жазбаша жұмыс;
- жадынамалармен және нұсқаулықтармен жұмыс;
- практикалық көрсету.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары

Тапсырма №1 Қоршаған орта факторларын және адамға төнуі мүмкін қауіптерді анықтау.

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- физикалық факторларды анықтау;
- химиялық факторларды анықтау;
- биологиялық факторларды анықтау;
- олардың әсер етуінің ықтимал салдарын анықтау;
- жеке қорғаныс шараларын анықтау.

Тапсырма №2 Жұқпалы аурудың таралу қаупі туындаған кездегі әрекет алгоритмін құрастыру.

Білім алушы:

- эпидемиологиялық қауіп белгілерін анықтауы;
- жеке қорғаныс шараларын анықтауы;
- қоғамдық орындардағы әрекет тәртібін анықтауы;
- инфекцияның таралуының алдын алу тәсілдерін анықтауы тиіс.

Тапсырма №3 Жеке қорғаныс құралдарын пайдалануды практикалық көрсету.

Білім алушы:

- медициналық масканы дұрыс пайдалануы;
- қолды өңдеуді орындауы;
- қауіпсіз байланыс қағидаларын анықтауы;
- эпидемия жағдайындағы мінез-құлық тәртібін анықтауы тиіс.

«Эпидемия жағдайындағы қауіпсіз мінез-құлық» практикалық жаттығуы

Білім алушыға төмендегілер ұсынылады:

- қауіпсіз арақашықтықты анықтау;
- қорғаныс құралдарын пайдалану тәртібін анықтау;
- ауру белгілері пайда болған кездегі әрекеттерді анықтау;
- адамдар көп жиналатын орындардағы мінез-құлық қағидаларын анықтау.

Ситуациялық тапсырма №1

Оқу ұжымында жұқпалы аурудың таралу жағдайлары тіркелді. Білім алушының әрекет тәртібін анықтау қажет.

Ұсынылатын жауап:

- жеке қорғаныс шараларын сақтау;
- байланыстарды шектеу;
- санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;
- тыныс алу органдарын қорғау құралдарын пайдалану;
- медициналық қызметтердің ұсынымдарын сақтау;
- медициналық көмекке уақтылы жүгіну.

Ситуациялық тапсырма №2

Бөлме ішінде шығу тегі белгісіз өткір химиялық иіс сезілді.

Білім алушы төмендегілерді анықтауы тиіс:

- ықтимал қауіпті;
- қауіпсіз шығу тәртібін;
- тыныс алу органдарын қорғау тәсілдерін;
- айналадағыларды хабардар ету тәртібін.

Ұсынылатын жауап:

- сабыр сақтау;
- тыныс алу органдарын қорғау;
- бөлмеден шығу;
- айналадағыларды ескерту;

- жауапты тұлғаларға хабарлау.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Реферат дайындау

Ұсынылатын тақырыптар: «Қоршаған орта факторларының адам қауіпсіздігіне әсері», «Биологиялық қауіптер және халықты қорғау тәсілдері», «Эпидемиялар және қауіпсіздік шаралары», «Вакцинацияның ағзаны қорғаудағы рөлі», «Адамның санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау үшін жеке жауапкершілігі».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 4–6 бет;
- заманауи дереккөздерді пайдалану;
- практикалық ұсынымдардың болуы;
- өзіндік қорытындылардың болуы.

Аналитикалық хабарлама дайындау. Ұсынылатын тақырыптар: «Заманауи биологиялық қауіптер жағдайындағы адам қауіпсіздігі», «Халықты қорғаудың медициналық және ұйымдастырушылық шаралары», «Алдын алу мен вакцинацияның рөлі».

Ұсынылатын талаптар:

- сөйлеу ұзақтығы – 3–5 минут;
- 5 слайдқа дейін;
- сызбалар мен инфографикаларды пайдалану.

Жазбаша аналитикалық тапсырма

Тақырып: «Неліктен қауіпсіздік қағидаларын сақтау тек жеке емес, қоғамдық қауіпсіздікке де әсер етеді».

Ұсынылатын көлемі – 1–2 бет.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- қоршаған орта факторларын түсінуі;
- жеке қорғаныс шараларын білуі;
- әрекет алгоритмінің дұрыстығы;
- қауіпті жағдайларды талдау қабілеті;
- алдын алу шараларының рөлін түсінуі;
- білімді практикада қолдану қабілеті;
- қорытындылардың логикалылығы;
- жазбаша жұмыстың сауаттылығы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» – білім алушы қоршаған ортаның қауіпті факторларын сенімді анықтайды, әрекет алгоритмдерін дұрыс орындайды, қорғаныс шараларын түсінетінін көрсетеді және адам қауіпсіздігіне байланысты әртүрлі жағдайларды өз бетінше талдай алады.

«Жақсы» – білім алушы жалпы алғанда тапсырмаларды дұрыс орындайды, жағдайларды талдау және қауіпсіздік шараларын анықтау кезінде жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы қауіпті факторларды анықтау және әрекет алгоритмін таңдау кезінде қиындықтарға тап болады, оқытушы көмегін қажет етеді.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы адам қауіпсіздігі мәселелері бойынша базалық білімді меңгермеген және қауіпті жағдайда дұрыс әрекет ете алмайды.

Тақырып «Әртүрлі қауіптер кезіндегі жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету». Бақылау сабағын ситуациялық модельдеу, деструктивті ықпалдарды талдау, қауіпсіз мінез-құлық алгоритмдерін практикалық пысықтау және жазбаша аналитикалық тапсырмаларды орындау арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Сабақ өткізу барысында төмендегілерді пайдалану ұсынылады:

- қауіпсіздік бойынша бейнематериалдар;
- қауіп туындаған кездегі әрекеттер жөніндегі жадынамалар;
- ситуациялық кейстер;
- қауіпсіздік бойынша интерактивті платформалар;
- ақпараттық және психологиялық қауіпсіздік материалдары.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- қауіпті жағдайларды модельдеу;
- ситуациялық талдау;
- топтық талқылау;
- кейстерді шешу;
- практикалық көрсету;
- аналитикалық жазбаша жұмыс;
- зерттеу жұмысы.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары:

Тапсырма №1 Қауіп түрлерін және деструктивті ықпалдарды анықтау.

Білім алушы төмендегілерді анықтауы тиіс:

- ақпараттық қауіптер;
- психологиялық қауіптер;
- әлеуметтік қауіптер;
- интернет желісіндегі деструктивті ықпал;
- манипуляциялық әсер белгілері.

Тапсырма №2 Қауіп туындаған кездегі қауіпсіз мінез-құлық алгоритмін құрастыру.

Білім алушы:

- қауіп көзін анықтауы;
- қауіпсіз әрекеттерді анықтауы;
- көмекке жүгіну тәсілдерін анықтауы;
- өзін-өзі қорғау шараларын анықтауы тиіс.

Тапсырма №3 Жағдайды практикалық модельдеу.

Шарт: білім алушыға әлеуметтік желідегі психологиялық қысым немесе деструктивті ықпал жағдайы ұсынылады.

Төмендегілерді анықтау қажет:

- қауіп белгілерін;
- қауіпсіз әрекет алгоритмін;
- жеке ақпаратты қорғау тәсілдерін;

- көмекке жүгіну тәртібін.

Ситуациялық тапсырма №1

Әлеуметтік желідегі белгісіз тұлға сілтеме арқылы өтуге, жабық топқа кіруге және жеке деректерді беруге ұсыныс жасайды.

Ұсынылатын жауап:

- жеке деректерді бермеу;
- күмәнді сілтемелер арқылы өтпеу;
- байланысты тоқтату;
- күмәнді аккаунтты бұғаттау;
- ересектерге немесе жауапты тұлғаларға хабарлау;
- цифрлық қауіпсіздік қағидаларын сақтау.

Ситуациялық тапсырма №2

Топ ішіндегі қарым-қатынас барысында қатысушылардың бірі айналасындағыларды агрессивті және құқыққа қайшы әрекеттерге итермелей бастайды.

Ұсынылатын жауап:

- деструктивті ықпалға берілмеу;
- құқыққа қайшы әрекеттерге қатысудан бас тарту;
- жауапты тұлғаларға хабарлау;
- қауіпсіздік пен заңнама талаптарын сақтау;
- сыни ойлауды сақтау.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Реферат (эссе) дайындау.

Ұсынылатын тақырыптар: «Заманауи әлемдегі адамның жеке қауіпсіздігі», «Деструктивті ықпал және тұлғаны қорғау тәсілдері», «Ақпараттық қауіпсіздік және цифрлық сауаттылық», «Психологиялық тұрақтылық – жеке қауіпсіздік элементі».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 4–6 бет;
- заманауи мысалдарды пайдалану;
- практикалық ұсынымдардың болуы;
- өзіндік қорытындылардың болуы.

Аналитикалық хабарлама дайындау. Ұсынылатын тақырыптар: «Ақпараттық ортадағы манипуляциялар мен деструктивті ықпал», «Интернет желісінде жеке қауіпсіздікті қалай сақтау керек», «Тұлға қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі сыни ойлаудың рөлі».

Ұсынылатын талаптар:

- сөйлеу ұзақтығы – 3–5 минут;
- 5 слайдқа дейін;
- мысалдар мен сызбаларды пайдалану.

Жазбаша аналитикалық тапсырма

Тақырып: «Неліктен цифрлық және психологиялық қауіпсіздік заманауи өмірдің маңызды бөлігіне айналууда».

Ұсынылатын көлемі – 1–2 бет.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- қауіп түрлерін түсінуі;
- қауіпті жағдайларды талдау қабілеті;
- әрекет алгоритмінің дұрыстығы;
- деструктивті ықпалды анықтау қабілеті;
- жеке қауіпсіздік қағидаларын сақтауы;
- қорытындылардың логикалылығы;
- жазбаша жұмыстың сауаттылығы;
- дербес шешім қабылдау қабілеті.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы қауіп түрлерін сенімді анықтайды, қауіпті жағдайларды сауатты талдайды, қауіпсіз мінез-құлық алгоритмдерін дұрыс орындайды және жеке әрі ақпараттық қауіпсіздік қағидаттарын түсінетінін көрсетеді.

«Жақсы» – білім алушы жалпы алғанда тапсырмаларды дұрыс орындайды, қауіптерді талдау және қорғаныс тәсілдерін таңдау кезінде жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы қауіптерді анықтау және әрекет алгоритмін таңдау кезінде қиындықтарға тап болады, оқытушы көмегін қажет етеді.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы жеке қауіпсіздік мәселелері бойынша базалық білімді меңгермеген және қауіпті жағдайда дұрыс әрекет ете алмайды.

Тақырып «Ұрыс қимылдары аймағында алғашқы көмек көрсету». Бақылау сабағын жауынгерлік жағдайды модельдеу, әртүрлі тактикалық аймақтарда алғашқы көмек көрсету алгоритмдерін практикалық пысықтау, оқу-тактикалық жаттығуларды орындау, ситуациялық талдау және шағын топ құрамында жұмыс жүргізу арқылы аралас форматта өткізу ұсынылады.

Сабақ өткізу барысында төмендегілерді пайдалану ұсынылады:

- оқу турникеттері;
- медициналық манекендер;
- жеке дәрі қобдишалары;
- зембілдер;
- тактикалық медициналық сөмкелер;
- иммобилизация құралдары;
- тактикалық жабдық элементтері;
- оқу симуляциялық алаңдары;
- байланыс құралдары;
- әрекет жылдамдығын пысықтауға арналған таймерлер.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- практикалық көрсету;
- жауынгерлік жағдайды модельдеу;
- шағын топ құрамында жұмыс;
- ситуациялық талдау;
- әрекет алгоритмдерін орындау;

- жараланған адамды практикалық эвакуациялау;
- оқу-тактикалық жаттығулар;
- аналитикалық жазбаша жұмыс.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары

Тапсырма №1 Қызыл тактикалық аймақтағы (Care Under Fire) әрекеттерді пысықтау.

Шарт: Білім алушы шартты түрде қарсыластың атысы астында орналасқан. Шартты жараланған адамның аяқ-қолына қатты қан кетумен жарақат түскен.

Білім алушы:

- өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі;
- шартты қауіп көзін анықтауы;
- жараланған адамды бүркенішке жылжытуы;
- қан кетуді шұғыл тоқтатуы;
- турникет салуы;
- қауіп астында болу уақытын барынша азайтуы тиіс.

«Қызыл аймақтан эвакуациялау» практикалық жаттығуы

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- жараланған адамды еңбектеп жылжыту;
- бүркеніштерді пайдалану;
- қауіпсіз жерге эвакуациялау;
- жағдайды бақылауды сақтау.

Ұсынылатын тәсілдер:

- жабдық арқылы сүйреп шығару;
- иықтан эвакуациялау;
- еңбектеп эвакуациялау;
- жұппен жұмыс істеу.

Ситуациялық тапсырма №1

Тапсырманы орындау барысында қатысушылардың бірі шартты атыс жағдайында сан тұсынан қатты қан кетумен жарақат алды.

Білім алушы төмендегілерді анықтауы тиіс:

- тактикалық аймақты;
- әрекеттердің басымдығын;
- қан кетуді тоқтату тәсілін;
- эвакуация тәсілін.

Ұсынылатын жауап:

- қызыл аймақ;
- бүркенішке жылжыту;
- жарақаттан жоғары жерге турникет салу;
- сары аймаққа жылдам эвакуациялау;
- қауіп астында болу уақытын азайту.

Тапсырма №2 Сары тактикалық аймақтағы (Tactical Field Care) әрекеттерді пысықтау.

Шарт: Жараланған адам салыстырмалы түрде қауіпсіз аймаққа көшірілді.

Білім алушы:

- алғашқы тексеру жүргізуі;
- тыныс алу жолдарын тексеруі;
- тыныс алуын және есін бағалауы;
- қосымша жарақаттардың бар-жоғын тексеруі;
- иммобилизация жүргізуі;
- жараланған адамды әрі қарай эвакуациялауға дайындауы тиіс.

«Жараланған адамды тексеру және тұрақтандыру» практикалық жаттығуы

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- алғашқы тексеру алгоритмін жүргізу;
- өмірге қауіп төндіретін жағдайларды анықтау;
- таңғыш салу;
- иммобилизация жүргізу;
- жараланған адамның жағдайын бақылау.

Ситуациялық тапсырма №2

Бүркенішке эвакуацияланғаннан кейін шартты жараланған адам тыныс алудың қиындауына және әлсіздікке шағымданады.

Білім алушы төмендегілерді анықтауы тиіс:

- тактикалық аймақты;
- әрі қарайғы әрекеттер алгоритмін;
- тасымалдауға дайындау қажеттілігін.

Ұсынылатын жауап:

- сары аймақ;
- тыныс алу жолдарын бақылау;
- жағдайын бағалау;
- қан кетуді бақылау;
- эвакуациялауға дайындау.

Тапсырма №3

Жасыл тактикалық аймақтағы (Tactical Evacuation Care) әрекеттерді пысықтау.

Шарт: Жараланған адам қауіпсіз аймақта орналасқан және тасымалдауға дайындалған.

Білім алушы:

- жараланған адамның жағдайын бақылауы;
- тасымалдауды ұйымдастыруы;
- тыныс алуын және есін бақылауы;
- топ ішіндегі өзара іс-қимылды қолдауы;
- жараланған адамның жағдайы туралы ақпарат беруі тиіс.

«Жараланған адамды эвакуациялау» практикалық жаттығуы

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- тасымалдау тәсілін таңдау;
- зембіл пайдалану;
- жараланған адамды алып жүруді ұйымдастыру;
- эвакуацияның қауіпсіз маршрутын анықтау.

Ұсынылатын эвакуация тәсілдері:

- бір адаммен алып жүру;
- екі адаммен алып жүру;
- зембілмен эвакуациялау;
- қолда бар құралдарды пайдалана отырып тасымалдау.

Ситуациялық тапсырма №3

Тасымалдау барысында шартты жараланған адам есінен танды.

Білім алушы төмендегілерді анықтауы тиіс:

- жағдайын бақылау тәртібін;
- тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету әрекеттерін;
- эвакуацияны жеделдету қажеттілігін.

Ұсынылатын жауап:

- тыныс алуын тексеру;
- тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету;
- жағдайын бақылау;
- тасымалдауды жеделдету;
- топпен байланысты қолдау.

Теориялық бақылау тапсырмалары. Реферат (эссе) дайындау.

Ұсынылатын тақырыптар:

«Алғашқы көмек көрсетудің үш тактикалық аймағы», «Тактикалық медицина және оның заманауи жағдайдағы маңызы», «Ұрыс алаңында алғашқы көмек көрсету алгоритмдері», «Жараланғандарды тактикалық эвакуациялау», «Тактикалық медицинадағы “алтын сағат” қағидаты».

Ұсынылатын талаптар:

- көлемі – 4–6 бет;
- сызбалар мен алгоритмдерді пайдалану;
- практикалық мысалдардың болуы;
- өзіндік қорытындылардың болуы.

Аналитикалық хабарлама дайындау. Ұсынылатын тақырыптар:

«Заманауи жауынгерлік жағдайда жауынгерлік медицина қызметкерінің рөлі», «Уақыт шектеулі жағдайдағы алғашқы көмек», «Тактикалық аймақтар және әрекет алгоритмдері».

Ұсынылатын талаптар:

- сөйлеу ұзақтығы – 3–5 минут;
- 5 слайдқа дейін;
- сызбалар мен иллюстрацияларды пайдалану.

Жазбаша аналитикалық тапсырма

Тақырып: «Неліктен тактикалық аймақты дұрыс анықтау жараланған адамның өмірін сақтауға әсер етеді».

Ұсынылатын көлемі – 1–2 бет.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- тактикалық аймақты дұрыс анықтауы;
- әрекет алгоритмінің дұрыстығы;
- алғашқы көмек көрсету сапасы;
- турникетті дұрыс салуы;

- әрекеттердің жылдамдығы мен реттілігі;
- жағдайды жылдам бағалау қабілеті;
- эвакуацияны ұйымдастыру қабілеті;
- топ ішіндегі өзара іс-қимыл;
- қауіпсіздік шараларын сақтауы;
- стресс жағдайындағы әрекет тұрақтылығы;
- жазбаша және аналитикалық тапсырмалардың сауаттылығы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы тактикалық аймақтарды дұрыс анықтайды, алғашқы көмек көрсету алгоритмдерін сенімді орындайды, эвакуацияны сауатты ұйымдастырады, әрекеттер реттілігін сақтайды және шартты жауынгерлік жағдайда тұрақты практикалық дағдыларын көрсетеді.

«Жақсы» – білім алушы жалпы алғанда практикалық тапсырмаларды дұрыс орындайды, әрекеттер реттілігін анықтау және эвакуацияны ұйымдастыру кезінде жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы тактикалық аймақтарды анықтау және алгоритмнің жекелеген элементтерін орындау кезінде қиындықтарға тап болады, оқытушының ішінара көмегін қажет етеді.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы тактикалық медицина бойынша базалық дағдыларды меңгермеген, әрекет алгоритмін және қауіпсіздік талаптарын бұзады.

Тақырып «Жеке саптық дайындық». Бақылау сабағын негізінен практикалық формада, саптық тәсілдерді орындау, командаларды пысықтау, орнында және қозғалыста орындалатын қимылдарды орындау, сондай-ақ білім алушылардың тәртіптілігі мен саптық жинақылығын көрсету арқылы өткізу ұсынылады.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- практикалық көрсету;
- саптық тәсілдерді жеке пысықтау;
- командаларды орындау;
- саптық жаттығу;
- нормативтерді бақылау арқылы орындау;
- қозғалыс элементтерін кезең-кезеңімен пысықтау.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары:

Тапсырма №1 Сарбаздың сапқа тұрар алдындағы және саптағы міндеттерін орындау.

Білім алушы:

- саптағы орнын дұрыс алуы;
- белгіленген арақашықтықты сақтауы;
- саптық тұрысты сақтауы;
- оқытушы командаларын орындауы;
- тәртіп пен реттілікті сақтауы тиіс.

Тапсырма №2 Орнында және қозғалыста әскери сәлемдесуді орындау.

Білім алушы:

- саптық тұрысты қабылдауы;
- басын бұруды орындауы;
- әскери сәлемдесуді дұрыс орындауы;
- әрекеттердің нақтылығы мен үйлесімділігін сақтауы тиіс.

Тапсырма №3 Саптан шығу және сапқа қайта тұру.

Білім алушы:

- саптан дұрыс шығуы;
- бұрылыстарды орындауы;
- саптық адымды сақтауы;
- сапқа қайта тұрғаннан кейін орнын дұрыс алуы тиіс.

Тапсырма №4 Орнында бұрылыстарды орындау.

Білім алушы төмендегілерді орындауы тиіс:

- оңға бұрылу;
- солға бұрылу;
- кері бұрылу.

Тапсырма №5 Қозғалыста саптық адыммен бұрылыстарды орындау.

Білім алушы:

- саптық адымды сақтауы;
- командаларды кідіріссіз орындауы;
- қозғалыс бағытын сақтауы;
- саптық жинақылықты сақтауы тиіс.

«Жеке әскери қызметшінің саптық дайындығы» практикалық жаттығуы

Білім алушыға төмендегілер қажет:

- саптық тұрысты орындау;
- әскери сәлемдесуді орындау;
- саптан шығуды орындау;
- орнында және қозғалыста бұрылыстарды орындау;
- саптық адыммен қозғалысты орындау.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- саптық тәсілдерді дұрыс орындауы;
- қимылдардың нақтылығы мен үйлесімділігі;
- саптық тұрысты сақтауы;
- саптық адымды сақтауы;
- тәртіптілігі;
- командаларды қателіксіз орындауы;
- саптық жинақылығы;
- қимылдарды үйлестіруі.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушы саптық тәсілдерді нақты әрі сенімді орындайды, командалар бойынша дұрыс әрекет етеді, саптық жинақылықты сақтайды және элементтерді орындаудың белгіленген тәртібін орындайды.

«Жақсы» – білім алушы жалпы алғанда саптық тәсілдерді дұрыс орындайды, жалпы нәтижеге әсер етпейтін жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушы саптық тәсілдерді қиындықпен орындайды, жекелеген элементтерді орындау кезінде қателіктер жібереді және оқытушының көмегін қажет етеді.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушы негізгі саптық тәсілдерді меңгермеген, әрекеттер реттілігін бұзады және командаларды орындамайды.

Тақырып «Бөлімше құрамындағы саптық дайындық». Бақылау сабағын бөлімше құрамында саптық тәсілдерді орындау, қайта сапқа тұру, саппен қозғалу және қарумен және қарусыз командаларды орындау арқылы практикалық формада өткізу ұсынылады.

Бақылау сабағын өткізу әдістері:

- саптық жаттығу;
- практикалық көрсету;
- топтық пысықтау;
- командаларды орындау;
- саптық жаттығулар;
- саптық дайындық элементтерін бақылау арқылы орындау.

Ұсынылатын практикалық бақылау тапсырмалары

Тапсырма №1 Қарумен саптық тәсілдерді орындау.

Білім алушы:

- қарумен саптық тұрысты дұрыс қабылдауы;
- қарумен орындалатын тәсілдерді орындауы;
- қарудың орналасу тәртібін сақтауы;
- оқытушының командаларын орындауы тиіс.

Тапсырма №2 Бөлімшені жазылған сапқа тұрғызу.

Білім алушыларға төмендегілер қажет:

- саптағы орнын алу;
- арақашықтық пен аралықтарды сақтау;
- түзулікті сақтау;
- бөлімше командирінің командаларын орындау.

Тапсырма №3 Бөлімшенің аралығын ашу және жабу.

Білім алушылар:

- командаларды бір уақытта орындауы;
- арақашықтықты сақтауы;
- сапты сақтауы;
- әрекеттердің үйлесімділігін қолдауы тиіс.

Тапсырма №4 Бөлімшені бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және керісінше қайта тұрғызу.

Білім алушылар:

- қайта сапқа тұруды дұрыс орындауы;
- аралықтарды сақтауы;
- түзулікті сақтауы;

- командаларды кідіріссіз орындауы тиіс.

Тапсырма №5 Бөлімшенің қарусыз саптық адыммен қозғалысы.

Білім алушылар:

- сапты сақтауы;
- қозғалыс қарқынын сақтауы;
- қозғалыс кезінде бұрылыстарды орындауы;
- синхрондылықты сақтауы тиіс.

«Бөлімшенің саптағы әрекеттері» практикалық жаттығуы

Бөлімшеге төмендегілер қажет:

- белгіленген сапқа тұру;
- қайта сапқа тұруды орындау;
- саптық адыммен қозғалу;
- бұрылыстарды орындау;
- бөлімше құрамында әскери сәлемдесуді орындау.

Бағалау кезінде төмендегілерді ескеру ұсынылады:

- саптық тәсілдерді дұрыс орындауы;
- бөлімше әрекеттерінің үйлесімділігі;
- аралықтар мен арақашықтықты сақтауы;
- командаларды дұрыс орындауы;
- қозғалыстың синхрондылығы;
- тәртіптілігі;
- саптық жинақылығы;
- қайта сапқа тұрудың нақтылығы.

Ұсынылатын бағалау критерийлері

«Өте жақсы» – білім алушылар бөлімше құрамында саптық тәсілдерді нақты әрі үйлесімді орындайды, командаларды дұрыс орындайды, сапты, аралықтар мен арақашықтықты сақтайды.

«Жақсы» – білім алушылар жалпы алғанда саптық элементтерді дұрыс орындайды, бөлімше сапын бұзбайтын жекелеген болмашы қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлық» – білім алушылар қайта сапқа тұру кезінде қиындықтарға тап болады және бөлімше құрамында қозғалу барысында қателіктер жібереді.

«Қанағаттанарлықсыз» – білім алушылар саптық дайындық негіздерін меңгермеген, сапты бұзады және командаларды дұрыс орындамайды.

Білім алушылардың «Бастапқы әскери даярлық» оқу пәні бойынша оқу жетістіктерін бағалау критерийлері:

мемлекеттің әскери даярлығы мен қауіпсіздігінің негіздерін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрылымын, әскери қызмет негіздерін, әскери тәртіп пен әскери әдеп талаптарын, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруды және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықтың іс-қимыл тәртібін, заманауи әскери технологиялар, ұшқышсыз жүйелер, цифрлық қауіпсіздік, тактикалық медицина негіздерін, сондай-ақ жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарының мақсатын, құрылысын және қолдану тәртібін біледі;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролін, әскери қызметтің, азаматтық жауапкершіліктің және әскери-патриоттық тәрбиенің маңызын, заманауи қауіптердің ерекшеліктері мен олардан қорғану тәсілдерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын, сондай-ақ психологиялық тұрақтылықтың, тәртіптің және командалық өзара іс-қимылдың маңызын түсінеді;

практикалық нормативтер мен әскери-қолданбалы жаттығуларды орындауды, қару-жарақпен және жабдықпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауды, саптық тәсілдерді орындауды, жергілікті жерде бағдарлануды, жеке қорғаныс құралдарын пайдалануды, алғашқы және тактикалық медициналық көмек көрсетуді, шағын топ құрамында әрекет етуді, төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет алгоритмдерін қолдануды, сондай-ақ оқу мақсатында цифрлық және навигациялық технологияларды пайдалануды меңгерген;

әртүрлі жағдайлардағы ықтимал қауіптер мен тәуекелдерді, оқу-тактикалық жағдайлардағы шағын топтардың әрекеттерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын, сондай-ақ қабылданған шешімдер мен әрекет алгоритмдерінің тиімділігін талдайды;

қауіпсіз мінез-құлық пен төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет алгоритмдерін, алғашқы және тактикалық медициналық көмек көрсету алгоритмдерін, топ құрамындағы әрекеттерді және оқу міндеттерін орындау кезінде заманауи технологияларды қолдануды жүйелейді;

өзінің дене, психологиялық және функционалдық даярлық деңгейін, қабылданған шешімдердің тиімділігін, қауіпсіздік шараларының сақталуын, жеке және топтық әрекеттер нәтижелерін, сондай-ақ әртүрлі жағдайлар мен қабылданған шешімдердің ықтимал салдарын бағалайды.

«Бастапқы әскери даярлық» оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері мен деңгейлері

Баға	Пайыздық көрсеткіш	Біледі	Түсінеді	Меңгерген	Талдайды	Жүйелейді	Бағалайды
5,0	95–100%	әскери даярлық, мемлекет қауіпсіздігі, заманауи әскери технологиялар және тактикалық медицина негіздерін терең әрі жүйелі түрде біледі	әскери қызметтің, әскери-патриоттық тәрбиенің және заманауи қауіптердің маңызын толық түсінеді	нормативтерді, әрекет алгоритмдерін және практикалық жаттығуларды сенімді әрі қателіксіз орындайды	оқу-тактикалық жағдайлар мен қауіптерді өз бетінше және сауатты талдайды	әрекет алгоритмдерін өз бетінше дұрыс құрастырады	өзінің даярлық деңгейін және әрекет нәтижелерін объективті бағалайды
4,5	85–94%	негізгі оқу материалын сенімді біледі, жекелеген дәлсіздіктер жібереді	қауіпсіздік пен әскери даярлықтың негізгі мәселелерін түсінеді	практикалық тапсырмалар мен нормативтерді болмашы қателіктермен дұрыс орындайды	оқу жағдайларын жалпы дұрыс талдайды	жекелеген дәлсіздіктермен әрекет алгоритмдерін құрастыра алады	өзінің қызмет нәтижелерін жалпы объективті бағалайды
4,0	75–84%	пән бойынша негізгі білімдерді меңгерген	бағдарламаның негізгі бөлімдерінің мазмұнын түсінеді	негізгі практикалық нормативтер мен жаттығуларды орындайды, жекелеген қателіктер жібереді	жағдайларды оқытушы көмегімен талдайды	әрекет алгоритмдерін үлгі бойынша құрастырады	оқытушы қолдауымен өз әрекетінің нәтижелерін бағалай алады
3,5	65–74%	теориялық білімдерді ішінара меңгерген	оқу материалының жекелеген ережелерін түсінеді	практикалық тапсырмаларды қиындықпен және нұсқаулар арқылы орындайды	жағдайларды талдау кезінде қиындықтарға тап болады	әрекет алгоритмдерін ішінара құрастырады	өз әрекеттерін әрдайым объективті бағалай алмайды
3,0	50–64%	жекелеген базалық білімдерді меңгерген	материалды үзік түрде түсінеді	нормативтердің жекелеген элементтерін оқытушының тұрақты көмегімен орындайды	оқу жағдайларын өз бетінше талдай алмайды	әрекет алгоритмдерін құрастыруда қиындықтарға тап болады	өзінің даярлық деңгейін объективті бағалай алмайды
2,0	0–49%	пән бойынша базалық білімдерді меңгермеген	оқу бағдарламасының негізгі ережелерін түсінбейді	практикалық нормативтер мен жаттығуларды орындай алмайды	оқу жағдайларын талдай алмайды	әрекет алгоритмдерін құрастыра алмайды	өз әрекеттерінің нәтижелерін бағалай алмайды және қауіпсіздік шараларын сақтамайды

Нормативтер жинақтарынан үзінділер

Оқу гранатасын қашықтыққа лақтыру (БӘД)

Лақтыру оқу гранатасымен (РГД-5) орнынан немесе жүгіріп келіп орындалады.

Баға	Ұлдар (10–11 сынып)	Қыздар (10–11 сынып)
Өте жақсы	35 м және одан жоғары	18–20 м
Жақсы	30 м	15 м
Қанағаттанарлық	25 м	12 м

- 3 мүмкіндік беріледі;
- ең жақсы нәтиже есепке алынады;
- граната бастан асыра лақтырылады;
- оқытушының командасы бойынша орындалады.

Гранатаны дәлдікке лақтыру (БӘД)

Шарттары (мектептерге арналған типтік):

- нысанаға дейінгі қашықтық – 20–25 м;
- нысана – диаметрі 1–2 м шеңбер / окоп;
- 3 лақтыру.

Баға	Нәтиже
Өте жақсы	2–3 дәл тию
Жақсы	1 дәл тию
Қанағаттанарлық	нысана маңындағы аймаққа түсу

**АК-74-ті толық емес бөлшектеу
Норматив (ұлдар, БӘД)**

Баға	Уақыт
Өте жақсы	15 сек дейін
Жақсы	18 сек дейін
Қанағаттанарлық	20 сек дейін

**АК-74-ті толық емес бөлшектеуден
кейін жинау**

Баға	Уақыт
Өте жақсы	25 сек дейін
Жақсы	30 сек дейін
Қанағаттанарлық	35 сек дейін

Бауырымен жорғалап жылжу

БӘД пәнінде бауырымен жорғалап жылжу нормативі тактикалық және дене дайындығы сабақтарында, сондай-ақ әскери-спорттық жарыстарда қолданылады. Орнатылған қашықтыққа бауырымен төмен жылжу орындалады.

Орындау шарттары:

- бастапқы қалып – жатып;
- дене жерге барынша жақын ұсталады;
- қозғалыс шынтак пен аяқ ұштарының көмегімен орындалады;
- қару (бар болса) алда немесе ремёнде ұсталады;
- қашықтық әдетте 15 м немесе 20 м.

**Бауырымен жорғалап жылжу
нормативі (БӘД, 15 м)**

Баға	Уақыт
Өте жақсы	12 сек дейін
Жақсы	15 сек дейін
Қанағаттанарлық	18 сек дейін

Норматив (20 м нұсқасы)

Баға	Уақыт
Өте жақсы	18 сек дейін
Жақсы	22 сек дейін
Қанағаттанарлық	26 сек дейін

Жараланған адамды бір тәсілмен тасымалдау (иықта / арқада)

Шарттары:

- қашықтық әдетте 20–30 м;
- бір қатысушы тасымалдайды;
- жараланған адам қозғалысқа көмектеспейді;
- бастау команда бойынша беріледі.

Норматив (20 м)

Баға	Уақыт
Өте жақсы	10 сек дейін
Жақсы	13 сек дейін
Қанағаттанарлық	16 сек дейін

Жараланған адамды екі адаммен тасымалдау

Шарттары:

- қашықтық – 20–30 м;
- екі адам бір адамды тасымалдайды;
- «қолмен құлып» тәсіліне немесе иықтан ұстап тасымалдауға рұқсат етіледі.

Норматив (30 м)

Баға	Уақыт
Өте жақсы	12 сек дейін
Жақсы	15 сек дейін
Қанағаттанарлық	18 сек дейін

Жараланған адамды жермен сүйреп жылжыту

Толық боймен көтерілу мүмкін болмаған жағдайда қолданылады.

Қашықтық: 10–15 м

Баға	Уақыт
Өте жақсы	10 сек дейін
Жақсы	13 сек дейін
Қанағаттанарлық	16 сек дейін

Дене дайындығы нормативтері

Жаттығулар	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
Кермеде тартылу	14	10	6
100 метрге жүгіру	14,7 сек	15,2 сек	16,2 сек
3000 метрге жүгіру	12 мин 50 сек	13 мин 30 сек	14 мин 10 сек

ҚОРЫТЫНДЫ

«Бастапқы әскери даярлық» оқу пәні мазмұнын жаңарту ұлттық құндылықтарды, практикалық-бағдарланған оқытуды, заманауи технологияларды және жастардың тұлғалық қасиеттерін дамытуды ұштастыруға негізделген білім алушыларды даярлаудың заманауи моделін қалыптастыруға бағытталған. Халықаралық жағдайдың жылдам өзгеруі, цифрлық технологиялардың дамуы және қауіпсіздікке төнетін жаңа қатерлердің пайда болуы жағдайында әртүрлі өмірлік ахуалдарда сауатты, жауапты және сенімді әрекет ете алатын білім алушыларды даярлау ерекше маңызға ие болады.

Жаңартылған оқу бағдарламасы мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігі саласындағы базалық білімдерді меңгертуге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың психологиялық тұрақтылығын, тәртіптілігін, сыни ойлауын, көшбасшылық қасиеттерін, командалық өзара іс-қимылын және белгісіздік пен жоғары жүктеме жағдайында әрекет етуге дайындықтарын дамытуға бағдарланған.

Бағдарлама мазмұны 10–11-сынып білім алушыларының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып құрылған және жастардың қауіпсіздік, әскери қызмет, азаматтық жауапкершілік және Қазақстан Республикасын қорғау мәселелеріне саналы көзқарасын кезең-кезеңімен қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Күнделікті өмірде, төтенше жағдайларда, заманауи қауіптер мен тәуекелдер жағдайында қажетті практикалық дағдылар мен әрекет алгоритмдерін дамытуға ерекше назар аударылған.

Әдістемелік ұсынымдарда жаңартылған оқу бағдарламасының құрылым ерекшеліктері, бөлімдер мен тақырыптардың мазмұны, білім беру процесін ұйымдастырудың формалары мен әдістері, практикалық, далалық (лагерьлік) оқу-жаттығу сабақтарын (бұдан әрі – ДОС) және бақылау-тексеру сабақтарын өткізу бойынша ұсынымдар ашып көрсетілген.

Пәннің практикалық-бағдарланған бағыты ситуациялық тапсырмаларды, оқу-тактикалық жаттығуларды, әртүрлі жағдайларды модельдеуді, үшөлшемді симуляторларды, цифрлық платформаларды, практикалық нормативтерді орындауды кеңінен қолдануды, сондай-ақ өзіне-өзі және өзара көмек көрсету, қауіпсіз мінез-құлық және шағын топ құрамында әрекет ету дағдыларын дамытуды көздейді.

Әдістемелік ұсынымдар БӘД педагогін білім алушыларды білім беру процесіне белсенді тартуды, олардың дербестігін, жауапкершілігін және шешім қабылдау қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін заманауи педагогикалық тәсілдерді қолдануға бағдарлайды. Сонымен қатар сабақ өткізу формалары, әдістері мен тәсілдері ұсынымдық сипатқа ие және оларды БӘД педагогі өңір ерекшеліктерін, білім алушылардың даярлық деңгейін, оқу-материалдық базаның жағдайын және оқытуды ұйымдастырудың қолда бар мүмкіндіктерін ескере отырып бейімдей алады.

«Бастапқы әскери даярлық» оқу пәнінің жаңартылған мазмұнын іске асыру білім алушыларда базалық әскери-қолданбалы құзыреттерді, қауіпсіз мінез-

құлық дағдыларын, психологиялық және физикалық тұрақтылықты, технологиялық сауаттылықты және заманауи жағдайларда әрекет етуге дайындықты қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ тәртіпті, әлеуметтік жауапты, интеллектуалды дамыған және патриоттық бағыттағы Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеуге ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.
3. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы №29-III Заңы.
4. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV Заңы.
5. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы №527-IV Заңы.
6. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V Заңы.
7. «Әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 16 шілдедегі №211-VIII ҚРЗ Заңы.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 24 қазандағы №1021 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы.
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы №597 қаулысымен бекітілген Азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу қағидалары.
10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы №1039 қаулысымен бекітілген 2030 жылға дейінгі жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу тұжырымдамасы.
11. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістері мен толықтыруларымен).
12. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 13 қарашадағы №1595 «Білім беру ұйымдарындағы әскери даярлық сапасына мониторинг және талдау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
13. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы.
14. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы.
15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығы.
16. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы №1 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру

ұйымдары үшін жалпы білім беру циклдері немесе модульдерінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы.

17. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістері мен толықтыруларымен).

18. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістері мен толықтыруларымен).

19. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістері мен толықтыруларымен).

20. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістері мен толықтыруларымен).

21. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы №349 «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

22. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары білім алушыларының білімін бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығы.

23. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған «Бастапқы әскери даярлық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2026.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ		3 бет
1.	1 БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ШЕҢБЕРІНДЕ «БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЯРЛЫҚ» ПӘНІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	4 бет
2.	2-БӨЛІМ. «БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЯРЛЫҚ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ НЫСАНДАРЫ, ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ	27 бет
3.	3 БӨЛІМ. ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ «БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЯРЛЫҚ» КАБИНЕТІ РЕСУРСТАРЫН ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ ПАЙДАЛАНУ	36 бет
4.	4-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ШЕҢБЕРІНДЕ «БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЯРЛЫҚ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	42 бет
ҚОРЫТЫНДЫ		111 бет
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ		113 бет